

Н. Нұғыманова, Қ. Күліпбаева, Р. Бекіш

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

---

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өңделіп, толықтырылған үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2013

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3  
Н85

**Нұғыманова Н., т.б.**  
Н85 **Дүниежүзі тарихы: Өдістемелік нұсқау.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Н. Нұғыманова, Қ. Күліпбаева, Р. Бекіш. — Өнд., толықт. 3-бас. — Алматы: Мектеп, 2013. — 144 б.

ISBN 978—601—293—898—2

Н  $\frac{4306010600-097}{404(05)-13}$  24(2)—13

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3

© Нұғыманова Н., Күліпбаева Қ.,  
Бекіш Р., 2005

© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2013

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік құқық-  
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—898—2

## АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасыр — тарихи маңызды оқиғаларға толы, адамзат екі дүниежүзілік соғыс қырғынын бастан кешірген, социалистік жүйенің өркендеуі мен күйреуіне куә болған күрделі ғасыр. Осы кезеңдегі тарихты оқушыларға жүйелі түрде таныстырып, 9-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы бойынша берілуге тиісті білімді жете меңгерту — мұғалімнің басты міндеті.

Сол міндетті орындау барысында мұғалім ұсынылып отырған әдістемелік құралды басшылыққа алуына болады.

Біріншіден, әдістемелік құрал оқулықпен тығыз байланысты, яғни оқулықтағы әрбір тақырыпты түсіндіруге жеке-жеке нұсқаулар берілген.

Екіншіден, әрбір сабақты өткізудің жоба-жоспары көрсетіліп, оқушылармен жұмыс жүргізу барысында пайдалануға болатын әдіс-тәсіл түрлері (өңгіме, сұрақ-жауап, өздік жұмыс, т.б.) белгіленіп, сабақтың түрі (аралас сабақ, дәріс, дәстүрлі сабақ, саяхат сабақ, т.б.) анықталады.

Үшіншіден, материалды түсіндірудің тиімді болуы, сабақтың тартымды өтуі үшін қажетті көрнекі құралдар, техникалық оқу құралдары ұсынылады.

Төртіншіден, оқушылардың жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекітіп, материалды тиянақтаудың жолдары, яғни әрбір сабақтағы есте қалуға тиісті ең маңызды ұғымдар мен оқиғалар ерекшеленіп, оны тексерудің әдіс-тәсілдері (топқа бөліп тексеру, тест сұрақтары, т.б.) көрсетілген.

Әдістемелік нұсқауларды мұғалім керек жерінде өзінің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылық ізденіс нәтижелерін пайдалана отырып, қажетіне қарай пайдаланғаны жөн. Мұғалім сабаққа қойылар әдістемелік, дидактикалық талаптарды терең біліп, өзінің ісіне зор ықыласпен қараған жағдайда ғана сабақ қызықты да мазмұнды өтері анық.

## І бөлім. ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ (1914—1939 жж.)

### § 1. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептерін ашу, соғысушы мемлекеттердің мақсаттарын айқындау және оның екі жақтан да әділетсіз болғанын, халықтың бұрынғыдан да бетер күйзелуі олардың революциялық күресін күшейткенін ашып көрсету. Соғыстың тұтануына басқыншылық саясат жүргізген барлық елдердің империалистері кінәлі екеніне назар аудару.

**Дамытушылық.** Оқушылардың өздік жұмыс дағдысын және біліктілігін дамыту. Тақырыпқа қорытынды жасап, пікірін айтуға дағдыландыру. Картаны және карта-сұлбаны (схеманы) оқи білу, құжаттармен жұмыс жасау, сонымен қатар кинофильмдерге, картаға, т.б. көрнекі құралдарға талдау жасай білу қабілеттерін жетілдіру.

**Тәрбиелік.** Оқушыларды сол елдер арасында туған қайшылықтарды қарастыруға, бейбітшілікті сақтау — өлем халықтарының басты міндеті екенін ұғынуға баулу, бейбіткерлікке тәрбиелеу.

#### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “1914—1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс”, “1876—1914 жылдардағы дүниежүзілік саяси аумақтық бөлініс” “Шлиффен жоспары”, карта-сұлба. *Суреттер:* “1914 жылғы қыркүйек. Марнадағы шайқас”, “Верден қырғыны”, “Фортты қорғаушылардың қарсы шабуылы”.

**Сабақтың әдісі:** әңгіме, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, кесте, тірек-сызба арқылы белсенділікті арттыру.

#### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Соғыстың шығу себептері мен мақсаты.
2. Соғыстың басталуы. 1914—1916 жылдардағы соғыс қимылдары.
3. Соғысушы елдерде әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың пісіп-жетілуі.
4. Германияның және оның одақтастарының жеңілуі. Соғыстың аяқталуы.
5. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары.

## ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Империалистік қайшылықтар, әділетсіз соғыс, әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстар, ұлт-азаттық қозғалыс, социалистік революция.

Мұғалім өзінің кіріспе сөзінде бұл соғыс әлемнің көптеген елдерін қамтығандықтан Бірінші дүниежүзілік соғыс деп аталатындығын түсіндіреді. Атап айтқанда, Үштік одақ елдерінің қатарында 4 мемлекет болса, Антанта одағын 34 мемлекет қолдады.

Одан әрі мұғалім 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісінің соғыс барысына үлкен өзгеріс енгізіп, Ресейдің революциялық жолмен соғыстан шығып кеткенін оқушылардың естеріне салады.

1. Жаңа материалды түсіндірудің алдында мұғалім XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы халықаралық жағдайдың шиеленісуін, әртүрлі соғыстардың сипатын естеріне түсіреді және оқушылардың ойын дамытатын байланыстыру сұрақтарын қойып, алдағы мәселені меңгеруге, шешуге ойтүрткі жасау керек.

Оқушылардың назарына мынадай сұрақтар беруге болады:


1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында болған соғыстар туралы не білесіңдер?
2. XX ғасырдың басында капитализмнің негізгі қайшылықтарының тереңдеуіне не себеп болды?
3. Қандай халықаралық саяси дағдарыс 1914 жылғы соғыстың тұтануына әкеліп соқты?
4. Үштік одақтың құрылу себебі, уақыты, құрамы мен мақсаты. Онда Германия қандай рөл атқарды?
5. Антантаны құруға жеткізген келісім. Антанта деген сөз нені білдіреді?

Осы сұрақтар мен жауаптар оқушылардың логикалық қабілетіне түрткі бола отырып, олардың алдында “күту сәтін” тудырады.

Капиталистік мемлекеттер арасындағы қайшылықтармен олардың шиеленісуі тірек-сызба және карта пайдаланылып, мұғалімнің әңгімесі арқылы түсіндіріледі.

Түсіндіру барысында Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері айқындалады (тірек-сызбаны тақтаға сызуға болады).

## Капиталистік мемлекеттердің арасындағы қайшылықтар



Оқушылар сабақтың бұл кезеңіне қорытынды жасай отырып, соғыстың шығу себептерін біледі. Соғысушы елдердің мақсаттарын мәтінді оқып, дәптерге кесте (1-кесте) түрінде орындайды.

1-кесте

Елдер	Мақсаты
Германия	Англия, Франция есебінен жаңа отар басып алу. Франция мен Ресейді әлсірету, Еуропада өз үстемдігін орнату, т.б.
Австрия	Балқан түбегіне және Адриат теңізіне өз үстемдігін орнату
Венгрия	Сербияны басып алу
Англия	Германияны әлсірету. Отарының бір бөлігін басып алу, т.б.
Франция	Германияны әлсірету. Эльзас пен Шығыс Лотарингияны қайтарып, Германиядан Саарды және Рейн облысының бір бөлігін жаулап алу
Ресей	Балқанда, Босфор мен Дарданелл бұғаздарында өз үстемдігін орнату, Германияны экономикалық жағынан әлсірету. Балқанда Австро-Венгрияның үстемдік орнату қаупін жою

Соғыстың екі жақтан да әділетсіз, ал Сербия тарапынан өзінің тәуелсіздігін қорғау жолындағы ұлт-азаттық күрес болғанын, әрине, оқушылар біледі. Әйтсе де соғысушы мемлекеттердің соғысқа өзiрлiгi жөнiнде қосымша айта кеткен жөн. Германия соғысқа Англия, Франция, әсіресе Ресейге қарағанда ерте және жақсы дайындалды.

1914 жылы Германия өз армиясының санын арттырды. 1914 жылдың орта кезінде Киль каналын тереңдетуді аяқтауы ірі әскери кемелерді Балтық теңізіне және Солтүстік теңізге жеткізуге мүмкіндік тудырды. Қуаты жағынан дүниежүзіндегі ең мықты артиллериясы болды. Германияның нұсқауымен Австро-Венгрия да армия санын арттыруға көңіл бөлді. Түрік армиясы, жалпы алғанда, герман бақылауында болды.

Антанта елдері құрғақтағы армиясының әскери қару-жарағы жөнінен Германиядан артта болатын. Өйткені олардың өнеркәсібі әскери өнім шығаруға даяр емес еді. Францияның Бельгиямен шекарасы бекітілмеген әлсіз, тек әскери-теңіз флоты ғана жақсы болды.

2. Мұғалім соғыстың басталуын құжаттарды және карта-сұлбаларды пайдалана отырып баяндайды. Франц Фердинандтың өлтірілуі империалистік күштерге соғыс өртің тұтандыру үшін сылтау ғана болды. Германияның итермелеуімен Австро-Венгрия ешбір негізсіз Сербияны айыптады да, үзілді-кесілді талап қойып, соғыс жариялады.

Оқушылар одақтастардың соғыс жариялауы туралы мәліметтерді оқулықтан өздері анықтайды. Оны төменде көрсетілген 2-кесте түрінде дәптерге жазуға болады.

1-кесте

Соғыс жариялаушы елдер		Соғыс жарияланған елдер
Австро-Венгрия		Сербия
Германия		Ресей
		Франция
Англия		Германия
Жапония		Германия
Түркия		Ресей
Италия		Австро-Венгрия
Болгария		Антанта елдері
АҚШ		Германия

Мұғалім соғысушы мемлекеттердің соғыс жоспарын түсіндірген кезде Германияның “Шлиффен жоспары” карта-

сұлбасын пайдалана отырып, Антанта өз тыңшылары арқылы соғысқа дейін-ақ бұл жоспардың бар екендігі туралы білгендігін айтуына болады. “Шлиффен жоспарында” Бельгияға, одан кейін Францияға шекараның қорғанысы нашар бөлігінен бұзып кіру көзделсе де, не Франция, не Бельгия шекараның бұл бөлігінде ешқандай шара қолданбады. Францияның да стратегиялық соғыс жоспары болды. Ол — негізгі күшті шығыс шекараға шоғырландырып, Эльзас және Лотарингия арқылы Германияға шабуыл жасау болатын.

1914 жылғы соғыс қимылдары 1914 жылғы Батыс майдандағы соғыс қимылдары сұлба жасау арқылы түсіндіріледі. Неміс әскерлері 4 тамызда Бельгияға еніп, Франция жеріне баса-көктеп кіріп, 21 тамызда Парижге қауіп төндірді, сөйтіп қалаға 17 шақырымға дейін жақындады. Францияның президенті мен үкіметі 2 қыркүйекте Парижді тастап, Бордоға көшіп кетті.

Францияға көмек көрсету мақсатымен орыстың екі армиясы Шығыс Пруссияға кірді. Германия Батыс майданынан екі корпусты Шығыс майданға жіберуге мәжбүр болды. Шығыс майдандағы ұрыс қимылдарын түсіндіру кезінде “1914—1917 жылдардағы Шығыс майдандағы соғыс қимылдары” деген сұлба жасап, тақырыпты дамыта түседі.

Параграфты түсіндіру барысында сурет, сызбаларды орындауды ұсына отырып, немістердің “қауырт соғыс” жоспарының күйреп, екі майданда соғысуға мәжбүр болғанын, 1914 жылдың соңында Солтүстік теңізде Германияның Швейцария шекарасына дейін созылған Батыс майданның қалыптасқанын және маневрлік соғыстың позициялық соғысқа айналғанын айтып өту керек.

1915 жылғы соғыс қимылдары Шығыс майданда жүргізілді. 1915 жылы 2 мамырда басталған неміс шабуылы 5 айға созылды. Орыс әскерлерінің шегінуінің негізгі себебі — Ресейдің экономикалық-техникалық жарақтануы жағынан артта қалуы және әскерді қару-жарақпен, оқ-дәрімен жабдықтай алмауынан екенін оқушылардың есіне салған орынды (3-кесте).

Армия	Жеке құрамалар	Пулеметтер	Ауыр минометтер	Қарулар	
				жеңіл	ауыр
Орыс армиясы	60	100	—	141	4
Австрия-Германия армиясы	126	260	96	456	156

Иллюстрацияларды пайдалана отырып, мұғалім соғыс тарихында бірінші болып Германия Бельгияның Ипр қаласында 22 сәуірде ағылшындарға қарсы хлор буының газымен шабуыл жасағаны туралы қысқаша әңгімелейді.

Газ шабуылы 5 минутқа созылды, 15 мың солдат пен офицер уланып, олардың 5 мыңы өлді (осыдан кейін газтұмылдырық қолданылды). Немістердің сүңгуір қайықтарының жүздеген жолаушылар кемесін суға батыруы одан асып түскен қатыгездік болды. Мұхит лайнері “Лузитанияның” апатқа ұшырауы дүниежүзі өркениетін дүр сілкіндірді. Кемедегі 1 мың 201 адам қаза тапты.

1916 жылғы соғыс қимылдары жөніндегі әңгіме “1915—1916 жылдардағы Батыс майдандағы соғыс қимылдары” жөнінде өрбиді. Соммадағы шайқаста ағылшындар мен француздардың тарихта бірінші болып танкіні пайдаланғанын айту оқушылардың қызығушылығын тудырады.

Танкілердің әртүрлі жобалары бір мезгілде бірнеше мемлекеттерде, оның ішінде, Ресейде де пайда болды. Алғашында ағылшын-француз инженер-техниктерінің күш салуымен Англияда 49 танк жасалды. Ұрыста алдыңғы шепке тек қана 32 танк өтіп, қалғандары қатардан шықты. Соғыстың соңында Англия мен Францияда 7 мың танк болды. Германия оны жасауға 1917 жылы ғана кірісті. Соғыстың соңында бар болғаны 70 машина болды.

1916 жылғы шайқастарда Антанта елдері басымдылық көрсетіп, Төрттік одақтың біртіндеп әлсірегендігі байқалғаны туралы айтып, қорытынды жасалады.

3. Соғыстың ұзаққа созылуы соғысушы елдердің бейбітшілік кезінде жиналған қару-жарақ және азық қорларының тез сарқыла бастағанын көрсетті. 1915 жылдың басында барлық державалар армияларын жабдықтауда қиыншылықтарға ұрынды. Экономиканы жаңартып, әскери өндірістік салаларды дамыту қажеттілігі айқындалды. Соғысушы елдердің үкіметі жүргізген шаралар халықтың

жағдайын нашарлатты. Еңбек міндеткерлігі, карточкалық жүйе, салықтар, жұмыс күнінің ұзаруы, қатаң жазалар, т. б. туралы оқушылар оқулықтан оқып біледі. Соғысқа қарсы бас көтерулер 1916 жылы жиілей түсіп, ол революциялық қозғалысқа ұласты.

4. Мұғалім оқулық бағдарламасы аясында әңгімелей отырып, Антанта жаппай шабуыл жасап, 1918 жылы 29 қыркүйекте Болгария, 30 қазанда Түркия, 3 қарашада Австро-Венгрия уақытша бітімге қол қойып, өздерінің жеңілгендіктерін мойындағаны туралы және 1918 жылғы 11 қарашада Компьен орманында Германия мен Антанта мемлекеттері арасында уақытша бітімге қол қойылғандығы жөнінде де айтып берсе артық болмайды. 11 қараша күні сағат 11.00-де соғыс қимылдары тоқтатылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс осымен аяқталды.

Мұғалімнің соғыстың қорытындыларын мынадай мәліметтермен толықтыра түскені абзал. Оқушылар дәптерге жазады.

**Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914—1918)**

Ұзақтығы — 1554 күн немесе 4 жыл 3 ай 10 күн.

Қатысушы елдер саны — 38.

Одақтардың құрамы: Англия, Франция, Ресей, АҚШ және тағы 30 ел; Германия, Австро-Венгрия, Түркия, Болгария.

Бейтарап елдер саны — 14 ел.

Соғысқа қатысушы елдер тұрғындарының саны — 1050 млн адам (Жер шары тұрғындарының 62%).

Жаулап алынғандар саны — 74 млн адам.

Өлгендер саны — 10 млн адам.

Жараланғандар саны — 20 млн адам.

**ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ**

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың болған уақыты:
  - а) 1912—1916 жж.;
  - ә) 1914—1918 жж.;
  - б) 1918—1920 жж.
2. Бірінші дүниежүзілік соғысты алғаш бастаған мемлекет:
  - а) Австро-Венгрия;
  - ә) Германия;
  - б) Болгария.
3. 1916 жылы ақпан айындағы Германия мен Францияның арасындағы шайқас:
  - а) Сомма шайқасы;
  - ә) Ипр қырғыны;
  - б) Верден қырғыны.

4. 1916 жылғы Сомма шайқасында ағылшындар мен француздардың тарихта тұңғыш рет қолданған әскери техникасы:

- а) танк;
- ә) ұшақ;
- б) пулемет.

5. Газтұмылдырықты қолдану солдаттар үшін қай кезде міндетті болды?

- а) 1914 ж.;
- ә) 1915 ж.;
- б) 1916 ж.

6. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде сүнгүйр қайықтар қолданылды ма?

- а) Иә;
- ә) жоқ.

7. Соғыс кезінде өуе күштерін қолданды ма?

- а) Иә;
- ә) жоқ.

**Үйге тапсырма.** Мұғалім үй тапсырмасы ретінде 4-, 5-кестелерді оқушыларға ұсынады.

4-кесте

**Елдердің Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіру уақыты**

Антанта және оның одақтастары	Германия және оның одақтастары
1914 ж. — Сербия, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Бельгия, Черногория, Жапония, Египет	1914 ж. — Австро-Венгрия, Германия, Түркия
1915 ж. — Италия	1915 ж. — Болгария
1916 ж. — Португалия, Румыния 1917 ж. — АҚШ, Куба, Грекия, Сиам, Либерия, Қытай, Бразилия	
1918 ж. — Гватемала, Никарагуа, Коста-Рика, Гаити, Гондурас	

5-кесте

Жылдар	Майдандағы негізгі оқиғалар	Нәтижесі және сипаты
1914 ж.		
1915 ж.		
1916 ж.		
1917 ж.		
1918 ж.		

## § 2. ВЕРСАЛЬ — ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Париж бітім конференциясында жеңген мемлекеттердің қандай мақсат көздегенін өңгімелеп, Ұлттар Лигасының не үшін құрылғанын және мандат жүйесін құрудың мәнін ашып көрсету.

Версаль—Вашингтон жүйесі құрастырған келісімшарттарға қол қойылғаннан кейін дүниежүзілік саяси картада қандай өзгерістер болғанын түсіндіру.

**Дамытушылық.** Тарихи фактілер мен ұғымдарды анықтап, талдай білуге, қорытынды жасап өз пікірін айтуға баулу.

**Тәрбиелік.** Соғыс — мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің құралы емес екендігіне назар аударып, оқушыларды бейбіткерлікке тәрбиелеу.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Париж бітім конференциясы.
2. Ұлттар Лигасын құру. Мандаттық жүйе.
3. 1921—1922 жж. Вашингтон конференциясы.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Париж бітім конференциясы, Ұлттар Лигасы, Ұлттар Лигасының Ассамблеясы, мандаттық жүйе, репарациялық төлем, Версаль шарты, Вашингтон конференциясы.

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ-жауап, логикалық тапсырмалар, өңгімелесу.

### **Көрнекі құралдар**

“1918—1923 жж. Еуропаның” атлас картасы, “1919—1946 жылдардағы Ұлттар Лигасы” сұлбасы, хрестоматия (9-сынып) материалдары.

1. Сабақ тақырыпқа түсінік беруден басталады. Мұғалім оқушылардың ойын дамыту үшін үй тапсырмасымен байланыстыратын сұрақтар қойып талдау жасайды. Оқушының ойына осы ақпаратты жеткізу арқылы оның дамытушылық қабілетін қалыптастырады.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңген және жеңілген мемлекеттерді атаңдар. Кеңестік Ресей осылардың қайсысына жатады? Себебі неде?
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Англия және Францияның көздеген мақсатын естеріңе түсіріңдер. Қалай ойлайсыңдар мақсаттары орындалды ма?

Мұғалім оқушылардың жауабын толықтырып, Париж бітім конференциясындағы жеңген мемлекеттердің мақсатын сұрақ-жауап әдісі арқылы түсіндіреді. Оқушыларға тапсырмалар беріледі.

2. Ұлттар Лигасы туралы мәселені “1919—1946 жж. Ұлттар Лигасы” сұлбасын және хрестоматия (9-сынып) материалдарын пайдалану арқылы түсіндіруге болады.

### Оқушыларға қойылатын сұрақтар

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық шиеленісті реттейтін қандай жаңа құрал пайда болды? Ол қаншалықты іскер және тиімді?
2. Ұлттар Лигасы қандай мақсатпен құрылды? Қандай жағдайға оның іс-әрекеті тиімді болды?
3. Ұлттар Лигасы құрамына кімдер кірді?
4. Не себепті Ұлттар Лигасы Екінші дүниежүзілік соғысты тоқтата алмады немесе оның басталуына жол беріп қойды?

Мандаттық жүйе құрудың мәні туралы түсіндіргенде “1918—1923 жж. Еуропа” атлас картасымен төменде берілген сұрақтар бойынша жұмыс жасатуға болады.

1. Версаль шарты бойынша Германия қандай аумақтарынан айырылды? Олардың ел үшін қандай маңызы (экономикалық және саяси) болды?
2. Ұлттар Лигасы атынан Англия мен Франция қандай елдерге қамқоршы ретінде мандат алды?
3. Жапония қандай жерлерге мандат алды?
4. Картадан Германия иеленіп алған қандай жерлер қай елдердің өзіне қайтарылғанын көрсетіндер.
5. Германия үшін Версаль шартының ауыртпалықтарын айтындар.
6. Аумақтық өзгерістерге қандай елдер наразы болды?

Келісімдердің атауы	Қатысушы мемлекеттер	Нәтижесі
1.		
2.		
3.		

3. Мұғалім 1921—1922 жылдардағы Вашингтон конференциясына қысқаша түсінік береді. Оқушыларға оқулық мәтінінен конференциядағы үш негізгі келісімшартты дәптерлеріне кесте түрінде орындауды ұсынады.

Мұғалім тақырыпты қорытындылап оқушылардың түсініктерін білу үшін бекіту сұрақтарын қояды.

1. Ұлттар Лигасының Ассамблеясы қандай мәселені талқылау үшін қай кезде шақырылатын болды?
2. Репарациялық төлем туралы түсіндіріңдер.
3. Версаль жүйесі бойынша қай мемлекет Еуропада басым жағдайға, ал Англия қай жерлерге үстемдігін қамтамасыз етті?
4. АҚШ сенаты Версаль келісімшартын бекітуден неліктен бас тартты?
5. Версаль—Вашингтон жүйесі неліктен ыдырай бастады?

**Үйге тапсырма.** §2. Хабарлама әзірлеу:

1. Версаль шартының Германия туралы шешімі.
2. Ұлттар Лигасы мен БҰҰ-ның негізгі міндеттері.

### § 3. ҰЛЫБРИТАНИЯ

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы Ұлыбританияның жағдайына сипаттама беру. Ұлыбритания үшін Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін атап көрсетіп, оқушылардың назарын Англияның саяси жүйесіне, ондағы партиялық жүйенің өзгерістеріне аударып, лейбористер ықпалының күшеюіне нақты фактілер келтіре отырып түсіндіру. Ұлыбритания басқарушы топтарының отарлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты саясатын түсіндіріп, Ирландияның тәуелсіздікке жетуін, оның бүгінгі күнгі мәнін ашып көрсету.

Дүниежүзілік тоқырау жылдарындағы Англияның экономикалық жағдайына басқа елдермен (АҚШ және Германия) салыстыра отырып сипаттама беру. Англия үкіметінің қабылдаған заңдары туралы әңгімелеу және олардың мазмұнын ашу.

**Дамытушылық.** Ұлыбританияда фашизмнің әлеуметтік негізінің әлсіз болғандығының себептерін анықтау. Оқушыларды тарихи фактілерге талдау жасай білуге баулу.

**Тәрбиелік.** Ирландия халқының тәуелсіздігі мен бостандығын жеңіп алуын әңгімелей отырып, оқушыларды бейбіткерлік рухта тәрбиелеу.

#### **Көрнекі құралдар**

**Карталар** —“XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы Ұлыбритания”, “1876 жылдан 1914 жылға дейінгі дүниежүзін аумақтық-саяси бөлу”.

Мұғалім оқушыларды қатыстыра отырып, тақырыптың мазмұнына сай келетін сұлба, кесте, диаграмма және суреттерді жинастырып, қолдан сызып пайдалануына болады.

*Сабақтың әдісі:* әңгіме, сұрақ-жауап, өздік жұмыс, топтық жұмыс.

#### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қорытындысының Ұлыбританияға әсері.
2. Ағылшын үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.
3. Соғыстан кейінгі Англияның экономикалық жағдайы.

#### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Отарлық империя, репарация, дүниежүзілік қаржы орталығы, парламенттік конституция, коалициялық үкімет, екіпартиялық жүйе, тредюниондар, радикалдандыру, дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, “Қоғамдық тәртіп туралы” заң.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1921 жылы желтоқсанда** Англия Ирландияның тәуелсіздігін мойындады.

**1922 жылы** Англия Египеттің тәуелсіздігін мойындады.

**1924 жылы 23 қаңтарда** лейбористер алғаш рет үкімет құрды.

**1927 жылы** кәсіподаққа қарсы заң шығарылды.

Сабақты Англияның дамуын АҚШ және Германиямен салыстыру ретінде де құруға болады. Ондай жағдайда сабақтың басында үй тапсырмасы тексерілмейді, сабақ барысында өтілетін материалмен тақырыптық байланыс үшін қажетті сұрақтар қойылады. Мұғалім жаңа материалды түсіндірудің алдында оқушылардың ойын дамыту үшін төмендегідей сұрақ беріп, сабақтың соңында сұрайды.

Англияның 1918—1939 жылдарда дамуының басқа елдермен ортақ сипаты мен ерекшелігі неде?

1. Жоспардың бірінші мәселесі бойынша оқушылар бір-қатар мәліметтермен танысады және оларды сабаққа қызықтырып тарту үшін мұғалімнің қосымша материалдарды ұсынуына болады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Англияның мақсатын оқушылардың естеріне түсіре отырып, соғыстағы жеңіс Англияға біршама тиімді болғанын атап көрсетеді. Англия өзінің теңіздегі үстемдігін сақтап қана қоймай, Африкадағы Герман отарлары және Таяу Шығыстағы Осман иеліктері

арқылы отарлық империясын кеңейтті. Версаль келісімі бойынша Германия өз мойнына алған соғыс шығынының көп бөлігін Англияға берді. Соғыстан кейін оның әскери қуаты және Париж бітім конференциясы кезінде халықаралық беделі өсті. Бірақ соғыста Англияның 2 млн адамы өлді және жараланды; Англия ұлттық байлығының үштен бір бөлігін, сауда флотының 70%-ын жоғалтты; сыртқы саудасы екі есе қысқарды, экспорты төмендеп, импорты өсті, елдің қаржылық-экономикалық жағдайы біршама әлсіреді. Егер соғысқа дейін АҚШ Ұлыбританияға қарыздар болса, енді Ұлыбритания АҚШ-қа 4 млрд доллар көлемінде қарыздар болды. Дүниежүзілік қаржы орталығы Лондондағы Ситиден Нью-Йорктің Уолл-Стритіне қоныс аударды.

2. Англияның саяси өміріне сипаттама берген кезде мұғалім оқушылардың назарын қоспартиялық жүйенің өзгерістеріне аударғаны жөн. Ол либералдар партиясы ықпалының әлсіреп, лейбористер партиясының күшеюімен сипатталады. Миллиондаған мүшелері бар тредюниондарға (жұмысшылардың жалпы кәсіподақтық одағы) арқа сүйеген лейбористер парламенттегі маңызды күшке айналды. 1923 жылғы Парламент сайлауы туралы көрсеткіштерді тақтаға жазып, оқушыларға талдатып, лейбористердің үкіметке ие бола алатынын дәлелдей түсу керек. Оған мысал — 1924 жылы қаңтардағы парламенттік сайлауда лейбористер жеңіске жетіп, жетекшісі Р.Макдональд Ұлыбритания тарихында алғаш рет лейбористер үкіметін құрды. Ол үкімет басында аз мерзім болғанына қарамастан ішкі саясатты неғұрлым икемдірек әдіспен жүргізді. Осы сәтте мұғалім оқушыларға: “Ол қандай тиімді іс-шаралар жүргізді?” деген сияқты сұрақ қоюына болады.

Оқушылар лейбористердің іс-шараларын оқулықтан өздері анықтайды. Берілген сұраққа жауап беріп, лейбористердің, негізінен, миллиондаған мүшесі бар тредюниондарға сүйенгенін айтады.

Оқушылардың ойын дамыту үшін ағылшын үкіметінің сыртқы саясатын түсіндіргенде төмендегідей тапсырма беруден бастаған дұрыс:

Ұлыбританияның Азиядағы, Африкадағы отарларын атап, картадан көрсетіңдер. Ең жақын орналасқан ежелгі отарын атаңдар.

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, Ирландия мәселесін оқулықтан өздері оқып, төмендегі сұрақтарға байланысты жұмыс істеуін тапсырады:

1. Ирландияның тәуелсіздікке жетуі қалай болды?
2. Англия Ирландияның тәуелсіздігін қашан мойындады?
3. Англия Ирландияда қандай құқықтарды иеленді?
4. Ирландия мәселесінің бүгінгі күнгі мәні неде?

Мұғалім қорытынды жасап, 1912 жылғы Ирландия мәселесін оқушылардың естеріне түсіреді.

3. Англияның экономикалық жағдайы басқа елдердің экономикалық дамуымен салыстырыла отырып, қысқаша баяндалады.

1920 жылдары британ экономикасы баяу қарқынмен қайтадан нығая бастады (1-кесте).

1-кесте

Өнеркәсіптің жедел дамыған салалары	Өнеркәсіптің артта қалған салалары
Химия Автокөлік Электротехника	Сауда Құрылыс Көмір өндірісі Кеме жасау Тоқыма

Өнеркәсіптің ескі салаларында техникалық артта қалушылық сақталды. Ол әсіресе көмір өнеркәсібінен анық байқалды. Оқулықтағы жағдайды мына мәліметтер қосымша құжат нақтылайды: Англияда 1924 жылы көмір өндірудің 19%-ы механикаландырылса, АҚШ-та механикаландыру 70% болды. Техникалық артта қалу еңбек өнімділігін төмендетіп, тауардың өзіндік құнын жоғарылатты, ол тауарлар сыртқы рынокта американдық және германдық арзан тауарлармен бәсекелесе алмады.

Бұл жағдай 1926 жылы елдегі жұмысшы табының жаппай ереуілін тудырды. Мәселені нақтылай түсу үшін қосымша материал пайдаланған дұрыс (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2013.). Жаппай ереуілге қатысушылардың саны (отбасымен қоса есептегенде) 18 млн адам шамасында болды, бұл елдегі халықтың 40%-ы еді. Кеншілер жеті ай бойы ереуілді жалғастырды. Ереуіл 1926 жылғы 4 мамырда басталып, 1926 жылғы желтоқсанда аяқталды.

Консерваторлар үкіметі 1927 жылы жапшай ереуілдерге рұқсат етпейтін, ереуілге жол бермейтін, кәсіподаққа қарсы бағытталған заң шығарды. Мұғалім оқушыларға 1931 жылы тамызда үкімет басына екінші рет келген Р.Макдональдтің құрған “ұлттық” коалициялық үкіметтің ереуілшілерге қарсы саясатының себебін оқулық мәтінінен анықтауды тапсырады.

Англияда фашистердің бұқаралық әлеуметтік негізі — герман ұлтшылдарында болған кедейленген ұсақ буржуазия жоқ еді. Монополистік буржуазияның негізгі топтары дәстүрлі парламенттік жүйеден бас тартып, елді басқаруда фашистердің көмегіне сүйенуді қажет деп таппады. Англияда фашистердің әлеуметтік негізі әлсіз болды.

Оқушылардың назары 1937 жылы үкімет басына келген Невилл Чемберлен үкіметінің саясатына аударылады.

**Тақырыпты бекіту.** Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп тапсырмалар береді.

I топқа берілетін тапсырма.

Ұлыбритания үшін Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

II топқа берілетін тапсырма.

Ұлыбритания отарла- рындағы ұлт-азаттық күрестің нәтижелері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....

III топқа берілетін тапсырма.

Лейбористер партиясының күшеюі	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

**Үйге тапсырма.** §3-тың соңындағы 2-, 5-сұрақтар бойынша дайындалу.

## § 4. ФРАНЦИЯ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Францияның соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына сипаттама беріп, әлеуметтік шиеленістің себебін, Францияның көппартиялық жүйесінің ерекшелігін және экономикалық дағдарыстың ел өміріне әсерін нақты фактілермен ашып көрсету.

**Дамытушылық.** Француз фашизмі туралы түсінік бере отырып, оның герман және итальян фашизмінен айырмашылығына талдау және тиісті қорытынды жасай білуге баулу.

**Тәрбиелік.** Халықтық майданның қалыптасуы туралы өңгімелеп, жүргізген шараларының маңызына тоқталып, ең бастысы, Францияда фашизмнің билеп-төстеуіне тосқауыл болғанын атап, оқушыларды фашизмге, ымырасыздыққа қарсы тәрбиелеу.

### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “XX ғасырдың бірінші жартысындағы Франция”, “XX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа”.

*Тирек сызба:* “Халықтық майданның бағдарламасы”.

Тақырыпқа арналған карта-сұлба, сурет, т.б.

***Сабақтың түрі:*** дәстүрлі сабақ (интерактивті әдіс арқылы).

Сабақ материалының көлемін ескеріп, ұй тапсырмасын тексерместен, бұрынғы өтілген материалды жаңа материалмен байланыстыру үшін бірнеше сұрақтар қоюға болады. Бұл уақытты үнемдеумен бірге оқушылардың белсенділігін арттыруға әсер етеді.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Франция.
2. Р. Пуанкаренің саясатына халықтың наразылығы.
3. Франциядағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері.
4. Француз фашизмінің ерекшеліктері.
5. Халықтық майданның қалыптасуы.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Оңшыл буржуазия партиялары, Ұлттық блок, Солшыл блок, Ұлттық бірігу, соғыс шығынын өтеу (репарация), “Француз әрекет лигасы”, “Әскери крест”, Халықтық майдан, “дириженшілік” бағыт.

### **Негізгі оқиғалар:**

**1919 жылы** Ұлттық блок құрылды.

**1924—1926 жылдарда** солшыл блок үкіметі билік басында болды.

**1926—1928 жж.** “Ұлттық бірігу” атты блок билік басына келді.

**1924 жылы** “Патриоттық жастар” лигасы құрылды.

**1927 жылы** “Әскери крест” лигасы құрылды.

**1934 жылы** Халықтық майдан құрылды.

**1936 жылы** Халықтық майдан партиясы парламент сайлауында жеңіске жетті.

Үй тапсырмасын сұрауды тақырыпты бекіту кезінде жүргізуге болады:

1. Ұлыбританияның соғыстан кейінгі экономикалық және саяси дамуын Франциямен салыстыру: ерекшеліктері мен ұқсастықтары.
2. Дүниежүзілік дағдарыс жылдарындағы Ұлыбритания мен Францияның экономикалық жағдайын салыстыру: ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
3. Ұлыбританиядағы басқарушы топтардың отарлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты саясатын сипаттаңдар.

Мұғалім тақырыпқа арналған кіріспе сөзінде дүниежүзілік соғыстың Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген зардаптары туралы айтып өтеді. Соғыс Франция халқына үлкен ауыртпалық әкелді. Өнеркәсіп қатынастары біршама дамыған Францияның солтүстік-шығыс департаменттері әскери қимылдардан құлдырауға ұшырады; 5 млн-нан астам адам жұмыстан айырылды.

Францияның әскери шығындары 62 млн франкке жетті, сыртқы қарызы өсті.

1.2. Бұл тақырыпшаларды түсіндірудің алдында өткен материалдармен байланыстыру үшін және оқушылардың ойын дамыту мақсатында мұғалім оларға сұрақтар қояды:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Францияда қандай саяси партиялар болды?
2. Франциядағы реформалық бағытты ұстанған партияларды атаңдар.
3. Францияда революциялық бағытты ұстанған саяси партия болды ма? Франция қоғамының дамуы үшін сендер қай бағытты ұсынар едіңдер?
4. Францияның тарихында дүниежүзілік соғысқа дейін республика неше рет орнады? Ал қазіргі нешінші республика?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдап, толықтырады. Соғыстан кейінгі Францияның ішкі өмірінің саяси ерекшеліктерін оқушылар оқулық мәтінінен оқып, берілген тапсырманы орындайды.

I топқа берілетін тапсырмалар.

- 1) Ұлттық блоктың құрамы.

- 2) Іс-әрекетінің бағыттары.
- 3) Ыдырау себебі.

## II топқа берілетін тапсырмалар.

- 1) Солшыл блок үкіметінің құрылуы.
- 2) Іс-әрекетінің бағыттары.
- 3) Жеңіліске ұшырау себептері.


Оқушылардың жұмысына талдау жасап, 1926 жылғы сайлауда үкімет билігіне қайтадан “Ұлттық бірігу” атты жаңа блокқа енген оңшыл күштер келді деп, мәселені мұғалім қорытындылайды.

3. Келесі тақырыпшаны мынадай бағыттағы логикалық сұрақ қоюдан бастаған дұрыс:

Соғыстан кейін Францияның экономикасы бірқалыпты дамып, шикізат базасы кеңейді және банк қоры өсті. Бұл неліктен деп ойлайсындар?

Оқушылардың жауабын қорытындылап, банк туралы қосымша түсінік беруге болады. Француз банкі — мемлекеттік банк ісін атқаратын жеке акционерлік қоғам. Оның қарамағына елдің барлық алтын қоры кірді. Ол кең құқықты пайдаланды. Банктің 31 мың акционері болды, бірақ шешуші дауыс құқына тек қана 200 ірі акция иелері ие болды. Франциядағы экономикалық тоқыраудың ерекшеліктерін айтқанда, оқушыларға: “Франциядағы байырғы өндіріс салаларын атаңдар” деген сияқты тапсырма беріледі.

Оқушылардың жауаптарын тындап, кейбір өндірістердің (тоқыма өнеркәсібі, қымбат бұйымдар өндірісі, шарап өндіру, т.б.) зардап шеккенін мұғалім айтып түсіндіреді. Оқушылар оқулықтан оқып мына тапсырманы орындайды.



Мемлекет арқылы экономиканы реттеу идеясын жақтаушылар өздерін “дирижешілер” деп атағандығы жөнінде мұғалім тереңірек тоқталып, оның мағынасын түсіндіреді. Францияда қалыптасқан дағдарыстан шығудың жолдарын оқушылармен әңгімелесу арқылы талдау өз нәтижесін бермек.

Дағдарыстан шығу жолдары тақтаға жазылады.

1) Либералдық реформа (АҚШ-тағы сияқты).

2) Фашистік тәсілмен “күшті үкімет” құру (Германия сияқты).

4. Мұғалім термин сөздердің мағынасын айтып, Франциядағы оңшыл радикализмге түсінік беру кезінде тақтаға 2-кестені сызады.

2-кесте

№	Лигалардың аты	Лигалардың талаптары
1.	“Француз әрекет лигасы”	Фашистік диктатура орнату
2.	“Патриоттық жастар”	“Алтын парламентті” жою, күшті атқарушы үкімет құру
3.	“Әскери крест”	“Коммунизмді құрту”, “Сатқын демократияны”, “Шіріген парламентаризмді” жою, фашистік диктатура орнату

1927 жылы құрылған “Әскери крест” лигасы туралы түсінік бере кеткен жөн. Олар кәсіпкерлер, газет иелері және оңшыл парламент мүшелерін тірек еткен, өздерінің артиллериясы мен ұшақтары болған, 1934 жылы мүшелерінің санын 150 мыңға дейін жеткізген. Фашистік ұйымдарда адам саны 2 млн-дай болған, ал қарулы жасақтары өз қатарына 7—8 мың адамды тартқан.

Француз фашизмінің ерекшеліктері оқушылардың біліміне сүйене отырып талдау арқылы түсіндіріледі. Ол үшін Италия және Германиямен салыстыруға болады:

- Буржуазиялық революциялардың уақыты.
- Мемлекеттік құрылысы.
- Халықтың революциялық дәстүрі.
- Фашизмнің пайда болу уақыты.
- Экономикалық дағдарыстың әсері.
- Бұқаралық базасы.

Талдауды қорытындылап, Франциядағы фашистік ұйымдардың бытыраңқы болғандығы, олардың біртұтас, нақты бағдарламасы болмағандығы айтылады.

5. Тақырыптың мазмұнындағы ең басты мәселе — халық майданы туралы. Сабақтың бұл бөлігі тартымды және қызықты болуы үшін қандай түрде болса да құжаттарды, көркем әдебиеттерді пайдалану, дамытушылық жағдай тудыру тиімді. Мұғалім әңгіме барысында оқушыларға төмендегі сұрақтарға жауап әзірлеп отыруды тапсырады:

1. Неліктен Франция фашизмінің күші Германия фашизмінен әлсіз болды?
2. Халықтық майданның әлеуметтік құрамын анықтандар, саяси құрамы қандай партиялардан тұрады?
3. Халықтық майданның тарихи маңызы неде?

Халықтық майданның құрылуы 1934 жылы 12 ақпанда фашизмге қарсы наразылық білдірген ереуілден басталғанын айтып, мұғалім оқушылардың назарын ереуілге қатысушылардың құрамына аударып, Францияда таптық және саяси күштердің қайта топтаса бастағанын атап өтеді. Қосымша материалды да пайдалануға болады.

Мұғалім сондай-ақ оқушылардың назарын коммунистер мен социалистердің тактикалық ұрандарының өзгеруіне аударып, нәтижесінде, 1934 жылғы 27 шілдеде ФКП мен социалистік қимыл бірлігі туралы пактіге қол қойылғандығын айтып түсіндіреді. Біріккен екі партияның міндеттемесімен таныстырып, оқушыларға: “Неліктен социалистік партияның жетекшілері қимыл бірлігі туралы пактіге қол қоюға мәжбүр болды?” деген сияқты сұрақ қойылады. Осыған дейін олар коммунистердің ұсынысынан 26 рет бас тартқан болатын. Халық бұқарасының бірлікке ұмтылуы қуатты күшке айналды. Халықтың талабы социалистік партия жетекшілерін біріге қимылдауға мәжбүр етті және бұл уақытта Германияда Гитлер үкімет басына келген болатын.


1936 жылы Халықтық майдан бағдарламасының жарияланғанын айтып, бағдарламаның мазмұнымен мұғалім оқушыларға хрестоматиядан халықтық мандаттың заңдарын оқуды тапсырады (Дүниежүзі тарихы. 9-сынып). Оқушыларға төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

1. Халықтық майданның қандай негізгі саяси және экономикалық талаптары болды?
2. Халықтық майдан бағдарламасы халықтың қандай әлеуметтік тобының мүддесін білдірді?

Оқушылардың жауабын талдап, қорытынды жасалады.

1936 жылғы парламент сайлауында Халықтық майдан партиясы ірі жаңа жеңіске жеткенін айтып, қорытындысын тақтаға жазып салыстыруға болады.

Республикада қалыптасқан дәстүрге сәйкес ең ірі парламенттік фракция лидері — социалист Леон Блюмға үкімет құру жүктеледі. Халықтық майдан үкіметінің шаралары оқулық көлемінде түсіндіріледі немесе оқушылар оқулықтан өздері оқып, көрсетілген тапсырманы орындайды.



Мұғалім оқушыларды қатыстыра отырып, сұрақ-жауап арқылы Франциядағы Халықтық майданның тарихи маңызын ашып көрсетеді. Халықтық майдан фашизмге қарсы күрес құралы өрі фашистердің Францияда үкімет басына келуіне тосқауыл болды. Демократия аясында экономикалық дағдарыстан шығуға көмектесті. Мұғалім тақырыпты қорытындылай келіп, Франциядағы Халықтық майданның демократиялық күштерін топтастырудағы тәжірибесі соғыс жылдарында, фашистік басып алу кезінде және соғыстан кейінгі жылдарда да, бүгінгі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ деп атап көрсетеді.

Үй тапсырмасын сұрау мен жаңа тақырыпты бекітуді тест сұрақтары арқылы жүргізуге болады.

### ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Ұлыбританияның тұңғыш лейбористер партиясынан шыққан үкімет басшысы:

- а) Р.Макдональд;
- ә) Ллойд-Джордж;
- б) Н.Чемберлен.

2. Ұлыбритания Ирландияның тәуелсіздігін ресми түрде мойындады:

- а) 1919 ж.;
- ә) 1920 ж.;
- б) 1921 ж.

3. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен Францияның Германиядан қайтарып алған жерлері:

- а) Эльзас, Лотарингия;
- ә) Рур облысы;
- б) Саар облысы.

4. Франциядағы Халықтық майданның құрылған жылы:

- а) 1932 ж.;
- ә) 1934 ж.;
- б) 1936 ж.

5. 1918 жылы Англияда қабылданды:

- а) Сайлау туралы заң;
- ә) “Қоғамдық төртін туралы” заң;
- б) “Еңбек қатынастары туралы” заң.

6. 1920 жылы Франция президенті болып сайланды:

- а) Р.Пуанкаре;
- ә) А.Мильеран;
- б) Э.Эррио.

7. 1934 жылы 6 ақпанда француз фашистері

- а) мемлекеттік төңкеріс жасады;
- ә) өз съездерін өткізді;
- б) парламентті басып алуға әрекет жасады.

**Үйге тапсырма.** §4-тын соңындағы 3, 4, 6-сұрақтарға жауап әзірлеу. Хрестоматиядан Халықтық майданның заңдары туралы құжатты оқу (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып).

## § 5. ГЕРМАНИЯ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Германияның 1918—1939 жылдардағы жалпы дамуына сипаттама беріп, 1920 жылдардағы экономикалық және саяси орнығудың қиын да ұзақ болғанын ашып көрсету. 1930 жылдардағы экономикалық тоқыраудың ерекшеліктері мен салдарын нақты фактілермен түсіндіріп, Веймар Республикасының саяси әлсіздігіне оқушылардың назарын аудару. Германияда фашизмнің тууы, үкімет басына келуі және жүргізген ішкі-сыртқы саясатына талдау жасау.

**Дамытушылық.** Оқушыларды тарихи фактілерді талдап, қорытынды жасау, тарихи ұғымдарға анықтама беруге баулу.

**Тәрбиелік.** Германиядағы фашистік диктатура — дүниежүзіндегі адамзатқа сансыз қасірет әкелген Екінші дүниежүзілік соғыстың бірден-бір айыпкері екеніне оқушылардың көзін жеткізу.

**Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “XX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа”, “Еуропаның саяси картасы”, “XX ғасырдың бірінші жартысындағы Германия” (карта-сұлба).

**Сабақтың әдісі:** дәріс, топтық жұмыс (термин сөздерді талдау, кесте, сызбаларды пайдалану арқылы түсіндіру).

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Веймар Республикасы.
2. Германиядағы ұлттық-социализм. Гитлердің өкімет басына келуі.
3. Германия тоталитаризмінің экономикалық жүйесі.
4. Фашистік Германияның сыртқы саясаты.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Веймар Республикасы, Версаль келісімі, апат саясаты, солшыл социал-демократтар, Ұлттық социалистік неміс жұмысшы партиясы (ҰСНЖП), тоталитарлық режім, “Неміс еңбек майданы”, “Төртжылдық жоспар”.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1925 жылы** Ұлттық социалистік неміс жұмысшы партиясы құрылды.

**1930 жылғы көктем** — Веймар үкіметінің күйреуі.

**1933 жылдың** ортасында мемлекеттегі барлық саяси партиялар таратылды.

**1939 жылғы тамызда** — Герман — Кеңес келісіміне қол қойылды.

**1939 жылғы қыркүйекте** — Германияның Польшаға шабуылы.

Сабақ жаңа материалды оқып-үйренуден басталады. Тақырыпты түсіндірудің алдында оқушылардың ойын дамыту және өткен сабақтармен байланыстыру үшін қайталау сұрақтары қойылады:

1. Германияда Қараша революциясы қашан болды? Оның сипаты қандай?
2. Қараша революциясының қандай нәтижесі болды?
3. Германиядағы саяси партияларды атаңдар. Веймар Республикасы деп неге аталды?

1. Бұл тақырыпша оқу құралындағы материалдың берілу ретімен баяндалады. Веймар қаласында Құрылтай жиналысы жұмыс жасады, сондықтан олар әзірлеген конституция және соның негізінде құрылған республика Веймар деп аталғанын мұғалім оқушылардың есіне салады. Конституция бойынша демократияның кеңейіп, Германияның Рейхстаг үкіметінің алдында жауапты болатын күшті президент билігіндегі республика болып жарияланғаны жөнінде де айтылады.

Республикалық құрылысты сақтау жолында шиеленіскен күрес жүргенін нақты фактілермен көрсетіп отыру керек. Мемлекеттегі оңшыл топтардың әрекеті “апат саясаты” деген атау алды. Олар таптық және басқа да қайшылықтардың шиеленісуіне ықпал етті. Ал басқа саяси партиялар, ГСДП және Орталық партия ұйымдары “Версаль бейбіт келісім шартын” орындауды жақтаушылар деп танылды. Саяси тұрақсыздықты түсіндірген кезде тақтаға 1-сұлбада көрсетілген жылдарды жазып, оқушыларға оқулық мәтінінен осы жылдарда қандай оқиғалар болғанын анықтау тапсырылады.

1920 жылғы наурыз	_____
1922 жылдың соңы	_____
1923 жылғы тамыз	_____
1923 жылғы 8 қараша	_____
1925 жылы	_____
1928 жылы	_____

Мұғалім оқушылардың анықтамаларын талдап, қосымша деректермен толықтырады.

1924 жылдан бастап Германиядағы жағдай тұрақтала бастады. Мұғалім тұрақтандырудың экономикалық негізі— Дауэс жоспарын (1924 ж.) қабылдауға байланысты Германиямен АҚШ арасындағы қатынас реттеліп, Германияның төлем өтеу шарты жеңілдетілгені туралы айтып береді.

Мұғалім Германияда капитализмнің уақытша тұрақтануы аяқталғанын, 1929 жылы басталған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс елдің барлық өнеркәсіп салаларын және барлық өнеркәсіп аудандарын қамтығанын атап өтеді.

Әңгімелесу арқылы өткен сабақта қарастырылған мәселелерді де қайталауға болады:

1. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік дағдарыстың себебі неде?
2. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың ерекшелігі қандай?
3. Барлық экономикалық дағдарыстардың ішінде 1929—1933 жылдардағы дағдарыс неліктен ерекше күйреуге ұшыратты және ауыр болды?

Оқушылардың экономикалық дағдарыс туралы түсініктерін білгеннен кейін, мұғалім оның Германияға өте ауыр тигенін нақты фактілермен атап көрсетеді. Герман буржуазиясының дағдарысты тоқтатуға мүмкіндігі шектеулі болатын. Атап айтқанда, отарлардан айырылу Германияның қолын байлады, 1931 жылға дейін соғыс шығынын (репарация) төледі, өнеркәсіп иелері шығынға ұшырады.

Мұғалім оқушылардың назарын Веймар Республикасының дағдарысына аударады. Дағдарыс кезінде демократияға қарсы партиялар күш жинады, алғашқылардың арасында ұлтшылдар да болды. Веймар Республикасының демократиясын қолдаушылар азая бастады, ал 1932 жылы тіпті азайып кетті. Ұлтшылдар Германияда ірі саяси партияға айналды.

2. Үшінші тақырыпшаға байланысты термин сөздердің мағынасын түсіндірген дұрыс. “Фашизм” деген сөз Италияның “фашио” деген сөзінен шыққан, мағынасы — *fascisme* — түйін, бір буда, одақ, бірлестік, жалпы “күрес одақтары” дегенді білдіреді.

Тоталитарлық үкімет — тоталитарлық режім; фашистердің ашық лаңкестікке негізделген диктатурасы, режімі.

Тоталитарлық мемлекет — бұған 1922—1943 жылдардағы Италиядағы, 1933—1945 жылдардағы Германиядағы режім жатады.

Мұғалім тақтаға сұлба сызып, “фашизм” ұғымына түсінік береді (алдын ала плакатқа сызып, даярлауға болады).

Фашизмнің сипаты — расизм, ұлтшылдық.

Ұраны — “Таза қанды арий” үстемдігі.

Эмблемасы — адамның бас сүйегі мен жілігін айқастырып салған белгі.

1-сызба бойынша фашизм туралы қосымша мәліметтер арқылы түсінік беруге болады.

Фашистердің үкімет басына келуі жөнінде оқушылармен әңгіме жүргізе отырып, мұғалім бүкіл сыныптың белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды.

1-сызба



Сабақты басқаша жолмен жүргізуге де болады. Оқушылардың ойын дамыту үшін: “Германияда фашистік диктатура орнауының себептері қандай?”, “Фашистік диктатура орнату нәліктен мүмкін болды?” деген сияқты сұрақтар беріледі.

Фашизм билігінің орнауын әңгімелегеннен кейін, оқушыларға оның себептері туралы өздігінен жазбаша анықтау ұсынылады.

Осыдан кейін оқушылардың анықтаған материалдарының себептері талданады.

Президенттік лауазым-пост жойылып, Рейхстаг заң шығарушы орган болудан қалды. 1934 жылы Гитлер өзін “рейхсканцлер және неміс халқының көсемі” деп жариялады.

Бір қолға президенттің, канцлердің және басқарушы партияның жетекшісі міндетін біріктіру шешімі 1934 жылы тамызда іске асты.

3. Тақырыпшадағы мәселелер бойынша оқушыларға төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

1. Германия әскери-өнеркәсіптік қуатын қандай жолмен тез қалпына келтіре алды?
2. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезінде Германияның саяси-экономикалық жағдайы қандай болды?

2-сызба



Германияның жаңа экономикалық құрылысын оқушылар жеңіл меңгеруі үшін мұғалім жоғарыдағы сызбаны пайдалануына болады.

4. Соңғы тақырыпшаны түсіндіргенде, мұғалім фашистік Германияның Еуропа мемлекеттеріне қарсы басқыншылығы 1936 жылы басталғанына тоқталып, 1939 жылғы 23 тамыздағы Германия мен КСРО арасындағы құпия келісім туралы түсінік береді. (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2013.)

Жалпы тақырыпты бекіту мен үйге берілген тапсырманы тексеруді қатар жүргізуге болады. Ол үшін сынып оқушыларын үш топқа бөліп, мынадай тапсырмалар беріледі:

I топқа берілетін тапсырма.

Герман фашизмінің француз фашизмінен өзгешелігі	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

II топқа берілетін тапсырма.

Герман және Француз фашизмдерінің бұқаралық базасының айырмашылығы	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

III топқа берілетін тапсырма.

Германияда фашистік диктатураны орнату- дың сәті түсті, ал Фран- цияда қалай болды?	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

**Үйге тапсырма.** § 5-тың соңындағы 1, 2, 5-сұрақтарға жауап әзірлеу. Фашизм туралы хабар дайындау. Хрестоматиядан партия мен мемлекеттің бірлігін қамтамасыз ету туралы заңды оқып, конспект жазу.

## § 6. ИТАЛИЯ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Италияның ішкі және сыртқы жағдайларына сипаттама беріп, фашистердің билікке келуінің себептерін нақты фактілермен ашып көрсету, оқушылардың назарын Италиядағы фашизмнің негізгі белгілеріне аудару.

*Дамытушылық.* Оқушылардың ізденімпаздық қабілетін ұштап, түрлі тарихи деректемелерге сілтеме жасап, ойын дамыту.

*Тәрбиелік.* Өткен тақырыппен салыстыра отырып, фашизм құбылысына айыптаушылық көзқарасты қалыптастыру. Оқушылардың санасына бейбітшілік ұғымын сіңіру.

***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Соғыстың Италияға тигізген зардабы.
2. Италиядағы саяси партиялар мен қозғалыстар.
3. Италияның фашистік ұйымдары.
4. Фашистер үкімет басында.
5. Фашистердің лаңкестіктен ашық диктатураға өтуі.

Сабақты өткізгенде мұғалім тиімді әдістерді таңдап алуы қажет.

*1-нұсқа.* Тақырыпты дәріс түрінде сұрақ-жауап арқылы оқушыларды қатыстыра отырып түсіндіру.

*2-нұсқа.* Мұғалімнің әңгімесі және оқушылардың оқулық мәтінімен өздік жұмыс түрінде ұйымдастыру.

*3-нұсқа.* Сынып оқушыларын екі топқа бөліп, әр топқа мемлекеттің тарихын мұғалім ұсынған жоспар бойынша талдау арқылы жүргізу.

Мұғалім оқушылардың алдыңғы тақырыптардан алған білімдері мен біліктерін, фашизмге байланысты білетіндерін еске түсіреді. Содан кейін әр топқа материалдың мазмұнына қарай қандай мәселелерге көңіл аудару қажеттігі түсіндіріледі. Оқушыларды жаңа сабақты оқып-үйренуге белсенді түрде қатыстыру үшін таным-талғам қабілеттерін тексеруді көздейтін сұрақтар қойылады.

Ол мына сұрақтар төңірегінде іске асады.

1. Фашизм — ... ?
2. Фашистердің іс-әрекеті Еуропаның қайсы елдерінде көрініс тапты? Олар неліктен Англияда және Францияда билікке келе алмады?
3. Неліктен демократиялық күштер фашистердің билікке келуіне тойтарыс бере алмады?
4. Герман фашистерінің әлеуметтік негізін кімдер құрады?

Осы сұрақ пен жауап оқушылардың алдына “күту сөтін” тудырады. Осы тұста әр топтағы оқушылар мұғалімнің бағыт беруімен жаңа тақырыптың мәселелерін талдауға кіріседі.

*Бірінші топ:*

Оқушыларға берілетін сұрақтар:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың Италияға әкелген зардабы қандай болды?
2. Соғыстан кейін Италиядағы саяси партияларға сипаттама беріңдер.
3. Италияда фашизмнің өкімет басына келу себебін түсіндіріңдер.

#### *Екінші топ:*

1. Италияның фашистік ұйымдарының құрамы, қолдаушысы және ұрандары туралы.
2. Фашистердің үкімет басына келу себебін түсіндіріңдер.
3. Фашистік лаңкестік диктатураның іс-әрекетін айтыңдар.

Сабақ соңында мұғалім өтілген тақырыпқа қорытынды жасайды, оқушылардың жауаптарына тоқталады, оқушылардың есінде қалатын негізгі мәселелерді атап көрсетеді.

**Үйге тапсырма.** § 6 бойынша берілген сұрақтарға дайындалу. Герман және Италия фашизмдерінің үкімет басына келуін салыстырып, дәптерге орындау.

## § 7. КЕҢЕС ОДАҒЫ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Кеңестік Ресейдің 1918 жылдан Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейінгі жалпы дамуына сипаттама беріп, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы басты ерекшеліктерді атап көрсету.

**Дамытушылық.** Оқушыларды Кеңес үкіметінің жүргізген ішкі және сыртқы саясатының негізгі мазмұнымен таныстырып, жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) мәнін ашып көрсету. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен елді индустрияландырудағы өміршіл-өкімшіл әдістерін және оның зардаптарын нақты фактілермен түсіндіру. Тарихи деректерге баға беруге баулу. Өз ұстанымына нық тұруға бағыттау.

**Тәрбиелік.** Қоғамдық саяси өмірдегі орныққан тоталитарлық тәртіп қоғамның өмір сүруін тоқтатып, тек жай механизмге айналдырғанын ұғындыру. Тоталитарлық жүйе мен жекебасқа табынушылық зардаптарын түсіндіру.

### **Көрнекі құралдар**

**Карталар** — “Кеңес мемлекеті азамат соғысы, шетел соғыс интервенциясы жылдарында”, “Кеңес мемлекетінің экономикалық дамуы”, “КСРО-ның құрылуы”, “Кеңес мемлекеті елді индустрияландыру кезеңінде”, т.б.

Сұлба, кесте және диаграммалар (осы құралда ұсынылып отыр).

### **Тақырыпты оқитудың жоспары**

1. 1918—1920 жж. Азамат соғысы.
2. “Әскери коммунизм” саясаты.
3. Ішкі және сыртқы саясат.
4. Жаңа экономикалық саясат.
5. КСРО-ның құрылуы.
6. КСРО-дағы индустрияландыру саясаты.
7. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру.
8. Елдің қоғамдық-саяси өмірі. Тоталитарлық жүйе және жекебасқа табыну.

### **Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар**

“Әскери коммунизм” саясаты, азық-түлік салғырты, “қара нарық”, қызыл террор, өміршіл-өкімшіл басқару жүйесі, жекебасқа табыну, жаңа экономикалық саясат, азық-түлік салығы, жаппай ұжымдастыру, тоталитарлық, жаппай қырғынға ұшырау.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1918—1920 жылдар** — Азамат соғысы.

**1918—1921 жылдар** — “Әскери коммунизм” саясаты енгізілді.

**1922 жылы 30 желтоқсанда** КСРО құрылды.

**1924 жылы қаңтарда** КСРО Конституциясы бекітілді.

**1927 жылы** Түркістан — Сібір теміржолы салына бастады (Түрксіб).

**1937—1938 жж.** жаппай қуғын-сүргін.

Мұғалім алдымен өңгімелегелі отырған жаңа тақырыпты өткен материалдармен байланыстырады. Оқушыларға төмендегідей сұрақтар қояды:

1. Кеңес үкіметі қай жылы орнады?
2. 1917 жылы қандай революциялар болды?
3. Пролетариат диктатурасы барлық таптарға бірдей қарады ма?
4. Қандай партия билеуші партияға айналды?
5. Ресей Бірінші дүниежүзілік соғыстан қандай жолмен шықты?

1. Тақырыптың алғашқы мәселесі туралы сөз еткенде, “Азамат соғысы және шетел соғыс интервенциясы” деген картаны пайдаланып, 1918 жылдың наурызынан 1918 жылдың күзіне дейін шетел басқыншыларының және ішкі контрреволюционерлердің басып алған жері туралы атап көрсетіледі.

Оқушылардың назарын 1-кестеге аударған дұрыс (тақтаға алдын ала жазып қоюға болады немесе плакатқа жазып даярланады). Мұғалім қосымша мәліметтерді пайдалану арқылы Азамат соғысы туралы түсініктерін кеңейтуге болады.

## Ресейдегі Азамат соғысының негізгі кезеңдері (Ю.А.Поляков)

1917 жылғы ақпан — наурыз	Самодержавиенің құлауы, қоғамның ыдырауы.
1917 жылғы наурыз — қазан	Қоғамдағы қарама-қайшылықтың асқынуы, Азамат соғысы ахуалының күшеюі.
1917 жылғы қазан — 1918 жылғы наурыз	Уақытша үкіметтің құлауы, Кеңес үкіметінің орнауы, қарулы күрестің таралуы.
1918 жылғы наурыз — маусым	Қаталдық, қастандық, екі жақтан да лаңкестіктің күшеюі, ақтар мен қызылдардың әскери күштерінің құрылуы.
1918 жылдың жазы — 1920 жылдың соңы	Әскери күштердің арасындағы қырғын шайқастар (шетел әскери күштерімен де), экономиканы милитарландыру.
1921—1922 жылдар	Соғыс қимылдары басылды және толық тоқтатылды.

Сонымен қатар оқушылардың назарына әскери күштерді салыстырып, ақгвардияшылар мен интервенттердің әскер саны және техникалық жабдықталуы жағынан Қызыл Армиядан басым болғанына мұғалім қолда бар деректерді ұсынуына болады.

2. 1918—1921 жылдар аралығындағы Кеңес үкіметінің ішкі саясаты “әскери коммунизм” деп аталатындығы туралы әңгімелей отырып, оқушылардың назарын мынадай мәселелерге аударады:

— “Әскери коммунизм” саясатын іске асырудың алғы-шарттары.

— “Әскери коммунизм” саясаты экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірді қамтыған шараларды қарастырады.

— Азық-түлік салғыртының енгізілуі және оның мәні.

— Жаппай еңбек міндеттілігін енгізу.

— РК(б)П-ның шексіз диктатурасы орнады.

— Большевиктер партиясының ішкі саясаты азамат соғысының шығуына себеп болды.

— “Қызыл террор” туралы декреттің қабылдануы.

Мұғалім термин сөздердің мағынасын түсіндіріп, мәселені қорытындылайды.

Сондай-ақ оқушыларға сұрақ қойып, “әскери коммунизм” саясаты туралы түсініктерін біледі.

1. “Әскери коммунизм” саясаты қандай төтенше шараларды енгізді және неліктен?
2. “Әскери коммунизм” саясатының басты шарасын атаңдар.
3. Азық-түлік салғыртына шаруалар қалай қарады?
4. Ол қалай іске асырылды?
5. “Әскери коммунизм” деген сөз қайдан пайда болды?

Оқушылардың жауаптарын тыңдап, мұғалім қорытынды жасайды.

3-4. “Азық-түлік салғырты 1921 жылдың көктеміндегі терең экономикалық және саяси тоқыраудың негізгі себебі болды” деген В.И.Лениннің сөзін келтіріп, жаңа экономикалық саясатқа көшудің қажеттілігін мұғалім оқушыларға түсіндіреді. ЖЭС-ке көшу мәселесі 1921 жылғы наурызда болған РК(б)П-ның X съезінде қаралып, қабылданды. Оқушылардың назарын азық-түлік салғыртынан азық-түлік салығына көшудің шаруалар үшін маңызды болғанына аудару қажет. Салғырт пен салықтың айырмашылықтарына тоқталған жөн. Оқулық материалына қосымша мәселені нақтылай түсу үшін хрестоматиядағы Жаңа экономикалық саясатқа көшу (1921 ж.), салғыртты табиғи салықпен ауыстыру туралы X съезд құжаттарын пайдалануға болады.

Оқушылардың ойын дамыту мақсатында, мына төмендегі тұжырымдар мұғалімнің пайдалануына ұсынылады, салыстырып талдау жасауға да болады.

#### **ЖЭС КСРО-ның өнеркәсібінде (1921—1929 жж.)**

- Жеке және аралас капиталды ұлғайту.
- Мемлекеттік кәсіпорындардың дербестігін арттыру. Шаруашылық есеп.
- Еңбекақы төлеудегі теңгерімшілікті жою, заттай жалақыны ақшалай жалақыға ауыстыру.
- Шетел капиталын тарту.
- Жұмысшылардың күшімен рынокты құру, еріксіз еңбекке тыйым салу.

#### **ЖЭС КСРО-ның ауыл шаруашылығында (1921—1929 жж.)**

- Салғыртты табиғи салықпен ауыстыру.
- Азықты орталықтан бөлуді жою. Нан және басқа тамақ өнімдерін еркін саудалауға оралу.
- Жерді жалға алуға және жалдамалы еңбекті пайдалануға шектеулі түрде рұқсат ету.
- Ауыл шаруашылығы кооперациясын және келісімшарттық жүйені (контракт) дамыту.

Мұғалімнің тақырып бойынша оқушыларға мәлімет беруі үшін 2-, 3-кестелер ұсынылады.

**XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы КСРО-ның  
ауылшаруашылық өндірісі**

Өнім түрі	1928 жыл	1930 жылдардың соңы
Астық, жылына млн т	73	75—80
Ет, жылына млн т	5	4—5
Сүт, жылына млн т	30	30
Ірі қара мал, жылына млн бас	60	50

**XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы КСРО-дағы тамақ  
өнімдерін тұтыну (жылына, жан басына шаққанда, кг есебімен)**

Өнім түрі	1928 жылғы	1940 жылғы
Ұн, жарма	250	196
Картоп	141	143
Сүт және сүт өнімдері	242 (1924 жылға)	127 (1939 жылға)
Ет, май және т.б.	35—40	20

5. КСРО-ның құрылуы (1922 жылғы 30 желтоқсан) кезінде және КСРО Конституциясын бекіту туралы түсінік берген кезде “Дүниежүзі тарихының” хрестоматиясында көрсетілген құжаттарды пайдалануға болады.

КСРО (30. XII. 1922 ж.) — РКФСР, УКСР, БКСР, ЗКФСР.

КСРО (5. XII. 1936 ж.) — 15 одақтас республика.

6. КСРО-дағы индустрияландыру, оны іске асыру жолдары оқушылардың есіне салынады. КСРО-дағы индустрияландыру картасын пайдаланып, аса ірі құрылыстарды атап көрсетіп, Кеңестік Ресей аграрлы елден аграрлы-индустриялы елге айналғаны туралы әңгімелей отырып, мұғалім 4-кесте бойынша индустрияландырудың сипатын түсіндіреді.

**XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы КСРО-дағы  
индустрияландыру қорытындысы және негізгі сипаты**

Сипаты	Қорытындысы
1	2
Жедел қарқын Өз күші және құралына сүйеніп	Өнеркәсіп кәсіпорындарының саны өсті: 1928—1932 жылдар — 1500

1	2
Экономикадан тыс мәжбүрлеу Шетел тәжірибесін пайдалану Ауыр және қорғаныс өнеркәсібінің жоғары дамуы	1933—1937 жылдар — 4500 КСРО 1940 жылғы өнеркәсіп өнімінің түрлерінен дүниежүзінде АҚШ-тан кейінгі 2-орынға шықты

Индустрияландыру — өнеркәсіпте, ең алдымен, өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын өндіретін салаларды құру, дамыту, ірі машина жасау өндірісін жетілдіру процесі. Индустрияландыру КСРО-да бірінші және екінші бесжылдықтарда жүзеге асты.

7. Бұл тақырыпшаны баяндаған кезде оқу құралына қоса хрестоматиядан БҚ(б)П-ның XV съезінің және ұжымшар қозғалысы туралы құжаттарды пайдалануға болады. Мұғалім КСРО-дағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларына және мұның барысында кездескен қиыншылықтар мен асыра сілтеушіліктерге тоқталады. Шаруаларды кооперациялаудың лениндік принциптерін Сталиннің “жаппай ұжымдастыру” саясатымен салыстырып түсіндіру оқушылардың осы саясатты ажырата білуіне көмектеседі.

8. Соңғы тақырыпшаны түсіндіргенде, мұғалімге ретіне қарай қосымша құжаттарды (уақытқа байланысты) пайдалануға болады. Тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі, партиялық басшылық, т.б. туралы түсінік беріледі. Осы мәселені нақтылай түсу үшін 5-, 6-кестелерде берілген мәліметтерді келтіруге болады.

5-кесте

**XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы кеңес қоғамының әлеуметтік құрамы**

Жылдар	1928	1939
Халықтың жалпы саны, млн адам	152,4	170
Буржуазия	4,6	—
Шаруалар, қолөнершілер, ұсақ қолөнершілер	74,9	2,6
Қызметкерлер және жұмысшылар	17,6	50,2
Ұжымшар мүшелері мен кооперацияланған қолөнершілер	2,9	47,2

**ГУЛАГ  
(XX ғасырдың 30-жылдары)**

	1 мамыр 1930 ж.	1 наурыз 1940 ж.
Түрме және лагерьлер	279	536
Сотталғандар	171 251 адам	1 668 200 адам

**Тақырыпты бекіту сұрақтары**

1. “Әскери коммунизм” саясаты қай жылдарда болды?
2. Жаңа экономикалық саясат қай жылы қабылданды?
3. КСРО қай кезде құрылды және оның құрамына қандай республикалар кірді?
4. Ұжымдастырудың қандай зардаптары болды?

**Үйге тапсырма.** Кестені толтыру (салыстыру).

“Әскери коммунизм” саясаты	ЖЭС
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азық-түлік салғыртын енгізу</li> <li>2. Қала мен деревня арасындағы азық-түлікті тікелей айырбастау</li> <li>3. Жерді жалға беруге, ауыл шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етпеу</li> <li>4. Жекеменшік саудаға жол бермеу Азық-түлік, халық тұтынатын тауарларды карточкалық, таптық принцип бойынша мемлекеттік жолмен бөлу</li> <li>5. Ақша құнының түсуі нәтижесінде жалақыны затқа айналдыру, мемлекеттік қызмет көрсетудің (пәтер, көлік, т.б.) тегін болуы</li> </ol>	

**§ 8. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ**

**Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы АҚШ-тың дамуына сипаттама беріп, әлеуметтік-экономикалық және саяси даму ерекшеліктерін ашып көрсету. Техникалық прогрестің жоғары өркендеуіне қарамастан, АҚШ-тағы экономикалық тоқыраудың себептерін түсіндіру. Осы тоқыраудан шығудағы Ф.Рузвельттің “Жаңа бағыт” реформасының маңызын нақты фактілермен әңгімелеп, саяси бағыттағы жаңалығын атап көрсету.

*Дамытушылық.* Оқушылардың назарын негізгі түсініктер мен ұғымдарға аударып, ол түсініктерін ұғынықты баяндауға баулу.

*Тәрбиелік.* Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың жағдайын сипаттай келе, саяси іскерлік мысалдарын өңгімелеу.

#### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “XX ғасырдың бірінші жартысындағы АҚШ-тың саяси-экономикалық дамуы”, “XX ғасырдың бірінші жартысындағы АҚШ”, Дүниежүзінің саяси картасы.

*Сабақтың әдісі:* интерактивті белсенділікті арттыру (логикалық сұрақ-жауап, өңгіме, мәтінмен жұмыс).

#### **Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың АҚШ-қа тигізген әсері.
2. 1922—1929 жылдардағы АҚШ-тың ішкі саясаты және сыртқы саясаты.
3. 1929—1933 жж. АҚШ-тағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері.
4. Президент Ф.Рузвельттің “Жаңа бағыты”.
5. “Жаңа бағыттың реформалары”.
6. АҚШ-тың дүниежүзілік рөлі. Панамериканизм және оқшаулану саясаты.

#### **Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар**

“Дауэс жоспары”, “Юнг жоспары”, “Вильсонның 14 бабы”, “Ұлы дағдарыс жылдары”, “Жаңа бағыт”, “Ұлттық өнеркәсіпті қалпына келтіру” туралы заң, оқшаулану саясаты, “Ізгі көрші” саясаты.

#### **Негізгі оқиғалар:**

- 1918 жылғы 8 қаңтарда** — “14 баптан” тұратын дүниежүзі елдерінің болашағына байланысты бағдарлама қабылданды.
- 1928 жылы** республикашыл Герберт Гувер президент болды.
- 1929—1933 жылдарда** АҚШ-тағы экономикалық дағдарыс.
- 1932—1945 жылдарда** демократ Франклин Рузвельт президент болды.
- 1933 жылы** “Жаңа бағыт” реформасы басталды.
- 1935 жылы** бейтараптық туралы заң қабылданды.

#### **Бірінші нұсқа**

Сабақ үй тапсырмасын тексеруден басталады. Одан кейін мұғалім сабақтың мақсатын қалыптастырады және оқушыларға өңгіме барысында АҚШ пен Германияда және Ресейдегі жағдайларға не ортақ болды, айырмашылығы қандай

және оның себептері туралы ауызша жауап даярлау немесе қағазға түсіріп отыру тапсырылады. Бұл логикалық тапсырманы сабақ соңында немесе жалпы тақырыптың әр тақырыпшасын қарастырған кезде тексеруге болады. Мұғалім оқушылардың ойын тыңдап, қорытынды жасайды.

### *Екінші нұсқа*


Сабақ жоғарыдағы логикалық тапсырманы қарастырудан басталады, үй тапсырмасы сабақ барысында жаңа материалмен хронологиялық және тақырыптық байланыстар жасау арқылы тексеріледі. Бекіту кезінде жалпы қорытынды жасалынады.

1. Оқушылардың біліміне сүйеніп төмендегі сұрақтар жөнінде әңгімелесуге болады.

1. АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысқа қай жылы кірісті?
2. АҚШ үкіметі мұхиттың арғы жағындағы соғысқа қалай қарады?
3. АҚШ үшін соғыстың пайдасы зор болды. Неліктен?

Әңгімелесуден кейін мұғалім қорытынды жасайды. АҚШ-тың басқа елдерден айырмашылығы — соғыстан шығын шығармай шықты, керісінше, соғыс өнеркәсібінің өсуі үшін тиімді негіз қалады, американдық кәсіпкерлердің одан әрі баюына мүмкіндік туғызып, АҚШ-ты күшті капиталистік державаға, дүниежүзіндегі ең бай несие берушіге (кредитор) айналдырды. 1920 жылы әлемдегі таскөмір өндірудің жартысына жуығы, шойын мен болат өндірудің 35%-ы, автокөлік жасаудың 85%-ы АҚШ-тың үлесіне тиді. АҚШ-тың халықаралық экономика қуатының өсуі оның әлемдік саясаттағы белсенділігін ұлғайтты. Мұғалім президент В.Вильсонның 1918 жылғы 8 қаңтардағы “14 бап” бағдарламасының мазмұнымен таныстырады. Жоспардың бірінші тармағы бойынша мұғалім әңгіме барысында қажетті тарихи құжаттарды айтады. (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып. АҚШ бөлімі. Алматы: Мектеп, 2013.)

2. Бұл мәселе бойынша мұғалім төмендегі сұрақ арқылы оқушылардың оқулық мәтінімен өздік жұмысын ұйымдастырады.



АҚШ-тың сыртқы саясаты туралы әңгімелегенде мыналарға көңіл аударылады:

- АҚШ оқшаулану саясатын ұстанды.
- “Жетекші елге айналу бағытындағы саясаты”.
- “Дауэс жоспары”, “Юнг жоспары”.
- Қытай және Латын Америкасы елдеріне байланысты саясаты.

3. Келесі тақырыпшаны сөз етер алдында оқушыларға мынадай мазмұндағы сұрақ беріледі: “Неліктен дүние-жүзілік экономикалық дағдарыс, әсіресе АҚШ-та соншалық күшті болды?” Осы сұрақтың жауабы арқылы тақырып дамытылады. 1929 жылғы қазан айының соңында Нью-Йорк биржасындағы күйреу экономикалық дағдарыстың басталғанын әйгіледі. АҚШ-тағы банктің 40%-ы банкротқа ұшырады. Биржаның бұлай күйреуін АҚШ тарихы бұрын-соңы білмеген еді. Оның себебі өнеркәсіптегі тоқыраудың тереңдей түсуі болды. Өнеркәсіп өндірісі ғасырдың басындағы деңгейге құлдырады, ол 1932 жылы 1919 жылға қарағанда 50%-ға қысқарды. 13 млн адам жұмысынан айырылды. Өнеркәсіп және қаржы жүйесіндегі тоқырау аграрлық саланы да күйретті. Ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы күрт төмендеді, фермерлер күйзеліске ұшырады. 1929 жылдан 1932 жылға дейін қарызын төлей алмағандықтан, 897 мың ферма сатылды, бұл жалпы фермалардың 14,3%-ын құрады.

Басқа Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда АҚШ-тың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің айырмашылығын түсіндіріп, “Қатал индивидуализм” идеологиясына түсінік беріледі. Кең ауқымды шараны бұқара халық қана емес, ірі американ бизнесі де талап еткені атап көрсетіледі.

Мұғалім президент Г.Гувердің жүргізген ақырғы шараларынан мысал келтіре отырып, 1932 жылғы қарашадағы сайлауда Гуверге демократиялық партияның өкілі Франклин Делано Рузвельт бәсекелес болғанын әңгімелейді. Ф.Рузвельт АҚШ тарихындағы ерекше тұлғалардың бірі екендігін ескере отырып, ол туралы мұғалім бірнеше оқушыға баяндама және хабарлама оқытуына болады. Тапсырма алдын ала беріледі.

*Франклин Делано Рузвельт* — 1882 жылы Гудзон өзені бойында (Нью-Йорк штаты) дүниеге келген.

Рузвельт саясатқа ерте араласты, 1910 жылы демократиялық партиядан Нью-Йорк штатына сенатқа сайланды. 1913 жылы президент Вильсон оны теңіз министрінің орынбасары етіп тағайындады. 1928 жылы Нью-Йорк штатының губернаторы болып сайланды. Бұл — ақуіге кірудің басы еді. Ол американдықтарға “Жаңа бағытын” ұсынды.

1932 жылғы сайлауда Рузвельт 22,8 млн дауыс жинап, 1933 жылы 3 наурызда елбасылық қызметіне кірісті. (Рузвельт туралы материалды мұғалім Н.Н.Яковлевтің кітабынан табады. “Франклин Рузвельт — личность и политик”. — М., 1969.)

4-5. Рузвельт билікке өте күрделі кезеңде келді. Тез арада шұғыл шараларды жүзеге асыруға тура келді. Конгресте үш жарым айдың ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, ақша-несие салаларын қамтитын 70-тей заң қабылданды.

Оқулықта “Жаңа бағыттың” маңызды шаралары туралы нақты айтылған. Сондықтан әртүрлі жұмыстың түрін ұйымдастыруға болады. Егер мұғалім тақырыптың бұл тармағының мазмұнын өзі ашуды ұйғарса, түсіндірудің алдында оқушыларға логикалық сұрақтар беруіне болады:

1. Экономика қандай жолмен реттелді?
2. “Жаңа бағыт” саясатын XX ғасырдың Америка тарихындағы түбірлі өзгеріс кезені деп атауға бола ма?

1-кесте

Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты (1933—1941)

1	2
Алғашқы шаралар	Банк реформасы. Жұмыссыздарға көмек ұйымын құру. Жұмыссыз жастар лагері. Тозығы жеткен аймақты мемлекеттік корпорация құру жолымен жаңарту.
Ұлттық өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы Заң (НИРА)	I бөлім — “Әділ бәсеке кодекстерін” енгізу. II бөлім — кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы қатынасты реттеу. III бөлім — қоғамдық жұмысқа, мемлекеттік өнеркәсіп, әскери және т.б. нысандар құрылысына қаржы бөлу.
Ауыл шаруашылығын ретке келтіру заңы	Фермерлі шаруашылыққа материалдық көмек. Ферма өнімдерін сатып алу. Бағаны реттеу.
Өлеуметтік реформалар	Еңбек қатынастары туралы заң (Вагнер заңы). Өлеуметтік қамсыздандыру туралы заң, т.б.

1	2
Жоғарғы Сот реформасы	Президент билігін нығайту.
Сыртқы саясаты	“Бейтараптық” туралы заң. “Оңашалану” бағытын ұстанды. “Ізгі көрші” саясаты.
Міндеті	Экономиканы мемлекеттік тұрғыдан реттеу.

Сабақ барысында 1-кестеде көрсетілген мәселелерді нақтылай түсу үшін “Дүниежүзі тарихы” хрестоматиясынан тиісті құжаттарды пайдалануға болады. Атап айтқанда, өлеуметтік қамсыздандыру туралы заң (14 тамыз 1935 жыл), Рузвельттің Конгреске жолдамасы (17 мамыр, 1933 жыл), ауыл шаруашылығын жақсарту туралы заң (12 мамыр, 1933 жыл), т.б.

Мұғалім оқушыларға берілген логикалық тапсырманы талдап, қорытынды жасайды.

**Үйге тапсырма.** §8-тың соңындағы сұрақтарға қосымша мыналарды беруге болады:

1. Ф.Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты кезінде экономикаға мемлекеттің араласуы неден көрінеді?
2. “Жаңа бағыт” саясаты Америка қоғамдық өміріне қандай жаңа келбет әкелді?

## II бөлім. 1918—1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

### § 9. ЖАПОНИЯ

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі Жапонияның ішкі және сыртқы жағдайы туралы түсіндіру. Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы Жапонияның саяси-экономикалық дамуына сипаттама беріп, елдің билеуші топтарының жүргізген ішкі және сыртқы саясатының озбырлық бағытын нақты фактілермен ашып көрсету.

**Дамытушылық.** Оқушыларды әр елдің ішкі және сыртқы саясатына талдау жасауға, өз пікірін білдіруге баулу.

**Тәрбиелік.** Әлемді қырғын соғысқа қиліктіргендердің бірі Жапония милитаристері екеніне оқушылардың назарын аудару. Бейбіткерлік рухқа тәрбиелеу.

#### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “Тынық мұхит пен Азиядағы Жапония басқыншылығы”, “Екінші дүниежүзілік соғыс”.

**Сабақтың түрі:** дәріс түгелдей жаңа материалды түсіндіруге арналады.

#### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапония.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің жағдайы.
3. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапония.

#### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Танака жоспары, “Жаңа экономикалық құрылым және саяси құрылым” бағдарламасы, “Таққа көмектесу қауымдастығы”, “Күріш бүліншілігі”, “Үштік одақ”.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1924—1932 жылдарда** елді саяси партиялар басқарды.

**1923 жылы** Маньчжоу-го мемлекеті құрылды.

**1933 жылы** Жапония Ұлттар Лигасынан шықты.

**1937 жылғы 7 шілдеде** Қытайға соғыс ашты.

**1939 жылы** Моңғолияға шабуыл жасады.

**1940 жылғы 27 қыркүйекте** Жапония, Германия, Италия “Үштік пакт” аталған соғыс одағын құрды.

**1945 жылғы 2 қыркүйекте** Жапония тізе бұгу туралы актіге қол қойды.

Қайталауды үй тапсырмасының сұрақтары арқылы жүргізу ұсынылады.

1. Бірінші тақырыпшаны оқушылар жеңіл меңгереді. Оның мазмұны негізінде оқушылар сұрақтарға жауап дайындайды.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапонияның сыртқы саясатының басқыншылық сипатын анықтандар.
2. Күріш бүліншілігінің себебін, оның қамтыған аумағын анықтап, қозғалысқа баға беріндер.

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, мәселені нақтылай түсу үшін хрестоматиядағы (9-сынып) “Күріш бүліншілігі” кезіндегі халықтың наразылығын айтып өтуге болады.

“Күріш бүліншілігі” Жапония халқының стихиялық түрде өткен наразылығы, саналы қозғалыстың өршуіне жол ашқан маңызын түсіндіру.

2. Мұғалім оқушылардың назарын Версаль конференциясының шешіміне аударып, бұрын Германияға қараған жерді Жапония өзіне қаратып алғанын айтып, картадан көрсетеді. Ресейдің құрамындағы Приморье, Солтүстік Сахалин жерлерін 1922—1925 жылдарға дейін Жапония ұстап тұрғаны айтылады. Американ үкіметінің ұсынысы бойынша 1921—1922 жылдарда Вашингтонда конференция өтіп, онда Қиыр Шығыс пен Тынық мұхитқа байланысты мәселелер қаралды. Жапония біраз шегініс жасауға мәжбүр болып, Шаньдун провинциясынан бас тартып, өз әскерін әкетсе де, Қытайдағы өзінің “айрықша мүдделерін” талап етуін жалғастырды. Бірақ Жапония Жапон аралдарына 5 мың шақырымнан жақын жерде әскери-теңіз базасы болмайтындығы жөнінде АҚШ пен Англиядан кепілдік алып, үлкен стратегиялық жеңіске жетті. Конференциядан кейін-ақ Жапония оның шешімдерін қайта қарау жолын таңдады, сөйтіп АҚШ пен Ұлыбритания басты бәсекелеске айналды.

Бұл тақырыпшаны түсіндірудің алдында оқушылармен төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме жүргізіледі:

1. Жапония мемлекеттік құрылысының басқа капиталистік елдерден қандай айырмашылығы болды?
2. 1889 жылы қабылданған Конституция бойынша император қандай билікке ие болды?
3. Бұл Конституцияның сипаты қандай?
4. Жапония парламентін Англия парламентімен салыстырыңдар.

Мұғалім оқушылардың жауабын талдап, қорытынды жасайды. 1889 жылғы Конституцияның 37- және 70-баптарын мысалға келтіріп, Жапониядағы император билігінің құқықтарын естеріне салады. Оқушылардың назарын оқып отырған кезеңдегі Жапонияның мемлекеттік құрылысына аударып, билеуші топтарының ішкі саясатын нақты фактілермен ашып көрсетеді. Мәселені толықтыра түсу үшін оқулыққа қосымша материалдар пайдалану керек. 1924—1932 жылдар арасында Жапониядағы саяси партиялардың ел басқарып келгенін айтып, тақтаға осы партияның аттарын жазып, олардың кейбіреулеріне түсінік бере кету керек.

Халықтың сайлау құқы туралы айтқанда, 1889 жылғы Конституция бойынша сайлау құқығына халықтың 1%-ы ғана ие болса, 1925 жылғы заң бойынша сайлауға қатысушылар саны ұлғайтылып, халықтың 16%-ын құрағаны атап көрсетіледі. Билеуші топтардың саясатына түсінік бергенде, оның озбырлық бағытта болғанына мысалдар келтіріледі. Жапонияның премьер-министрі Танака 1927 жылы императорға ұсынған меморандумында Қиыр Шығысты басып алу және Тынық мұхиттан АҚШ-ты ығыстыру бағдарламасын жасаған еді.

Танаканың жоспарын әңгімелеген кезде хрестоматиядағы 1927 жылғы 25 пілдедегі “Танака меморандумы” құжатының мазмұнын пайдалануға болады.

Танака жоспарының басқыншылық сипатын ашып, соғысқа әзірлену үшін әскери қуатын нығайтып, теңіз флотын ұлғайтуға кіріскені жөнінде мысалдар келтіріледі.

Мұғалім мынадай мәселелерге көңіл аударады:

- Жапонияда 1920—1930 жылдары экономикалық дағдарыс орын алды. Жұмыссыздық күшейді.
- Елде саяси күрес арта түсті. Түрлі топтар талаптарының мазмұны және сипаты.
- Жаңа үкіметтің қолға алған шаралары: қарулану, Жапония мен Маньчжурияны қорғау жоспары.
- “Жаңа экономикалық” және “Жаңа саяси құрылым” бағдарламалары.

3. Мұғалім Жапония билеушілерінің озбырлық саясатын өзінің жақын көршілеріне жүргізуден бастағанына тоқтала келіп, Азиядағы басқыншылығын картаны және т.б. көрнекі құралдарды (сұлба, картаны) пайдалану арқылы түсіндіреді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы кішігірім соғысты бастаушылардың бірі Жапония болды. Жапонияның Қытайдағы әрекеттерін түсіндіргенде, Қытайдың өз ішіндегі тартыстар мен бытыраңқылық жапон империалистерінің басқыншылық әрекеттеріне жеңілдік туғызғаны және 1931 жылы Маньчжурияны (Солтүстік-Шығыс Қытай) жаулап алып, алдағы уақыттағы басқыншылыққа дайындық үшін тірек етпекші болғандығын оқушылардың есіне салу қажет. Жапонияның Қытайдағы әрекеттерін Ұлттар Лигасы әшкереледі. Жапония оған жауап ретінде Ұлттар Лигасынан 1933 жылы шығып кетті. Каноз үкіметі 1937 жылы 7 шілдеде Қытайға үлкен соғыс ашып, оның ішкі аудандарын жаулай бастады. 1939 жылы жапон әскерлері Моңғолияға шабуыл жасады. Жапонияның бұл басқыншылығына басқа елдердің жол бергені атап өтіледі.

Екінші дүниежүзілік соғыстың картасынан Жапонияның жаулап алған елдерін атап көрсетіп немесе атлас карталарынан оқушылардың өздеріне сол елдерді және оларды жаулап алған уақытты анықтауды тапсыруға болады. Оңтүстік-Шығыс Азия, Қиыр Шығыс халықтарын езгіге салды. Қытайды басып-жаншып, тонады. Үндіқытай елдері де тоналды. Оқушылардың назарын АҚШ-тың Тынық мұхиттағы әскери-теңіз базасы — Гавайядағы Пёрл-Харбор базасына Жапон крейсерлері мен ұшақ таситын кемелері шабуыл жасағанына аударуға болады. Бұл жағдай АҚШ пен Жапонияның арасын ушықтыра түсіп, АҚШ ұшақтары Жапон аралдарын бомбалауға кірісті. Американдық ұшағы атом бомбаларын 1945 жылы 6 тамызда Хиросима, 9 тамызда Нагасаки қаласына тастап, адамзат тарихында бұрынсоңды болып көрмеген қылмыс жасағаны айтылып, оқушыларға сұрақтар қойылады:

1. АҚШ-тың атом қаруын қолдануы соғыс қажетінен туды ма?
2. АҚШ-тағылар егер Жапония аралдарына әскер түсірсек, көп шығынға душар болар едік, осыны болдырмау үшін атом қаруы қолданылды деп ақталады. Сендер қалай ойлайсындар?

КСРО-ның 1945 жылы 9 тамызда соғысқа кірісуі Қиыр Шығыстағы соғыс ошағы — Жапонияның 2 қыркүйекте тізе бүгуімен аяқталғанын әңгімелеп, соғыс сәттерін көрсететін суреттер, карта-сұлбалар, құжаттар арқылы мәселені қорытындылауға болады.

#### ***Тақырыпты бекіту үшін қойылатын сұрақтар***

1. Жапонияның Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар қарсаңындағы сыртқы саясатының ұқсас жақтарын атаңдар.

2. Жапония үкіметінің экспансиялық және милитаристік саясатын түсіндіріңдер.

**Үйге тапсырма.** §9-тың соңындағы сұрақтарға қосымша мына сұрақтарға дайындалу ұсынылады:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония өнеркәсібінің жоғары дамуына не себеп болды?
2. Фашистік және милитаристік мемлекет деп аталуы неліктен?

## § 10. ТҮРКИЯ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** 1918—1923 жылдардағы Түркия халқының ұлт-азаттық күресінің себебі мен алғышарттары сұлтандық үкіметтің Германияны жақтап дүниежүзілік соғысқа қатысуынан туған шаруашылық күйзеліспен тығыз байланысты екенін, негізгі қозғаушы күш Түркия шаруалары болғанын, ал саяси басшылығында ұлттық буржуазия топтары тұрғанын ашып көрсету.

**Дамытушылық.** Түркия Республикасының орнауы мен дамуы туралы әңгімелей отырып, М.Кемалдың басшылығымен жүргізілген әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар елдің ішкі және халықаралық жағдайын тұрақтандырып, халықтың ахуалын түзегенін түсіндіру.

**Тәрбиелік.** Ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде Таяу Шығыстағы елдердің ішінде көзге түсіп, ұлттық тәуелсіздігі мен егемендігі беки түскен Түркия Республикасы осы жолда басқа елдерге үлгі болғанын оқушылардың есіне салу.

### **Көрнекі құралдар**

**Карталар** — Түркияның саяси-экономикалық картасы, “XX ғасырдың бірінші жартысындағы Түркия”, “Екінші дүниежүзілік соғыс”, Түркияның карта-сұлбасы, т.б.

**Сабақтың әдісі:** интерактивті белсенділікті арттыру (әңгімелесу, хронология жарысы, топтық жұмыс, құжатпен жұмыс).

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Түрік халқының ұлт-азаттық қозғалысының басталуы. Құқық қорғау ұйымдарын құру.
2. 1921—1922 жж. Ресей-Түркия келісімдері. Сакария шайқасы.
3. Кемал үкіметінің реформалары.
4. 1930 жылғы Түркия Республикасының халықаралық беделінің тұрақтануы.
5. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркия.

## ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Ұлт-азаттық қозғалыс, буржуазиялық-патриоттық қоғамдар, Кемалдық революция, партизандық қозғалыс, Ұлы халық жиналысы, ұлттық-демократиялық революция, Түркия Республикасы.

### **Негізгі оқиғалар:**

**1918—1923 жылдар** — Түркиядағы ұлт-азаттық қозғалыс.

**1881—1938 жылдар** — Мұстафа Кемал паша.

**1921 жылғы 16 наурыздағы** Түркия-Ресей келісімі.

**1922 жылғы қарашада** Сұлтан билігін жою туралы заңның қабылдануы.

**1923 жылғы 29 қазанда** Түркия Республикасының жариялануы.

**1924 жылғы 20 сәуірде** жаңа Конституция қабылданды.

**1932 жылы** Түркия Республикасы Ұлттар Лигасына қабылданды.

Мұғалім тақырыпқа арналған кіріспе сөзінде Осман мемлекетінің құрылуы мен XIV—XVII ғасырларда жаулап алған жерлері арқылы Осман империясының одан әрі ұлғаюын оқушылардың есіне түсіреді. Балқан соғыстары, 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы, Осман империясындағы дағдарыстар және “Жас түріктер революциясы” туралы өткен курстағы мәліметтерді сұрақ-жауап арқылы еске түсіріп, жаңа тақырыпты түсіндіру үшін дайындық жүргізіледі.

1. Соғыстың зардаптарын түсіндіргенде, мұғалімнің қосымша деректерді келтіруіне болады. Төртжылдық соғыс Осман империясының экономикасына үлкен шығын әкелді. 1918 жылдың соңында соғысқа салған салым 1 млрд лир болды. Соғыс кезінде Түркия Германияға тәуелді жағдайға түсті. Түркия министрліктерінде неміс кеңесшілері мен мамандары жұмыс істеді. Армия мен флотта басшылық орындар герман офицерлерінің қолында болды. Соғыстың соңында Түркияда 800 герман офицері мен 1800 солдаты тұрып жатты. Германия Түркияны өзінің қаржылық және әскери вассалына айналдырды. Негізгі ауыртпалықты халық бұқарасы көтерді. Мұғалім ұлт-азаттық күрестің алғышарттарына тоқталып, соғыста жеңілген Түркия жеріне Антанта тобының әскерлері енгізілгендігі туралы картаны пайдаланып түсіндіреді. Англия, Франция, Италия және Грекияның әскерлері басып алған жер картадан көрсетіледі.

2. Сабақты әңгіме түрінде өткізу арқылы Түркия халқының ұлт-азаттық күресінің алғышарттары мен қозғаушы күштері анықталады. Азаттық қозғалыстың басшылығында ұлттық буржуазия тұрғанын айтып, буржуазиялық-

патриоттық қозғалыстарға түсінік беріледі. Ұлт-азаттық қозғалысты генерал Мұстафа Кемал басқарды. Түркияның бірінші президенті (1923—1938 жж.) Мұстафа Кемалдың өмірі мен қызметі туралы оқулықта айтылған. Мұғалім оқулықтағы материалға қосымша құжаттарды пайдаланып, түрлі суреттерді көрсетіп, мәселені нақтылай түсуіне болады.

Мұғалім мәселелерді ретімен түсіндіреді:

— 1919 жылғы “Құқық қорғау ұйымдарының” Конгресі. Сивас Конгресінде сайланған уәкілді комитет халықты азаттық күреске жұмылдырды.

— Анадолы жерінде партизандық қозғалыс өрістей түсті.

— 1920 жылы Анкара қаласында Ұлы халық жиналысы шақырылып, Түркияның тәуелсіздігі мен бүтіндігі жарияланды. М.Кемал бастаған жаңа үкімет құрылды.

3. Оқушылардың назарын 1921 жылғы 16 наурыздағы Түркия — РКФСР достық келісіміне аударып, Ресейдің Кемал үкіметіне көрсеткен көмегі туралы мысал келтіріледі.

Мәселені нақтылай түсу үшін хрестоматиядағы 1921 жылғы 26 ақпанда болған РКФСР және Иран (Парсы) арасындағы келісімінің мазмұнын талдауға болады (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2013.).

Азаттық күрестің шешуші шайқастары туралы түсінік бергенде, картаны пайдаланып, революциялық армияның жеңістеріне және осы шайқастардың нәтижелеріне басты назар аударылады. Оқушыларға әңгіме барысында мына сұрақтарға жауап әзірлеп отыруы тапсырылады:

1. Революциялық армия қатарында кімдер болды?
2. Бүкіл елден Антанта әскерлерін шығарудың себебі неде?
3. Түрік сұлтаны елден неліктен аластатылды?

Түркия халқының ұлы жеңісі Лозанна бейбітшілік конференциясында бекітілгені және оның маңызы аталады. Атап айтқанда, Түркия жеті мемлекетпен бейбітшілік келісім жасады. Аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік тәуелсіздігі мойындалды. Антанта әскерлері Түркия жерінен шығарылды.

Шетел мемлекеттерінің саяси және экономикалық артықшылығы жойылды.

4. 1918—1923 жылдардағы күрес ұлттық буржуазияның басшылығымен, бүкіл Түркия халқының қатысуымен болып,

ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. Мұғалім Кемалдық үкіметтің жүргізген саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістерін оқушыларға оқулықтан оқып-білуді тапсырады. Бүкіл сынып оқушыларын қамтып, әрі уақытты үнемдеу үшін тапсырманы топтық жұмыс түрінде орындау тиімді (сұлба тақтаға сызылады) болмақ.

I топқа берілетін тапсырма.

Кемал үкіметінің саяси өзгерістері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

II топқа берілетін тапсырма.

Кемал үкіметінің әлеуметтік өзгерістері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

III топқа берілетін тапсырма.

Кемал үкіметінің экономикалық өзгерістері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

Мұғалім әр топтағы оқушылардың жауаптарын талдап, толықтырады және мәселенің мазмұнын ашу үшін хрестоматиядағы Ашар салығын (1341 ж.) жою, жаңа жер салығын енгізу туралы заңды оқып, талдатуға болады. Құжат бойынша қойылатын сұрақтар:

1. Ашар салығы деген не?
2. Жаңа жер салығы тиімді болды ма?
3. 10% және 8% көлеміндегі салық қандай өнімдерге салынды?

5. Түркия мемлекетінің экономикалық жағдайының тұрақтануына байланысты оның халықаралық жағдайы да беки түскенін нақты фактілер келтіру арқылы дәлелдей түскен жөн.

6. Мұғалім бұл мәселені баяндаған кезде оқушыларға мынадай сұрақтарға ойша жауап әзірлеп отыруды ұсынуына болады:

1. 1939 жылғы қыркүйек айында Мәскеуге келген Түрік делегациясы қандай ұсыныс жасады?
2. Кеңес үкіметі бұл ұсынысқа құлақ аспағаннан кейін, Түркияға қандай мемлекет жақындаса бастады?
3. Түркия—Кеңес достық қатынастарының тұрақсыздануына қай жақ кінәлі?

Тақырыпшаны пысықтау кезінде хрестоматиядағы 1940 жылғы 18 қаңтардағы “Ұлттық қорғаныс туралы” заңды талқылаған дұрыс. Бұдан оқушылар Түркия үкіметінің елдің қауіпсіздігін нығайтудағы шаралары туралы түсінік алады.

Тақырыпты бекіту үшін хронологиялық жүйелілікті есте сақтау мақсатында төмендегідей жарыс ұйымдастыруға болады. Жарысқа бүкіл сынып оқушыларын қатыстыру үшін сұрақ жалпы сыныпқа қойылады немесе сыныпты үш топқа бөліп, әр топтан оқушыларды кезекпен шақырып, балл жинау арқылы да өткізуге болады:

I. Мына жылдарға түсінік беріндер	→	1) 1818—1923 жылдар
	→	2) 1881—1938 жылдар
	→	3) 1911—1913 жылдар

II. Мына жылдары Түркия Республикасы қандай заңдар қабылдады?	→	1) 1924 жылғы
	→	2) 1925 жылғы
	→	3) 1926 жылғы

III. Мына даталардың маңыздылығы неде?	→	1) 1923 жылғы 30 қазан
	→	2) 1923 жылғы 13 қазан — 1924 жылғы 3 наурыз
	→	3) 1924 жылғы 20 сәуір
	→	4) 1934 жылғы 24 қараша
	→	5) 1936 жылғы 20 шілде

Мұғалім жарыстың қорытындысын шығарып, оқушылардың жауаптарын бағалайды.

**Үйге тапсырма.** § 10-тың соңындағы 1, 4, 5-сұрақтарға дайындалу. М.Кемал пашаның өмірі мен қызметі туралы хабарлама әзірлеу.

## § 11. ҚЫТАЙ. МОҢҒОЛИЯ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Қытайдың 1918—1939 жылдар аралығындағы ішкі және сыртқы жағдайларына сипаттама беріп, 1919, 1925—1927 жылдардағы революциялық қозғалыстың жалпыхалықтық, антиимпериалистік сипатын ашып көрсету. 1927—1937 жылдары азамат соғысына ұласқан

Гоминьдан мен коммунистердің арасындағы қарулы күрес туралы түсінік беріп, оқушылардың назарын Қытайдағы Кеңестік қозғалысқа аудару. 1937—1945 жылдары Жапон басқыншылығына қарсы күресу үшін біртұтас ұлттық майданның құрылғанын айтып, оның міндеттерімен таныстыру.

*Дамытушылық.* 1918—1940 жылдардағы Моңғолияның саяси-экономикалық даму жолына сипаттама беріп, 1924—1940 жылдардағы реформалардың мөнін ашып көрсету.

*Тәрбиелік.* Оқушылардың бойына ізгілік қасиеттерді сіңіру. Қарапайым халықтың басына түскен ауыртпалықтар жөніндегі тарихи деректерге зер салуға бағыттау.

#### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — Қытайдағы революциялық қозғалыстың картасы, “Ұлттық-революциялық армияның Солтүстікке жорығы” (атлас карта), “Екінші дүниежүзілік соғыс”, “Моңғол Халық Республикасы”.  
*Портреттер:* Сунь Ятсен, Сухэ-Батор.

*Сабақ әдісі:* сұрақ-жауап, логикалық тапсырмалар, топтық жұмыс.

#### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай.
2. Қытай коммунистік партиясының құрылуы. 1920—1922 жж. саяси күресі.
3. Қытайдағы 1925—1927 жылдардағы Ұлттық революция.
4. Гоминьдан мен коммунистердің арасындағы қарулы күрестің басталуы.
5. 1937—1945 жылдардағы Қытай халқының Жапония басқыншылығына қарсы күресі.
6. 1918—1940 жылдардағы Моңғолияның саяси-экономикалық даму жолдары.
7. Моңғолиядағы 1924—1940 жылдардағы экономикалық реформалар.

#### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Антиимпериалистік қозғалыс, Ұлттық Революциялық армия, Ұлттық үкімет, Ұлттық майдан, Чан Кайши үкіметі, ҚКП-ның “қалалық партиядан” “селолық партияға” айналуы, Орталық жұмысшы шаруа үкіметінің құрылуы, біртұтас ұлттық майдан, Моңғолия Халық партиясы, МХР, Моңғолия Ұлы Хуралы.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1919 жылғы 4 мамырда** Қытайдағы антиимпериалистік қозғалыс болды.  
**1921 жылғы сәуірде** Сунь Ятсен Қытай Республикасының президенті болып жарияланды.

- 1925 жылғы 30 мамырда** Ұлттық революция басталды.
- 1926—1927 жылдардағы** Солтүстік жорығы.
- 1931 жылғы қарашада** Орталық жұмысшы-шаруа үкіметі құрылды.
- 1937 жылы** Біртұтас антижапондық майдан құрылды.
- 1937 жылы тамызда** КСРО — Қытай арасындағы шартқа қол қойылды.
- 1921 жылы** Моңғолия Халық партиясы құрылды.
- 1924 жылы** МХР жарияланды.

Сабақтың күрделілігін ескере отырып, үйге берілген тапсырманы толық тексермей, сабақтың барысында өткен сабақ пен жаңа сабақ материалдарын — Қытайдың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы тарихымен байланыстыру үшін сұрақтар қойылады.

1. XX ғасыр басындағы Қытайдың экономикалық даму деңгейі қандай болды?
2. Сунь Ятсен бағдарламасының маңызды жақтары қандай?
3. 1911—1913 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеті қандай және қозғаушы күштері кім?
4. Бұл революция қандай міндетті іске асырды?

1. Бірінші тақырыпшаны оқушылар жеңіл меңгереді. Оның мазмұны негізінде оқушылар төмендегі сұрақтарға жауап дайындайды.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытайдың саяси жағдайы қандай еді?
2. 1919 жылғы “4 мамыр қозғалысының” сипаты қандай?

Оқушылардың жауабын тыңдап, мәселені нақтылай түсу үшін хрестоматиядағы Пекинде 1919 жылғы “4 мамыр қозғалысы” кезінде студенттердің таратқан ұнпарақтарының мазмұнымен таныстыруға болады.

Оқушылардың сұраққа қайтарған жауабын тыңдап, мұғалім қорытынды жасайды: Париж бітім конференциясының шешіміне наразылық жалпыұлттық сипаттағы қозғалысқа ұласты. “4 мамыр қозғалысы” Қытайдағы ең күшті антиимпериалистік, антижапондық қозғалыстардың қатарына жатады.

2. Қытай Коммунистік партиясының құрылуы туралы, Қытай коммунистерінің алғашқыларының бірі, Пекин университеттерінің профессоры Ли Дачжао (1888—1927 жж.) туралы айта отырып, мұғалім әңгімелесу әдісінің көмегімен Қытайдағы ішкі саяси күрестің себебін анықтап, оқушылардың назарын 1920 жылдың жазындағы Солтүстік Қытайдағы әскери милитаристік топтардың саяси күресі мен Оңтүстік Қытайдағы Сунь Ятсен басқарған үкіметтің құрылға-

нына назар аударады. Солтүстік әскери топтар мен шетел державалары Оңтүстік аймақтағы Сунь Ятсен басқарған үкіметті мойындамады. Сунь Ятсеннің үкіметі Кеңес үкіметімен байланыс орнатты. Оңтүстіктегі революциялық топтарға Кеңес үкіметінің материалдық, әскери-соғыс көмегі туралы баяндалады.

Оқушылардың есіне Сунь Ятсеннің “Халықтық үш принципін” түсіріп, Ресейдегі Қазан төңкерісі мен Қытай халқының азаттық жолындағы күрес тәжірибесінің ықпалымен өз принциптеріне жаңаша антиимпериалистік мазмұн бергендігін түсіндіруге болады. Сунь Ятсен “Халықтық үш принципін” үш саяси тұжырыммен толықтырды: ҚСРО-мен одақтасу; ҚКП-мен біртұтас майдан құру, халық бұқарасын тірек ету. Оқушыларға: “Неліктен халық бұқарасының көпшілігі (буржуазия, зиялы қауым, студенттер, жұмысшы-шаруа, т.б.) Сунь Ятсенді қолдады?” деген логикалық сұрақ қойылады. Оқушылардың ойын нақтылай түсу үшін қосымша материалды пайдалануға болады. (Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия. 9-сынып. Алматы: Мектеп, 2013.)

3. Мұғалім тақырыпшаны ретімен талдап түсіндіреді және әңгіме барысында оқушылар 1-кестені өз беттерімен толтырады.

1-кесте

**1925—1927 жылдардағы антиимпериалистік ұлттық революция**

Революцияның қозғаушы күші	Революцияның міндеті	Революцияның жеңілу себебі

Түрткі болған жағдай — 1925 жылғы 30 мамырда Шанхайдағы жұмысшылар мен студенттердің антиимпериалистік ереуіліне ағылшын полицейлері оқ атты. “30 мамыр қозғалысы” бүкілқытайлық революцияға ұласты.

Қозғаушы күші — Қытай халқының барлық топтары (буржуазия, зиялылар, студенттер, жұмысшылар, шаруалар, т.б.).

Сипаты — жалпыхалықтық, антиимпериалистік.

Революцияның жетекшісі — ұлттық буржуазия.

Революцияның бағдарламасы — Сунь Ятсеннің “Халықтық үш принципін”, “Үш саяси тұжырымы”. Біртұтас ұлттық майдан құру.

Революцияның күші — Ұлттық-революциялық армия.

Ұлттық партия — Гоминьдан партиясы.

Орталығы — Кантон қаласы, кейін Ухань қаласы. Хрестоматиядағы құжатты пайдалану арқылы оқушылар Қытай революциясының алдында тұрған таяудағы мақсат тек қана ұлттық бірігу жөне толық ұлттық тәуелсіздікке жету екенін біледі (Ресей телеграф агенттігінің Кеңес — Қытай қатынасы жөніндегі хабарламасы. 1923 жылғы 27 қаңтар).

Революцияға қолдау көрсеткен ел — КСРО.

Жорық жолы — Солтүстікке жорық (Қытайдағы милитаристердің күшін, шетел империалистерінің басты тірегін талқандау).

Қытай революциясының тежелу себебі — ҚКП мен Гоминьдан арасындағы билік үшін тартыс.

Оқушыларға логикалық сұрақтар қойылады:

1. Қытайдағы Коммунистік жөне Гоминьдан партияларының қателігі неде?
2. Халықты тапқа бөліп бір-біріне қарсы қою дұрыс па?
3. Билік мәселесін бейбіт жолмен шешуге болар ма еді?

Гоминьданның жетекшісі Чан Кайши (1887—1975 жж.) революциялық қозғалысты тежеп, төңкеріс жасап, Нанкинде өз үкіметін жариялады. Чан Кайши қанды лаңкестік жолына түсті. Коммунистік партия астыртын жағдайға көшті. Біртұтас антиимпериалистік майдан күйреді.

4. Бұл тақырыпшаны хрестоматиядағы берілген ҚКП-ның VI съезінің құжатын талдаудан бастаған жөн. Оқушылардың назарын ҚКП-ның таптық күрес жолына ауысқанына аударып, Қытай революциясының жаңа кезеңдегі саяси бағдарламасы мен осы кезеңдегі басты ұранымен таныстыру керек. Бағдарламаның барлық (он) пунктін оқып талдағанда, оқушыларға Ресейдегі большевиктер партиясының бағдарламасымен ойша салыстырып отыру тапсырылады. Соңында сұрақ-жауап арқылы оқушылардың қысқаша ой-пікірлерін білуге болады.

Мұғалім Кеңестік аудандарда іске асырылған шаралармен таныстырады. Гоминьдан үкіметі қайткенде де Қытайдағы революция аймақтарын жоюды көздейді.

5. Бұл тақырыпша оқушыларға “Жапония” тақырыбынан таныс болғандықтан, оқулық көлемінде картаны пайдаланып түсіндіріледі. Жаңа жағдайда Қытай халқының басты жауы Жапон империализмі болды. Халықтың

қысымымен Гоминьдан мен ҚКП біртұтас майдан құруға мәжбүр болды. Хрестоматиядан қосымша 1937 жылғы ҚКП мен Гоминьданмен ынтымақ орнату туралы декларация-сын пайдалануға болады.

ҚКП біртұтас майдан мүддесі үшін өзінің саяси-тактикалық принциптерінің кейбір бағыттарын өзгертуге дайындығын білдіреді (оқулықта көрсетілген өзгерістер талданады). Қытай Компартиясы Гоминьдан үкіметіне қарсы бағытталған ұрандарын (“Чан Кайши жойылсын!”, т.б.) алып тастады және “Кеңестік Қытай Халық республикасы!” ұранын “Біртұтас Қытай Халық Республикасы” ұранымен ауыстырады.

Қытай тақырыбын бекітуді сабақ барысында берілген сұрақтар мен кестенің көлемінде жүргізу тиімді.

6. Бұл тақырыпша қысқаша қаралып, Моңғолиядағы Ресейдің қатысуымен болған төңкеріс “халықтық революция” деп жарияланғанына оқушыларды қатыстыру арқылы түсінік беріледі. 1924 жылы Моңғолия Халық Республикасы жарияланады. “Дүниежүзі тарихының” хрестоматиясында Моңғолия тақырыбына байланысты құжаттар берілген, мұғалім оларды сабақты талдау үшін пайдалануына болады.

7. Оқушылар оқулық мәтінін оқып, көрсетілген тапсырманы орындайды.

#### I топқа берілетін тапсырма.

Қандай экономикалық реформалар жасалды?	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....
	→	5).....

#### II топқа берілетін тапсырма.

Қандай асыра сілтеу әрекеттері болды?	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....
	→	5).....

#### Үйге тапсырма.

1. КСРО-ның Қытайдың және Моңғолияның ісіне араласуына баға беру.
2. §11-тың соңындағы Қытай тақырыбы бойынша 1, 5-сұрақтарға және Моңғолия тақырыбы бойынша 6, 7-сұрақтарға дайындалу.

## § 12. ИРАН. АУҒАНСТАН

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңындағы және соғыстан кейінгі Иранның ішкі және халықаралық жағдайын нақты фактілермен сипаттап, оқушылардың назарын Англияның Иранды басып алуына аудару. Ирандағы ұлт-азаттық қозғалыстың ерекшеліктеріне тоқталып, Кеңес үкіметінің осында социалистік революция ұйымдастыру әрекетіне түсінік беру. 1921—1945 жылдардағы Иранның саяси-экономикалық дамуын түсіндіргенде, Пехлеви үкіметінің іс-әрекеттерін ашып көрсету.

**Дамытушылық.** 1918—1945 жылдардағы Ауғанстанның ішкі және сыртқы жағдайын сипаттап, Аманулла ханның реформалық әрекеттері мен 1929 жылы билікке келген Нәдір әулетінің жүргізген саясатына талдау жасап өз пікірлерін білдіруге баулу.

**Тәрбиелік.** Оқушылардың патриоттық сезімдеріне сабақтың мақсатын бағыттау. Ұлт-азаттық күрестің мәніне терең бойлауға тәрбиелеу.

### **Көрнекі құралдар**

“Бірінші дүниежүзілік соғыс”, “Екінші дүниежүзілік соғыс” карталары, Иранның саяси-экономикалық картасы, Ауғанстанның саяси-экономикалық карта-сұлбасы.

**Сабақ әдісі:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, құжатты талдау, мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңындағы Иранның жағдайы.
2. Ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы.
3. Иранның 1921—1945 жылдардағы саяси-экономикалық даму жолдары.
4. 1918—1945 жылдардағы Ауғанстан.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Бейтараптық саясат, ұлт-азаттық қозғалыс, жылымықтар, ақ гвардиялық топтар, Коммунистік интернационал, социалистік құрылыс, Иран жерінде жасанды Кеңес мемлекетін құру, “Жас ауғандықтар” ұйымы.

### **Негізгі оқиғалар:**

**1919—1928 жылдар** — Ауғанстандағы Аманулла ханның реформалық әрекеттері.

**1921 жылы** құлдықты жою заңы жарияланды.

**1920 жылғы 5 маусымда** Гилян Республикасы жарияланды.

**1925—1941 жылдар** — Резахан Пехлеви билігі орнады.

**1943 жылғы 9 қыркүйекте** Иран Германияға соғыс жариялады.


Үй тапсырмасын тақырып соңындағы сұрақтар бойынша сұрап, М.К.Ганди және Дж. Неру туралы оқушылардың дайындаған хабарларына талдау жасалады. Азаттық қозғалыстың күрес тәсілдерін оқушылар атап өтеді.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Иранның жағдайы, оның бейтарап саясат ұстанғаны айтылады. “Бірінші дүниежүзілік соғыс” картасын және Иранның карта-сұлбасын пайдаланып, 1914 жылы түрік әскерлерінің басып кіруін және 1915 жылы Ағылшын-Ресей шарты бойынша екі ықпал ету аймағына бөлінуін айтып, 1917 жылы Иран аумағындағы үш шет мемлекеттің жазалаушы әскерлері тұрған аудандарды атап, картадан көрсетеді.

2. Мұғалім оқушыларға мәселені өңгімелеу кезінде төмендегідей сұрақтарға ойша жауап әзірлеу тапсырылады: Иран және Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың ерекшелігі қандай (себебі, қозғаушы күші, кім басқарды, ұзақтығы және нәтижесі)? Соңында талдап, қорытынды жасалады.

Шетел басқыншыларына қарсы Иран халқының азаттық қозғалысының ерекшеліктеріне тоқталып, оқушылардың назарын Англия мен Ресейдің осы елдегі әрекеттеріне аударып, мына мәселелерге түсінік беріледі: 1) Англияның Иранға басып кіруі және 1919 жылғы 9 тамыздағы Ағылшын-Иран шарты. 2) Кеңес үкіметінің Ирандағы социалистік революцияны ұйымдастыруы және оның аяқсыз қалуы.

3. 1918—1922 жылдардағы азаттық қозғалысы басылғаннан кейін Ирандағы билік басына келген топтардың жүргізген ішкі және сыртқы саясатын ашып көрсетіп, мына мәселелерге назар аудару керек:



1) Ұсақ және орта капиталистік кәсіпорындарға қамқорлық жасалды.

2) Мемлекеттік кәсіпорындарды дамытты.

3) Теміржол жүйелері салынды.

4) Ағылшын-Иран мұнай компаниясы арқылы мұнай өндіруді дамытты.

**Резахан үкіметінің сыртқы саясаты.**

1) Гитлерлік Германияға жақындасты.

2) КСРО және Англияның ескерту талаптарын орындамады.

3) Иранды КСРО және Англия әскерлерінің басып алуына душар етті.

Мұғалім тақтаға сұлбаны жазып түсіндіреді және оны оқушылардың дәптеріне жазғызады. Оқушылардан мынадай сұрақтарға жауап беруі сұралады:

1. КСРО және Англия әскерлері Иран аумағын неше рет басып алды?
2. Неліктен Иранның сыртқы жағдайы күрделі болды?

4. Ауғанстан тарихы туралы мұғалімге төмендегідей мәліметтер беріледі:

Қазіргі Ауғанстан аумағы өте ерте кезде-ақ игерілген. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда күл иеленуші мемлекет пайда болды. Ауғанстанда Араб халифатының басып кіруіне байланысты ислам діні тарады. Орта ғасырларда Ауғанстан аумағында бірнеше мемлекет ауысты. XIII ғасыр Моңғол шапқыншылығы ауған халқының дамуына айтарлықтай зиянын тигізді. XVI—XVIII ғасырларда ауған тайпалары тәуелсіздік үшін Үндістан және Иранға қарсы халықтық күреске бірікті. Орталықтандырылған мемлекет XVI—XVIII ғасырларда Ауғанстанды өз отарына айналдырмақшы болған Англияға қарсы күрес жағдайында құрылды. Англияға қарсы екі соғыс (1838—1842 жж. және 1878—1880 жж.) кең көлемдегі халықтық көтеріліске ұласты. Ел өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Бірақ Англия Ауғанстанның сыртқы саясатына бақылау жасады. Елдің экономикасына ағылшын капиталистері тереңдеп ене бастады, сөйтіп Ауғанстан Англияның жартылай отарына айналды. XX ғасырдың басында Ауғанстанда ұлт-азаттық күрес өрши түсті, ауған халқы өзінің тәуелсіздігін алуға ұмтылды. 1919 жылғы 21 ақпанда үкімет басына “Жас ауғандықтар” ұйымының өкілі жас әмір Аманулла хан келді. Ауғанстанның тәуелсіздігі жарияланды. Жаңадан тәуелсіздік алған Ауғанстан мемлекетінде кең көлемдегі өзгерістер жүргізілгендігіне оқушылардың назарын аударып, әсіресе 1921 жылғы “Құлдықты жою туралы” заңның және 1928 жылғы Конституцияның маңызды болғаны айтылады. Оқушыларға оқулықтан оқып, төмендегі тапсырманы орындау ұсынылады.

## Аманулла хан реформалары:

### I топқа берілетін тапсырма.

Елдегі әлеуметтік өзгерістер	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

### II топқа берілетін тапсырма.

Елдегі экономикалық өзгерістер	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

### III топқа берілетін тапсырма.

Әскери өзгерістер	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....

Келесі назар аударатын мәселе — Нәдір өулетінің билікке келуі мен оның жүргізген ішкі және сыртқы саясаты. Билікке келген Нәдір өулетінің орталық үкімет үстемдігін тұрақтандыруға тырысқаны, ал мұндай саясат помещиктер мен ұлттық сауда, буржуазия топтарының мүддесіне сай келгені туралы атап өтіледі.

#### ***Тақырыпты бекіту үшін қойылатын сұрақтар***

1. Иран және Ауғанстан мемлекеттеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар қандай шетел үстемдігіне қарсы бағытталды?
2. Иран және Ауғанстан қандай елдермен сыртқы байланыс жасады?
3. Иран және Ауғанстанда дүниежүзілік соғыс қарсаңында қандай топтар билік басына келді?

***Үйге тапсырма.*** § 12-тың соңындағы Иран елі бойынша 1, 3, 4, Ауғанстан елі бойынша 5, 6, 7-сұрақтарға дайындалу. Ұлт-азаттық қозғалыстың маңызын анықтау.

## § 13. ҮНДІСТАН

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Үндістанның 1914—1945 жылдардағы саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуына сипаттама беріп, ондағы басты ерекшеліктерді атап көрсету.

Оқушылардың назарын Үндістандағы ұлт-азаттық күреске аударып, оның кезеңдері мен күрес тәсілдерін нақты фактілер арқылы түсіндіру. Елдегі саяси партиялар туралы түсіндіріп, олардың бағдарламасымен таныстыру.

*Дамытушылық.* Жаңа материалдың мақсат-міндеттерімен, негізгі мәселелерімен таныстыру арқылы алдын ала проблемалық, логикалық тапсырмалар беріп оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

*Тәрбиелік.* М.К.Ганди мен Дж. Нерудің ұлт-азаттық күрестегі қызметі туралы әңгімелеп, М.К.Ганди ұсынған күрес жолын ұғындыру.

#### **Көрнекі құралдар**

*Карталар* — “Үндістанның тәуелсіздік күресі”, “1939—1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс”, “Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыс”.

*Суреттер:* М.К.Ганди, Дж.Неру, т.б.

#### **Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі елдің жағдайы.
2. Ұлт-азаттық қозғалыстың басталуы.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндістан:
  - а) Ағылшын үкіметінің саясаты;
  - ә) Жаппай бағынбаушылық қозғалысы.
4. Экономикалық дағдарыс жылдарындағы Үндістан. “Тұз жорығы”.
5. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан.

#### **Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар**

Үндістан Ұлттық Конгресі, Мұсылман Лигасы, “Күш қолданбай қарсыласу”, “Жаппай бағынбаушылық қозғалысы”, “Тұз жорығы”, “Үндістанды басқару туралы акт”.

#### **Негізгі оқиғалар:**

**1916 жылы** ұлт-азаттық қозғалысы басталды.

**1919 жылғы** сәуірде жаппай бағынбаушылық қозғалысы өткізілді.

**1930 жылғы 26 қаңтарда** ҮҰК шешімімен “Үндістанның тәуелсіздік күні” жарияланды (кейін бұл күн ҰР ұлттық мерекесіне айналды).

**1930 жылғы көктемде** М.Ганди екінші рет азаматтық бағынбаушылық қозғалысына шақырды.

Үйге берілген тапсырма қысқаша сұралады.

Еске түсіру үшін қойылатын сұрақтар

1. ҮҰК қашан құрылды, мақсаты қандай болды?
2. Б.Г.Тилак басқарған ҮҰК-нің солшыл қанаты қандай тілектерді ұсынды?
3. Қазақстан мен Үндістанның дамуында қандай ұқсастықтар болды?

1. Мұғалім оқушыларға Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндістанның жағдайын оқулықтан оқып, сипаттама беруді ұсынуына болады. Оқушылардың назарын төмендегі

мәселеге аударып, сол кезеңдегі Ресей империясының қол астындағы Қазақстан халқының жағдайымен салыстырады:

а) мыңдаған үнді азаматтарының майданға алынып, көбінің қара жұмыс атқаруы;

ә) алым-салықтың халықтың жағдайын нашарлатуы.

Үндістанның жағдайы бүкіл сынып оқушыларын қатыстыра отырып талданады.

— Елдің қазба байлығы мен дөнді дақылдары метрополияға тасылды.

— Шаруалар күйзеліске ұшырады.

— Жұмысшылардың тапқан табысы мардымсыз болды.

— Қала мен ауылдағы кәсіпшілердің де тұрмысы нашарлады.

Осы мәселелер талданғаннан кейін мұндай жағдайға қарамастан жергілікті өндіріс күштері соғыс кезінде біраз алға басқандығына мысалдар келтіріледі.

2. 1916 жылы Үндістанда ұлт-азаттық қозғалыстың бас-талғанын айтып, оның ерекшеліктеріне тоқталу керек. Оқушылардың назарын “күш қолданбай қарсыласу” қозғалысына аударып, түсінік беріледі. Бұл төсілді ұсынушы — Мохандас Карамчанд Ганди (1869—1948 жж.) болды. Халық оны Махатма Ганди деп атады, бұл — “ұлы адам” деген сөз. Ол елде кеңінен танымал болды. Оның жалынды патриотизмі, тұрмыстағы тақуалығы, қарым-қатынас жасаудағы сыпайылығы мен қарапайымдылығы, ұлттық өдет-ғұрыптарға адалдығы зор құрметке бөленді. Сол жылы елге қайта оралған М.Ганди Үндістан мен Англия дәстүрлеріне сүйеніп, ұлт-азаттық күрестің бұрын кездеспейтін жаңа түрін қолдануды ұсынды. Ол — сатьяграха (“ақиқаттағы батылдық”) — “күш қолданбай қарсыласу” деген сөз. Сатьяграха төсілін ол халық бұқарасы қолданатын негізгі қару ретінде жұмсауды көздейді (1-сызба).

Үндістанда Гандидің ілімі өте қолайлы болды, елге кең тарап, кейін әлемге әйгілі болды.

3. Соғыстан кейінгі кезеңді қарастырғанда, ұлт-азаттық қозғалыстың келесі кезеңі 1917—1923 жылдарда бүкіл елге тарағаны атап өтіледі. Мұғалім ұлт-азаттық күрестің қозғаушы күшіне, себебіне және күрес түріне түсінік беріп, ағылшын үкіметінің саясатын ашып көрсетеді.

1917—1918 жылдардағы ағылшын үкіметінің саясаты.

\* Жергілікті және орталық үкімет қызметіне үнділіктерді қатыстыруда біраз кеңшілік жасалды.

\* Провинциялардағы заң қабылдаушы жиналыстардың ұсақ-түйек мәселелерді қарастыру құқығы кеңейтілді.

\* Орталық үкімет органдарында жергілікті өкілдердің саны біраз ұлғайтылды.

\* Роулетт заңы (үкіметке қарсы шыққандарды жазалау) қабылданды. Жазаны орындау полицияға жүктелді. Ереуілді тоқтату үшін армия қолданылды.

1-сызба



Монтегю — Челмсфорд реформаларына феодалдық және компрадорлық буржуазия көсемдері, сондай-ақ ҰҰК мен МЛ жетекшілерінің көңілінен шығып, ағылшындармен жақындасуға барды. Бұл реформа халықтың наразылығын өршітті, ұлт-азаттық күрестің жаңа кезеңін тудырды.

1919 жылы 6 сәуірде М.Гандидің шақыруымен Хартал ұйымдастырылды. Ол күні бірде-бір мекеме, оқу орны, дүкен, көлік, дәріхана жұмыс істемей, өмір тоқтағандай болып қалды. Бұл ағылшындарды қатты састыратын күрестің түрі болды. Отаршылдар бейбіт халыққа оқ жаудырды. 2 мыңға жуық адам жарақаттанды, оққа ұшты.

1920 жылғы 1 тамызда елде жаппай бағынбаушылық қозғалысы өткізілді. Оған ҮҰК мен МЛ басшылық жасады. 1922 жылғы М.Гандидің азаматтық бағынбаушылық қозғалысты тоқтатуды ұйғару себебі түсіндіріледі.

4. Мұғалім экономикалық дағдарыс жылдарындағы үнді халқының күйзелісіне мысалдар келтіріп, оқушылардың назарын ұлт-азаттық күрестің келесі кезеңіне аударады. “Тәуелсіздік күнгі ант” құжатын пайдалана отырып, ҮҰК саясатына талдау жасап, ұлт-азаттық қозғалысты неліктен ҮҰК-сі басқарғанын айтады. Үндістан халқының азаттық қозғалысының өрлей түскенін түсіндіру үшін мұғалім мүмкіндігіне қарай көркем әдебиетті кеңінен қолдануына болады. М.Гандидің “Тұз жорығы”, Х.Аббастың “Өз халқының перзенті” романынан үзіндіні келтіру арқылы түсіндіру тиімді. Ол бойынша мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. “Тұз жорығының” сипаты қандай?
2. М.Гандидің бағдарламасы қандай болды?
3. Отаршылдарға қарсы бірлесу бұл жорықта қалай көрініс тапты?

Ағылшын үкіметінің жазалау шараларын түсіндіріп, оқушылардың назарын үкіметтің діни араздықты қоздыруға тырысқанына аударып, 1937 жылы елдегі сайлаудың қорытындысы айтылады.

5. § 13-тың соңғы тақырыпшасын оқушыларды қатыстыра отырып талдау ұсынылады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ұлыбритания Үндістанның қолдауына қатты үміт артты. Ал бұған Үндістандағы саяси партиялар қалай қарады? Талдаудың қорытындысы оқушылардың дәптеріне жазылады.

ҮҰК-нің көзқарасы.

Фашизмді ашық өшкереледі.

Англия үкіметінен алдын ала тәуелсіздік мәселесін түпкілікті реттеуді талап етті.

ҮҰК-нің жетекшілерінің бірі С.Чандра Бос армия құрып, елді азат етуді аңсады.

Мұсылман Лигасының көзқарасы.

Фашизмді ашық өшкереледі.

Англияны жақтады.

МЛ жетекшісі М.Джига елді екі мемлекетке бөлу туралы шешімді бекітіп, оны іске асыруға бел байлады.

ҮҚП - ның көзқарасы.

Германияны қолдады (Берлин — Мәскеу шартын Коминтерн өзіне мүше партиялары арқылы қолпаштады).

1941 жылы Германия КСРО-ға шабуыл жасағанда Германияны айыптады, ашық әрекет жасауға рұқсат алды.

#### ***Тақырыпты бекіту үшін қойылатын сұрақтар***

1. М.К.Ганди саяси қызметін ХХ ғасырдың бірінші жартысында атқарса да (ол 1947 жылы қайтыс болды), оның ілімі мен жеке өмірі қазіргі тәуелсіз Үндістанның саяси-идеялық өмірінде қажетті фактор болып табылатыны неліктен?
2. ҮҰК-нің өздерің білетін жетекшілерін атаңдар.
3. Үндістанды азат ету үшін ҮҰК-нің жетекшілерінің бірі С.Ч.Бос Оңтүстік-Шығыс Азияда Үнді ұлттық армиясын құрды. Осындай әрекет Үндістанды тәуелсіздікке жеткізер ме еді, ойларыңды дәлелдендер.

***Үйге тапсырма.*** § 13-тың соңындағы сұрақтар бойынша дайындалу. М.К.Ганди және Дж. Неру туралы хабарлама дайындау (қосымша құжаттар бойынша).

### **§ 14. АЗИЯ МЕН АФРИКАДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ**

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Азия және Африкадағы араб елдерінің екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы жалпы жағдайына сипаттама беріп, батыс елдерінің осы елдерге жүргізген саясатын ашып көрсету.

Араб елдерінің ұлт-азаттық күресін нақты фактілермен түсіндіріп, тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуын атап көрсетіп, басқа араб елдеріндегі азаттық күрестің нәтижелері туралы түсінік беру.

Араб елдерінің 1920—1930 жылдардағы дамуына салыстырмалы түрде сипаттама беру.

***Дамытушылық.*** Оқушылардың санасында тарихи ұғымдардың мағынасын қалыптастыру. Алдын ала берілген тапсырмалар бойынша сұрақтар қоя отырып ойлау қабілетін дамыту әрі өз ойын, көзқарасын ашық айтуға баулу.

***Тәрбиелік.*** Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи мәнін, араб халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің тарихи маңызын түсіндіру арқылы ұлттық тәуелсіздік, тәуелсіз мемлекет идеяларын қалыптастыру.

### **Көрнекі құралдар**

XX ғасырдың бірінші жартысындағы Азия және Африка елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси карталары. Атлас карта. Тақырыпқа байланысты суреттер, сұлба, кестелер.

*Сабақтың әдісі:* салыстыру сұрақтары, мәтінмен, топпен жұмыс, картамен жұмыс.

### **Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. Батыс елдерінің саясаты және Азиядағы араб елдерін бөлшектеу.
2. Ұлт-азаттық күрестің өршуі.
3. Азиядағы араб елдерінің 1920 жылдардың соңы — 1930 жылдардың басындағы дамуы.
4. Африкадағы араб елдерінде ұлт-азаттық күрестің өрістеуі.
5. Африкадағы араб елдерінің 1920 жылдардың соңы — 1930 жылдардың басындағы дамуы.
6. Африкадағы Бірінші дүниежүзілік соғыстың салдары мен жалпы жағдайы.
  - а) Әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
  - ә) Саяси жағдай және ұлт-азаттық қозғалыс.

### **Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар**

Протекторат, ұлт-азаттық қозғалыс, мандат жүйесі, Ұлттық блок, Жаңа Конституция, Марокко ұлттық қимыл комитеті, “Солтүстік Африка жұлдызы”, “Араб елдерінің Лигасы”.

### **Негізгі оқиғалар:**

**1925 жылы** Сирия мен Ливанда халық көтерілістері болды.

**1918 жылы** Иракта тәуелсіздік күресі болды.

**1930 жылы** Сирия Республикасы (мандат тәртібі сақталған) өмірге келді.

**1925 жылы** Египет конституциялық монархияға айналды.

Алдыңғы үш тақырыпшаны бірінші сабақта, ал қалған үш тақырыпшаны келесі сабақта түсіндірген дұрыс.

1. Мұғалім картаны пайдалана отырып, оқушылардың Азиядағы араб елдері жайлы біліміне сүйеніп, осы елдер туралы мәліметтерге тоқталады. Түркия үстемдігінің орнауы жөнінде сұрақтар қойылып, еске түсіріледі.

— 1916 жылғы Англия мен Франция арасындағы Сайкс-Пико келісімінің мазмұны және ол келісімді Ресейдің қолдауы.

— 1920 жылғы сәуірдегі Англия мен Франция арасындағы Сан-Ремо келісімінің мазмұны.

2. Азиядағы араб елдерінің ұлт-азаттық күресін оқулық материалдары көмегімен түсіндіріп, азаттық күрестің қозғаушы күші, күрестің жетекшісі, мақсаты және нәтижесі туралы әңгімелеп, оқушылардың назарын көтерілістің

барысына аудару және жетекші партиялар мен ұйымдардың талаптарын түсіндіру. Протекторат және мандаттық жүйе туралы түсінік беру.

3. Батыс елдерінің осы елдерде жүргізген саясатын нақты фактілермен түсіндіріп, елдің ішкі өмірінде қалыптасқан жағдайға сипаттама беру. Оқушыларға оқулық мәтінін оқып мына елдерге байланысты мәселені қарастыру тапсырылады:

Сирия ...

Трансиордания ...

Ирак ...

Сауд Арабиясы мен Йемен ...

4. Африкадағы араб елдерін картадан көрсетіп, сұрақтар қойып, Азиядағы араб елдерімен салыстыруға болады:

1. Азия және Африкадағы араб елдері XVIII ғасырға дейін кімдердің үстемдігінде болды?

2. XVIII ғасырдан кейін оларды кімдер жаулап алды?

3. Африкада қандай тәуелсіз ел болды?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тындап, қорытынды жасайды және осы елдердің жағдайына сипаттама береді. Назар аударатын мәселелер мынадай: Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі араб елдерінің жағдайы. Ұлт-азаттық күрес-тің өрістеуі (Египет, Марокко, Алжир, Тунис).

5. Соңғы тақырыпшаларды оқушылар оқулықтан оқып, төмендегі тапсырманы орындайды. Ол үшін оқушыларды үш топқа бөліп, тапсырманы орындау туралы түсінік беруге болады.

I топқа берілетін тапсырма.

Экономикалық дағдарыс жылдарындағы күйзеліс	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....
	→	5).....

II топқа берілетін тапсырма.

Батыс елдерінің Африкадағы араб елдеріне жүргізген саясаты	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....
	→	5).....

### III топқа берілетін тапсырма.

Араб елдеріндегі партиялар мен топтардың іс- әрекеттері	→	1).....
	→	2).....
	→	3).....
	→	4).....
	→	5).....

#### ***Тақырыпты бекіту үшін қойылатын сұрақтар***

1. Қай ел тәуелсіздік үшін батыл қимылдар жасады?
2. Қандай елде республика орнады?
3. Қандай ел Конституциялық монархияға айналды?
4. Осы елдердің қайсысы Англия, Францияның қол астында болғанын атап, картадан көрсетіндер.

***Үйге тапсырма.*** § 14-тың соңындағы сұрақтар бойынша дайындалып, Азиядағы және Африкадағы араб елдері туралы қысқаша хабарлама әзірлеп келу.

## § 15. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Екінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептеріне, сипатына, қорытындыларына, нәтижелеріне сипаттама беріп, өзінің шығу тегі жағынан бұл империалистік соғыс екенін және фашистік державалар тарапынан әділетсіз, басқыншылық соғыс болғанын ашып көрсету.

***Дамытушылық.*** Соғыстың негізгі кезеңдері, шайқастар, соғыс жылдарындағы әскери техника туралы нақты фактілер арқылы түсінік беру. Оқушылардың танымын тереңдету үшін түрлі тарихи-құжаттардан алған мәліметтерді пайдаланып хабарлама және баяндама дайындап жасап, қорытындылауға баулу.

***Тәрбиелік.*** Оқушылардың назарын антифашистік коалицияның құрылуы мен қызметіне аударып, оның басты міндеті — Еуропада екінші майдан ашып, соғысты аяқтау мерзімін қысқарту болғанын түсіндіру. Бейбіткерлік рухқа тәрбиелеу.

***Сабақтың әдісі:*** әңгіме, топтық жұмыс, карта және мәтінмен жұмыс, өздік жұмыс.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Соғыстың басталуы — Польшаға шабуыл, соғыстың кезеңдері мен басты шайқастар, Кеңес Одағындағы Ұлы Отан соғысы, Халықаралық конференциялар, Жапониямен соғыс, соғыстың аумағы.

### *Тақырыпты оқытудың жоспары*

1. Германияның Польшаға шабуылы. Оғаш соғыс.
2. Германия мен Италияның Англияға қарсы соғыс әрекеттері.
3. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы.
4. Антифашистік коалиция. Біріккен Ұлттар Декларациясы.
5. Соғыс барысындағы өзгерістер.
6. Еуропадағы екінші майдан. Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекеттерін фашизмнен азат егудің басталуы.
7. Германияның және Жапонияның тізе бүгуі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің азаттық алуы.
8. Халықаралық аренадағы күштер арақатынастың өзгеруі.

Тақырыпты төмендегідей нұсқалармен өткізуге болады.

#### **1-нұсқа. Мұғалім дәстүрлі сабақ өткізеді**

1. Бұл тақырыпты оқу құралындағы мәтіннің негізінде түсіндіру. Параграф мәтінін оқығаннан кейін мұғалім әңгіме өткізіп талдайды. Оқушылар соғыстың себептерін және сипатын анықтайды.


2. Бұл тақырыпшаны оқып-үйрену үшін сынып оқушыларын бірнеше топқа бөліп, тапсырмалар беріледі. Мұғалім Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы және негізгі кезеңдеріне қысқаша сипаттама береді.

Бұдан кейін сөз төмендегідей — тапсырмалардың бірін орындаған топтарға алдын ала беріледі.

1) 1939—1940, 1941—1942 жылдар және 1942 жылдың соңы — 1943, 1944—1945 жылдар кезеңіндегі “Соғыс қимылдарының негізгі бағыттары” сұлбасын сызындар, сұлбада соғысқа қатысушы елдердің соғыс қимылдарын, негізгі шайқастар мен олардың уақытын белгілеңдер.

#### **1939—1940 жылдардағы соғыс қимылдарының негізгі бағыты**

(сұлбаның үлгісі)



2) Карта және оқулық мәтіні бойынша соғыс қимылдарына жекелеген елдердің қатысуын қараңдар (Англия, АҚШ, Франция, Жапония, Германия, КСРО), хронологиялық кесте құрыңдар.

Мұғалім тақырыптың мазмұнына байланысты тапсырмаларды басқаша құруына болады. Оқушылардың барлығы қатысатындай топтық тапсырмалар беру оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне, ойлау қабілетін дамытуына және қызығушылығын арттыруына көмектеседі.

### ***2-нұсқа. Сабақ семинар түрінде өткізіледі.***

Семинар сұрақтары оқушыларға бір апта бұрын беріледі. Әдебиеттер көрсетіліп, мұғалім тақырып бойынша жалпы түсінік береді.

Оқулық хрестоматиясынан “Барбаросса жоспары”, “Қырым конференциясы шешімі” құжаттарын оқып, хабар әзірлеу.

#### **Семинар сұрақтары**

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері, сипаты, басталуы.  
— 1939—1940 жж. КСРО мен Германияның саясаты.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстағы бетбұрыс кезеңдер.  
— Мәскеу, Курск, Сталинград шайқастары.
3. Антифашистік коалицияның құрылуы.  
— Халықаралық конференциялар.
4. КСРО мен оның одақтастарының соғыста жеңіске жетуінің негізгі факторлары, соғыстың аумағы мен нәтижесі.

***Үйге тапсырма.*** § 15-тың соңындағы сұрақтарға дайындалу, сондай-ақ осы тақырып бойынша тұжырымдама жасау.

Кенес Одағының Ұлы Отан соғысы батырлары туралы реферат, баяндама, шағын хабарлама дайындау.

### III бөлім. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ

#### § 16. ҰЛЫБРИТАНИЯ

##### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ұлыбританияның саяси жағдайына талдау жасай келіп, екі саяси — консерваторлар және лейбористер партиясы арасындағы ұзақ жылдардағы билік тартыстарына және іс-қимылдарына сипаттама беру. Ол партиялардың ерекшеліктері ретінде лейбористер жүргізген әлеуметтік реформалардың маңызын, 1960—1980 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы Ұлыбритания кәсіп-одағының рөлін ұғындыру. Тэтчер тұсындағы үкіметтің ішкі-сыртқы саясаты және 1990 жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі Ұлыбританияның экономикалық саясатының негізгі бағыттарының мәнін ашып беру.

***Дамытушылық.*** Оқушыларды өздігінен пікір таластыруға, мәселені шиеленістіре отырып, оны шешуге мүмкіндік жасау.

***Тәрбиелік.*** Оқушыларды деректер мен оқиғаларға, жеке қоғам қайраткерлерінің қызметіне талдау жасауға, баға беруге, өз беттерімен қорытынды жасауға баулу.

##### ***Көрнекі құралдар***

XIX—XX ғасырлардағы дүниежүзінің саяси картасы, сұлба, хронологиялық кесте, диаграмма.

***Сабақтың түрі:*** саяхат сабақ, “Дөңгеленген дүние” хабары түріндегі сабақ.

##### ***Сабақтың барысы:***

1. Ұйымдастыру кезеңі.  
2. Өтілген материалды, үй тапсырмасын сұрақтарға жауап алу арқылы тексеру.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері.
2. Оның сипаты қандай?
3. Қатысқан елдердің мақсаттары қандай?
4. Соғыс кезіндегі ірі шайқастардың халыққа тигізген тауқыметі қандай?

Үй тапсырмасын бірнеше оқушыдан ауызша сұрап немесе бүкіл сыныпқа 5—10 мин-тың бақылау жұмысын жүргізіп немесе тестік тәсілді қолдануға болады.

Жаңа өтілетін тақырыптың жоспары оқушыларға алдын ала берілгендіктен, сабақты бірден бастаған жөн. Оқушылар дөңгелене қойылған парталарға, өз орындарына келіп отырады.

**Мұғалім.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ұлыбритания еліне саяхат барысында мынадай мәселелерге назар аударындар.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың Англияға әкелген зардаптары.
2. Лейбористер партиясы үкімет басында (1-кесте).
3. Консерваторлардың басқаруы кезеңінде (1951—1964, 2-кесте).
4. Лейбористер қайтадан үкімет басында (1974—1979, 3-кесте).
5. Эдуард Хиттің басқару кезеңінде (1970—1974, 4-кесте).
6. Маргарет Тэтчер кезеңінде (1979—1990, “Тэтчеризм”).
7. Джон Мейджор саясаты.
8. Англия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас.

1. Мұғалімнен алынған тапсырма бойынша оқушылар саяхат сабақты бастайды.

**Шолушы.** Ұлыбритания, әрине, Екінші дүниежүзілік соғыстан жеңген елдің бірі болып шықты. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қарағанда адамдар шығынынан материалдық шығыны әжептәуір көп болды. Экономикасы мүлдем құлдырады, алған қарыздарының мөлшерінің тым көптігінен АҚШ-қа тәуелді жағдайға түсті. Соғыстан кейін билікке таласып, екі партия келгені белгілі. Бірақ лейбористер партиясы басым түсіп, сайлауда жеңіске жетіп, үкімет басына К.Эттли отырды.

Бір оқушы К.Эттли өмірбаяны туралы тарихи құжат немесе естеліктер оқуына болады.

2. Оқушылар “Лейбористер партиясының билікке келуі және Эттли үкіметінің саясаты” аялдамасында.

Бұл аялдамада оқушыларды осы партияның жүргізген әлеуметтік реформаларымен лейбористік партияның “саясаткері” таныстырады. Үкімет басына лейбористік партия келген күннен бастап мынадай әлеуметтік реформалар жүргізгеніне тоқталады және плакатқа жазылған 1-кестенің мөнін ашады.

## Лейбористер партиясы үкімет басында

К.Эттли реформасы (1945—1950 жж.)		
Саяси салада	Әлеуметтік-экономикалық салада	Қаржы саласында
<p>Солтүстік Атлант блогының (НАТО) мүшесі болды.</p> <p>Үндістанға, Бирмаға, Цейлонға тәуелсіздік берілді.</p> <p>Уганда, Малайзия, Нигерия, Кения, Танганьика отарларда халықтың тәуелсіздікке ұмтылыстарын басып отырды.</p>	<p>1927 жылғы жұмысшыларға қарсы заңның күшін жойды.</p> <p>Кәсіподақ құқы қалпына келтірілді.</p> <p>Жұмыссыздарға, жұмыс қабілетін жоғалтқандарға, ауруға шалдыққандарға жәрдемақы берілді.</p> <p>Қартайғандар мен жесір қалғандарға зейнетақы төленді.</p> <p>10 млн-нан астам адамның еңбекақысы өсірілді.</p> <p>1948 жылғы денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесі құрылды.</p> <p>Тегін дәрігерлік көмек көрсетілді.</p>	<p>1945 жылғы тамыз АҚШ Англияға қаржы төлеуді тоқтатты.</p> <p>АҚШ пен Канададан қарыз сұрауға мәжбүр болды.</p> <p>1945—1946 жылдары АҚШ пен Канада Англияға 5,6 млрд доллар мөлшерде қарыз берді.</p> <p>Маршалл жоспарына қатысты шешімге келді.</p>

Сонымен бірге лейбористердің реформа жасауды “демократиялық социализмге” жететін жол деп есептегеніне тоқталу керек.

Эттли үкіметі консерваторлардың қолдауымен Солтүстік Атлант блогын құрушылардың бірі болады.

Англия Үндістанға, Бирмаға және Цейлонға тәуелсіздік берді дей келіп, өз отарларында халықтың ұлт-азаттық күресін күшпен басып отырғанын да айта кеткен жөн. Сөйтіп, лейбористік партия өздерінің отаршылдық жаңа әдістеріне сүйеніп, бұрынғы иеліктерін сақтап қалуға тырысқандығымен қорытады.

3. III аялдама. 2-кестені пайдаланып, шолушы консерваторлар партиясының билігі кезіндегі саясаткер Черчилльдің жаңа өкіметіне талдау жасап, сипаттама береді.

2-кесте

**Консерваторлардың басқару кезеңінде**

Черчилль реформасы (1951—1964 жж.)		
Экономика саласында	Өнеркәсіп саласында	Халықаралық қатынаста
<p>Шойын өндіру мемлекет меншігіне берілді.</p> <p>Автокөлік жолын салу мемлекет меншігіне берілді.</p> <p>Азық-түлік бағасын өсірді.</p> <p>Импортты қысқартты.</p>	<p>Электр, энергетиканы көтерді.</p> <p>Авиацияны көтерді.</p> <p>Атом, химияны көтерді.</p> <p>Әскери саланы көтерді.</p>	<p>АҚШ-тың сыртқы саяси бағытын қолдады.</p> <p>Шығыс Азия елдері блогына кірді.</p> <p>Бағдад пактісіне мүше болды.</p> <p>1951 жылы Франция мен Израильге қосылып Египетке қарсы соғыс ашты.</p> <p>Суэц каналы аймағын жаулап алуға кірісті.</p> <p>Бұрынғы иеліктерін сақтап қалуға тырысты.</p>

Черчилль саясаты туралы хабарламаны оқушылар қосымша дайындап келген мәліметтермен толықтыруына болады.

Бұл тапсырманы сұрақ қойып бекітуге болады: 1964 жылы Парламент сайлауында консерваторлар неге өз билігінен айырылып қалды?

Себебі, Ұлыбританияның отарлық империясының тарауы мен консерваторлық басқару кезеңінде аса ірі өзгерістер енгізе алмады. Мемлекет басындағы 13 жыл ішіндегі экономикадағы біршама жетістіктері айтылып, қорытындыланады.

4-5. IV-V аялдама.

## Лейбористер қайтадан үкімет басында

Вильсон реформасы (1964—1970 жж.)	
Экономикада	Өнеркәсіпте
<p>Экономикалық жоспар бағытын жалғастырды.</p> <p>Мемлекеттің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытты.</p> <p>1965 ж. “Ұлттық бесжылдық экономикалық жоспары” қабылданды.</p> <p>“Ниет туралы Декларация”.</p> <p>“Баға мен кіріс саясаты” бойынша арнайы Ұлттық басқарма құрылды.</p>	<p>1967 жылы қара металлургия мемлекет меншігіне берілді.</p> <p>90% өндіріс мемлекетке бағындырылды.</p>

Қорытындыда Британ отарлау жүйесінің күйреуі мен 1960—1970 жылдардағы Ұлыбританиядағы Вильсонның басқару кезеңі, оның өкімет-бизнес-кәсіподақ — үшеуін біріктіріп жүргізген саясаты туралы атап көрсетілуі тиіс.

6. VI аялдамада келесі саясаткер төмендегі 4-кестені пайдалана отырып жұмыс істейді және 1970 жылдардағы “Неоконсерваторлар” туралы тереңірек әңгімелейді.

## Эдуард Хиттің басқару кезеңінде (1970—1974 жж.)


Экономикада	Өндіріс саласында
<p>Өндірісті қатал рационализациялады.</p> <p>Жұмыссыздар көбейді.</p> <p>Кәсіподаққа қарсы заңдар қабылданды.</p> <p>1973 жылғы 1 қаңтарда Англия Еуропа-лық экономикалық одақтың (ЕЭС) мүшесі болды.</p> <p>Протестанттық экстремистерді қолдады.</p> <p>1973 жылғы Ольстер қаласында “пле-бисцит” өткізді.</p>	<p>Меншік секторы “өндірісті құнсыздандыру арқылы нығайту” саясатын дамытуға тырысты.</p> <p>Өндірістің бір бөлігін жеке-меншік капиталға сатты.</p> <p>“Өндірістік қатынастар туралы” акт кәсіподақтың іс-әрекетін шектеді.</p>

Бұл кестелер тақырыптағы өзекті тапсырмаларды толығырақ, анық түсінуге көмектеседі.

7. VII аялдама. Лейбористердің өкімет басына қайтадан келуі. Дж.Каллаген (1974—1979 жж.). Шолушы саясаткер

Дж.Каллаген 1976 жылы “Баға мен кіріс” саясатын қабылдағандығы туралы әңгімелейді.

Дж.Каллагеннің 1976 жылы Вильсон орнына келгеніне және оның жүргізген реформаларына тоқталады. Алдын ала даярланған сұлбамен таныстыра отырып, лейбористердің саяси және экономикалық салада “әлеуметтік келісімшартты” таңдап алғанын түсіндіреді. Сөйтіп, бұл кезеңде төмендегі сұлбаны ұсынуға болады.



8. VIII аялдама. “Маргарет Тэтчер мен Дж. Мейджор дәуірі”. Шолушы саяхатшы — оқушыларға сұрақ қояды.

1. Маргарет Тэтчер деген кім? Ол қай партияның жетекшісі болды?
2. “Тэтчеризм” дегенді қалай түсінесіңдер?
3. “Дұрыс көзқарас” бағдарламасының мәні неде?

Оқушылардың жауаптарын мұғалім толықтыра отырып, “Маргарет Тэтчер дәуіріне” байланысты сұлба, кестелерді пайдаланып, М.Тэтчер үкіметінің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын ашып әңгімелейді.


Ұлыбританиядағы 1980 жылдарға дейінгі күйзеліс салдарын анықтауда 5-кестені пайдаланады.

5-кесте

**Маргарет Тэтчер кезеңінде (1979—1990 жж.)**

Экономикалық саясат	Тэтчеризм саясаты
1979 жылы экономикалық дағдарыс басталды. Жұмыссыздар көбейді. Елдегі экономикалық, қаржы, әлеуметтік жағдай ауыр болды. Еңбекақы құнсызданды. 1980 жылы өндірісте секіріс болды. Жекешелендіру бюджетке 28 млрд фунт стерлинг берді. Кәсіподақ пен саясат қатар дамыды. Бизнесті реттеу бағытын қолдады.	1979 жылы “Дұрыс көзқарас” бағдарламасын ұсынды. Құнсызданумен күресте неоконсервативті нұсқа жасалды. Монетаристік саясат енгізді. Ақша мөлшерін шектеп, шығынды қысқартты. Мемлекеттік секторларды жекешелендірді. Қаржы жинау үшін жаңа салық саясатын енгізді. Ірі корпорациялар мемлекет меншігіне алуды қабылдамады. Жекеменшіктік қатынастарды нығайту үшін муниципалиттер меншігіндегі тұрғынжай қорын сатты. Жекеменшік секторды, нарықтық механизмді, инвестициялық саясатты белсенділендірді.

Келесі саясаткер Джон Мейджор үкіметінің саясатына тоқталады.



Қай сала болсын Ұлыбритания жекешелендіру жүргізу арқылы дағдарыстан шығуға ұмтылғандығын ашады.

Мұғалім жаңа сабақты тыңдау барысында оқушылардың жауабын салыстырмалы түрде қарастырып бағалайды.

Үйге Э.Блэрдің Ұлыбританияның үкімет басына 1997 жылы келіп, 2007 жылға дейінгі жүргізген саясатын, қазіргі таңдағы Г.Браунның Қазақстанмен байланысы туралы қосымша ақпараттармен хабарлама әзірлеу.

9. IX аялдама. Сабақты бекіту ретінде төмендегі тапсырмалар ұсынылады.

#### Жауапты сәйкестендіріңдер

- |  |                  |
|--|------------------|
| 1) Ұлыбритания үкіметін басқарған лейбористік партияның жетекшісі        | 1) М. Тэтчер     |
| 2) 1980 ж. Британдық қайта құрудың авторы                                | 2) У. Черчилль   |
| 3) 1951—1955 жж. Ұлыбританияның премьер-министрі                         | 3) Клемент Эттли |
| 4) Ұлыбританияның тұңғыш лейбористер партиясынан құрылған үкімет басшысы | 4) Р. Макдональд |
| 5) Ұлыбританияның НАТО-ға кірген жылы                                    | 5) 1950 ж.       |
| 6) Эттли кабинетінің “Маршалл жоспарынан” бас тартуға мәжбүр болған жыл  | 6) 1949 ж.       |
| 7) Ұлыбританияда атом бомбасын жасау туралы шешім қабылдаған жыл         | 7) 1946 ж.       |
| 8) “Өнеркәсіпті қатынастар туралы” заң қай жылы қабылданды               | 8) 1971 ж.       |

#### **Үйге тапсырма.**

1. 1945 жылы сайлауда консерваторлар партиясының жетекшісі Черчилль неліктен жеңіліске ұшырады?
2. “Тэтчеризм” ұғымын қалай түсінесіңдер? (Ауызша немесе жазбаша орындауға болады.)
3. “Ұлыбритания мен Қазақстанның қарым-қатынасы” тақырыбына реферат жазу.

## § 17. ФРАНЦИЯ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуына сипаттама бере отырып, Францияның ішкі және сыртқы саясатына шолу жасау.

**Дамытушылық.** Төртінші Республиканың билігі мен Бесінші Республика кезіндегі мемлекеттің “жеке билік”

режімінің мәнін ашып беру. Франция экономикасына терең құрылымдық өзгерістер енгізілгендігіне, 1968 жылғы мамыр дағдарысы себептеріне көз жеткізу.

Де Голль дәуірінен кейінгі Францияның ішкі-сыртқы саясаттағы саяси партиялар жасаған бағдарламалардың мақсатын айқындау.

*Тәрбиелік.* Оқушыларды Франция елінің тарихын оқыта отырып, мемлекетаралық бейбітшілік пен ынтымақтастық рухында тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* аралас сабақ.

**Сабақтың өдісі:** хабарлама, оқулықпен жұмыс, әңгімелесу.

**Көрнекі құралдар**

Хронологиялық кестелер, дүниежүзінің саяси картасы, сызбалар, кесте.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Қарсыласу қозғалысы, саяси-партиялық жүйе, “Азат Франция”, авторитарлық жүйе, модернизациялау мен реконструкциялау, “Маршалл жоспары”, Батыс Германияны ремилитаризациялау, еуропалық ықпалдастық, “күшті өкімет”, “жеке билік тәртібі”, “барлық азимут бойынша”, “үлкен жобалар”, мамыр дағдарысы, голлизм, “еуропалық құрылыс”, “неолиберализм”, “революциясыз реформа арқылы”, “2 + 2” келісімі.

Сабақ үй тапсырмасын сұрақ-жауап арқылы бекітуден басталады. Жазба түрде берілген үй тапсырмасын екі оқушы тақтада орындайды. Олар лейбористік және консерваторлық партиялардың ерекшеліктерін кесте түрінде жазып шығады. Тағы да 1-2 оқушыдан Черчилль мен Тэтчердің өмірбаяндары мен қоғамдық-саяси өмірдегі еңбектері туралы хабарламаларын тыңдау. Құжаттарды оқытып талдауға болады. Саяси партиялар жүйесінің қалыптасуы және оның рөліне баға бергізумен үй тапсырмасын бекітуге болады.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Франция.
2. 1946—1958 жылдардағы Төртінші Республика.
3. Ш. де Голль және Бесінші Республика.
4. 1968 жылғы мамыр-маусымдағы оқиғалар.
5. Голлизм дәуірінен кейінгі Франция.
6. Францияның сыртқы саясаты.

Мұғалім жаңа сабақты оқушыларға логикалық тапсырма беруден бастауына болады.

1. Сабақ барысында IV Республиканың Конституциясын V Республика Конституциясымен салыстыру.
2. 1968 жылғы мамыр-маусымдағы оқиғаларда Коммунистік партияның жетекшілері мен еңбекшілер Голль өкіметінен нені талап еткенін дәлелдеу.

Оқушылар назарына ұсынылатын сызбаны мұғалім алдын ала плакатқа жазып дайындап қойғаны жөн (1-кесте).

1-кесте

**Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Франция**

Қорытылатын негізгі мәселелер	Төртінші Республика (1946—1958)	Ш.де Голль және Бесінші Республика	“Голлизм” дәуірінен кейінгі Франция
1. Саяси жетекшілері және олардың билік режимі			
2. Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер			
3. Франция сыртқы саясатта			

Сабақ соңында 3 топқа үйге берілетін логикалық тапсырмалардың сұрақтарын жазғызып, өтілген жаңа материалды бекітеді.

**I топқа қойылатын проблемалық сұрақтар**

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Францияның саяси жүйесінің қалыптасуын неден көруге болады?
2. Қарсыласу қозғалысының рөлі қандай болды?
3. Саяси партиялардың мақсаты неде?

**II топқа қойылатын проблемалық сұрақтар**

1. Төртінші Республика тұсындағы Францияның жаңа Конституциясының маңызы.
2. “Жеке билік төртінші” қалай түсінесіңдер?
3. Республика дағдарысы және құлау себептері неліктен?

**III топқа қойылатын проблемалық сұрақтар**

1. Голлизм дегеніміз не?
2. 1970—1990 жж. Францияның сыртқы саясаттағы рөлі қандай болды?
3. Франция мен Қазақстан байланыстарына тоқталыңдар.

Қалған бөлімдерін оқушыларға мұғалім түсіндірмесінен кейін оқулықты пайдаланып өздігінен толтыру тапсырылады, сөйтіп олар жаңа материалдарға талдау жасап, негізгі мақсатын бөліп көрсетуге дағдыланады.

## § 18. ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Фашистік режимді талқандағаннан кейінгі Германияның бөліну себептерін нақтылау. Отарланған аймақтарда пайда болған жаңа саяси партия мен елдің екіге бөліну себептерін ашу. 1950—1960 жылдары ГФР-дің экономикалық жағдайын айта келіп, ішкі-сыртқы саясаттағы рөлін және Шығыс Германиядағы революцияға сипаттама беру.

**Дамытушылық.** Германияның қайта бірігу үрдісінің мәнін түсіндіру.

**Тәрбиелік.** Тәуелсіз елінің болашағы үшін ұлтаралық қатынасты сақтауға, адамгершілік қасиеттері үлгілеріне тәрбиелеу.

### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, “Германия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін” картасы.

Диафильм, сұлбалар, кестелер, иллюстрациялар (қолдан сызылған).

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Отаршылдық тәртібі, сөзсіз тізе бұғу, герман милитаризмі, демонополизациялау, “қырғиқабақ соғыс”, бундестаг және бундесрат, тоталитарлық социализм.

Сабақ басталар алдында бұдан бұрын оқытылған материалдар тексеріледі. Бір оқушы АҚШ, Англия және Франциядағы монополистік мемлекеттегі капитализмнің пайда болуының кестесін сызғанда, басқа оқушылар сұрақтарға жауап береді.

1. 1968 жылғы Франциядағы көктем оқиғасы жұмысшы табына қандай сабақ болды?
2. ФКП мен ФСП-ның біріккен бағдарламасының негізгі мөні мен мақсаты неде?

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Фашистік режим күйрегеннен кейінгі Германия.
2. Германия бөлініп, ГФР мен ГДР-дің құрылуы.
3. Батыс Германияның экономикалық өркендеуі. 1950—1960 жылдардағы өнеркәсіптің тез дамуының себептері.
4. ХДО және ГСДП партиялары билікте. Экономикалық және құрылымдық дағдарыстар.
5. В.Бранд үкіметінің сыртқы саясаты.
6. ГДР-дің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы (1950—1980 жж.).

7. ГДР-дегі саяси дағдарыс және революция.
8. Германияның бірігуі.

1. Сабақтың бірінші тақырыпшасында оқушылар логикалық тапсырманы орындайды.

- 1) Германияның Батыс аймағының Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саясаты мен Германияның Шығыс аймағы саясатының белгілерін көрсетіп, айырмашылықтарын анықтау.
- 2) Фашистік режімді талқандағаннан кейінгі Германияны басқару үшін төрт жақты Бақылау Кеңесі құрылып, үш Батыс аймақты — АҚШ, Ұлыбритания және Франция әскери өкімшілігі, ал Шығыс аймағын — Кеңес әскери өкімшілігі бөліп алғандығы туралы айту және картадан көрсету.
- 3) Отарланған аймақтардағы жаңа саяси партиялар арасындағы қайшылықтар мен олардың әрекеттерін ашып өңгімелеу. Саяси партиялар: ХДО (Христиан Демократиялық Одағы), Германия социал-демократиялық партиясы, Еркін демократиялық партия, Германия коммунистік партиясы.

2. Мұғалім бұл тақырыпшада Германияның ыдырауы және ГФР мен ГДР-дің құрылуы туралы өңгімелейді.

Тарихи терминдерді дәптерлеріне жазғызуға болады.

**Диктатура** — шектеусіз билік, мемлекетте билікті демократиялық емес тәсілдермен жүргізу.

**Реконверсия** — экономиканы бейбіт арналарға көшіру.

**Сепаратизм** — бөлінуге, оқшаулануға ұмтылу.

Германияның бөлінуі жөніндегі тақырыпшаны мынадай сұрақтардан бастауға болады.

1. Германияның соғыстан кейінгі жағдайын Потсдам келісімдері қалай шешті?
2. Батыс державалары неге Германияны бөлшектеу жолына түсті?


Оқушылардың білімін тереңдету мақсатында мұғалім Батыс державалардың Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде-ақ Германияны бөлуді жоспарлағанын ашып айтады. Бұл туралы өңгімені алғаш рет Вашингтонда Черчилль мен Рузвельт 1941 жылы қозғады, бірақ олар өздерінің қарсыластарының жеңілетінін байқап, Германия туралы саясатын өзгерткен болатын.

Империалистік державалар социализмнен қорыққандықтан ғана Батыс Германияның қайта өркендеу саясатын қолдады. Оны социализмге қарсы басты одақтасы ретінде пайдаланғысы келді. Соғыстан кейінгі Батыс Германияның жағдайына тоқтала отырып, соғысқа үш басты күштің қатысқанын айта кету керек: а) жұмысшы табы; ә) буржуазия; б) өндіріс құрал-жабдықтарын сақтап қалған, бірақ

жұмыс істеу билігін және қызметін жоғалтқан Батыс державаларының отаршылдық билігі.

Отаршылдық биліктегілер буржуазияға өзінің партиялары мен ұйымдарын жасауға көмектесті. Олар коммунистік және социал-демократиялық партиялардың қосылуына кедергі жасап, оң социал-демократтарға өздерінің көзқарасын жұмысшылар арасында орнықтыруға тырысты.

1-сызба



Мұғалім оқушылардан Англия тарихынан белгілі бағдарламаның мазмұнын сұрап, міндетті түрде Германияны қайта құру қажеттігі туындағанын әңгімелейді. Оң социал-демократтар өте қатал соғыс жүргізді, жұмысшы табының бірігуін жойды, сөйтіп Германияның социал-демократиялық басшылары жұмысшы табының бөлінуіне негізгі себепші болғандығына тоқталады.

Германияның бөлінуі мынадай алғышарттарға негізделді:

1. Жеңіске жеткен державалар Германияны біртұтас ел ретінде қараудан бас тартты.

2. Батыс және Шығыс аймақтардың шаруашылық байланыстары бір-бірінен ажырай бастады.

3. Батыс аймақта 1948 жылғы 20 шілдеде ақша реформасы болды, ал Шығыс Германия аумағында шығыс маркасы енгізілді.

Осыдан кейін оқушыларға Батыс аймақта Конституция дайындайтын Парламенттік Кеңес құрылғанын айта келіп, ГФР және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Германия құрылысын жоғарыдағы сызбаны пайдаланып түсіндірген жөн.

3. Бұдан әрі қарай Аденауэр кезеңі. Немістің экономикалық ғажабы туралы әңгімелесу арқылы оқушыларға экономикалық география курсында оқытылған материалдарға қысқаша тоқтала кетіп, мысал келтіруге болады. Батыс Германия 1948 жылы империалистік мемлекеттер арасында өнеркәсіп өндірісі көлемі жөнінен 4-орынға шықты, ал 1960 жылы Англияны басып озып, 1968 жылы жоғары өндірістік көрсеткіштерімен капиталистік дүниеде Жапониядан кейін екінші орынды иеленді.

ГФР бұл кезеңдегі экономикалық дағдарыстан шыға алмады. 1966—1967 жылдарда соғыстан кейін алғаш рет ГФР-да өндірістің көлемі азайды.

1950—1960 жылдардағы нарықтық қатынастардың дамуына соғыстан кейінгі жылдардағы бірқатар корпорациялардың өркендеу өрісі айтарлықтай әсер етті.

1. Әлеуметтік нарықтық шаруашылық моделі табысты жұмыс істеді.
2. Екі онжылдықта елдің өнеркәсібі 8,5 есе көтерілді.
3. ГФР-да өнеркәсіпті жаңғырту жүзеге асты.
4. Ұзақ қолданылатын бұйымдарды шығаратын өндіріс құрылды.
5. Еңбекке қабілеті бар барлық тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етілді.
6. Ереуілдер сиреді.

7. Жалақы 1953 жылдан 1963 жылға дейін 62%-ға өсті.
8. Тұрғын үй салу 1949 жылғы 215 мыңнан 1956 жылы 559 мыңға дейін жетті.
9. 1980 жылдардың соңында жұмыссыздар саны 3 млн-ға өсті.
10. Экономикалық дағдарыс басталды.

1966—1967, 1974—1975, 1980—1982 жылдардағы Конрад Аденауэр үкіметі тұсындағы экономикалық дағдарыстар экономикалық және әлеуметтік мәселелердің қаншалықты даму жағдайында болғанын ашып берді. Мұғалім негізгі тақырыптың 3, 4-тақырыпшаларын талдауда оқулықпен жұмыс істей отырып, тақырып мазмұнын кеңірек ашады.

4. Мұғалім: “1950—1980 жылдардағы саяси күрес. ХДЮ және ГСДП партиялары билік басында” деген мәселе бойынша ГФР-дегі саяси жүйедегі екі партияның күресін әңгімелей отырып және тақтаға сызба арқылы түсіндіріп, мәнін ашып беруі керек.

1969 жылы Христиан Демократиялық Одағының 20 жылдық билігі аяқталғандығын айта келіп, үкімет басына ГСДП төрағасы Вилли Брандт келгенін хабарлайды.

ГСДП-ға анықтама беру керек. Құжат материалын пайдаланып, ГСДП бағдарламаларын салыстыруға болады. Төмендегі кестені үйге тапсырма ретінде толтырып келуге берген жөн.

ГСДП бағдарламалары

Мақсаты	Гот бағдарламасы (1875)	Эрфрут бағдарламасы	Бад-Тодесберг бағдарламасы (1959—1891)
Таптық билікті жою			
Пролетарлық интернационализмді мойындау			
Өндіріс құралдарын жүйелеу			
Шіркеуді мемлекеттен айыру			
Социалистік партияның жұмысшы табының партиясы болғанын мойындау			

5. ГДР-дің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы баяндалады (1950—1980 жж.).

ГДР-дің құрылуы мен оның социалистік қоғам орнатудағы саяси бағытын индустрияландыру, ауыл шаруашылығын кооперациялау, қоғамдағы идеологиялық бірлікті

қамтамасыз ету ерекшеліктеріне шолу жасалады. Қол жеткізген ГФР-дегі жетістіктерді ашып жазу оқушыларға үй тапсырмасы ретінде беріледі.

Мұғалім елдегі әлеуметтік қиыншылықтар неліктен стихиялы халықтық қозғалыстар тудырғанына оқушылардың назарын аударады. Осындай оқиға салдарынан шығыстағы неміс тұрғындарының батысқа қарай қашуы көбейіп, оған жауап ретінде Берлин қабырғасының тұрғызылғандығы туралы айтып берген орынды. Ол — оқушылардың осы мәселе жайындағы білімін тереңдете түспек. 1960—1980 жылдардың басында ГДР үкіметі қажетті реформаларды жүргізу барысында бірқатар шараларды жүзеге асырды (1-кесте).

1-кесте

#### Хронологиялық кесте

Жылдар	Маңызды оқиғалар
1	2
1945—1949 жж.	Германияны сөзсіз тізе бүктіру. Басқару үшін төрт жақты Бақылау кеңесі құрылды. Жаңа партиялар арасында Христиан Демократиялық одақ (ХДО) партиясы жетекші партия болды. Екінші ұйым — Германия социал-демократиялық партиясы (ГСДП). Еркін демократиялық партия (ЕДП). Соғыстан кейін Германия Коммунистік партиясы (ГКП) құрылды.
1948 ж. 20 шілде	Ақша реформасы болды.
1949 ж. 8 мамырда	Германияның батыс аймақтары үшін Конституция дайындайтын Парламенттік Кеңес құрылды.
1949 ж. 14 тамызда	Бундестаг сайлауы өтті (парламенттің төменгі палатасы).
1949 ж. 7 қыркүйек — 20 қыркүйекте	Бундестаг және бундесрат Конституцияны бекітті және ГФР құрылды. ХДО партиясының жетекшісі К.Аденауэр (1876—1967) ГФР үкіметін құрды.
1949 ж.	Шығыс Германия саяси партиялары Демократиялық Германияның Ұлттық майданын құрды.
1949 ж. 7 қазанда	Герман Демократиялық Республикасы құрылды (ГДР). Президент О.Гротеволь.
1966—1967 жж.	Экономикалық дағдарыс болды, дүниежүзілік рыноктағы бизнес күштері.

1	2
1974—1975 және 1980—1982 жж.	ГФР-де жұмыссыздар саны 3 миллионға жетті.
1945—1949 жж.	ГФР 2 партия: либералды-консервативті — Христиан-демократиялық Одағы (ХДО) және Германия социал-демократиялық партиясы (ГСДП), Либералды еркін демократиялық партиясы, Германия коммунистік партиясы.
1949—1969 жж.	ГФР үкіметі ХДО партиясынан қалыптасты.
1969—1982 жж.	Үкіметті ГСДП мен одақта ЕДП-ны қалыптастырды.
1983 ж. наурызда	Бундестаг сайлауындағы Г.Коль саясаты. “Экономикалық өрлеу үшін дауыс беру”, “Людвиг Эрхард рухында”.
1950—1980 жж.	ГДР-дің өлеуметтік-экономикалық дамудағы іс-әрекеттері. ГСБП — социалистік қоғам орнату.
1961 ж.	Берлин қабырғасы тұрғызылған.
1953 ж. 17 маусымда	Берлин — Лейпциг толқулары.
1960 ж.	ГДР үкіметі реформалар жүргізді. Шаруашылық есепке көшірді.
1900 ж. басы	Хонеккер реформа жүргізді.
1989 ж.	Немістердің Батыстан Шығысқа қарай қашуы жаппай етек алды және “барқыт революциясы” басталды.
1989 ж. 18 қазанда	Э.Хонеккер қызметтен кетті.
1989 ж. 9 қарашада	Берлин қабырғасы құлатылды.
1990 ж. 18 наурызда	Сайлау өтті. ГСБП-ның “Демократиялық күштер партиясы” деп аталуы. Мальта кездесуінде Р.Рейган, М.Горбачев Герман мәселесіне қол қойды.
1990 ж. 1 шілдеде	ГДР-де экономикалық және валюталық одақ туралы келісім бойынша ГФР мен ГДР арасында батыс герман маркасы енгізілді.

1	2
1990 ж. 3 тамызда	ГДР, ГФР, КСРО, АҚШ, Франция, Ұлыбритания “2+4” деген келісімде Германияның қайта қосылғанын бекітті.
1996 ж. 12 қыркүйекте	Мәскеуде соғысты жеңген төрт держава мен ГФР Германияға қатысты мәселенің реттелуі туралы келісімге қол қойды.
1990 ж. 1 қазанда	Нью-Йоркте алты сыртқы істер министрлері Германияға байланысты төртжақты құқықтық және жауапкершілік қатынасты тоқтату туралы құжатқа қол қойды. Экономикалық дағдарыс.
1997 ж.	Кезектен тыс ұлттық мәжіліс өтті.
2002 ж. қаңтарда	Еуропа Одағына мүше елдерге ортақ валюта “еуро” енгізілді.
1990 ж.	Германияны біріктіруді жақтайтын “2+2” келісіміне қол қойды.

- 1) Реформалар жүргізді.
- 2) Белгіленген жоспарға сәйкес біршама дербес өнеркәсіптерді біріктірді.
- 3) Шаруашылық есеп шаралары енгізілді.
- 4) Жекеменшікті жоюға ұмтылды.
- 5) Адамның жеке өміріне араласу көбейді.
- 6) Тоталитарлық социализм орнықты.
- 7) Экономикалық дағдарыс күшейді.
- 8) Мемлекеттік қарыз 20 млрд доллардан асты.
- 9) Білікті мамандар, жастар ГФР-ге қашты.
- 10) Саяси реформа талаптары бұқаралық митингілерде айтылды.
- 11) Революциялық көтерілістер мен ереуілдер көбейді.
- 12) ГДР-де “барқыт революциясы” басталды.

6. Қорыта келгенде, 1980 жылдардың соңында ГДР-дегі ішкі саяси жағдай тым нашарлай түседі. Э.Хонеккердің қызметтен кетуі саяси дағдарыстан шығуға мүмкіндік жасады. 9 қарашада Берлин қабырғасы құлатылып, Мальта кездесуінде Р.Рейган мен М.Горбачев герман мәселесін реттеуге қол жеткізгендігі айтылады.

Осыдан кейін мұғалім оқушыларға Германияны біріктіру барысындағы “2+4” келісімінің мәнін түсіндіреді. Бұл тақырыпшаны үй тапсырмасына мынадай сұрақтар беру арқылы толықтыруға болады:

1. Сайлау қашан өтті? Сайлауда кім жеңіске жетті?
2. ГФР мен ГДР арасындағы қатынас қалай реттелді?
3. Қай мемлекеттердің сыртқы істер министрлері қандай құжатқа қол қойды?
4. Г.Шредер қай жылға дейін мемлекетті басқарды?

## § 19. ИТАЛИЯ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Италияда республикалық мемлекет құру барысында “қарсыласу қозғалысының” өрбігендігін, олар, негізінен, көппартиялық жүйе ретінде қалыптасқан саяси партиялар екендігіне тоқталу.

1950—1960 жылдардағы экономикалық даму “италиялық ғажап” терминін тудырғанын және оның мазмұнын аша отырып, елдің экономикалық жүйесінің басты үш моделінің ерекшеліктерін ашып беру.

***Дамытушылық.*** Орталықтандыру мен социализмге сипаттама бере отырып, әрі қарай даму барысында саяси партиялық жүйенің дағдарысқа ұшырау себептерін, “Қарсыласу” толқынымен құрылған партиялық жүйенің толық күйрегендігін дәлелдеу.

***Тәрбиелік.*** Италияның соғыстан кейінгі жылдардағы ішкі-сыртқы саясаттарын ашу. Социалистік партиялар әсерінің өсу бағыттарына сипаттама бере отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу.

### **Көрнекі құралдар**

XIX—XX ғасырлардағы Дүниежүзі картасы, “Италия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін” картасы, картиналар.

***Сабақтың әдісі:*** дәріс, хабарлама, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар.***

Қарсыласу қозғалысы, радикалды аграрлы “Италиялық ғажап”, модернизация, “Үш басты модель”, “Орталықшылдар”, “Оңшыл, солшыл орталықшылдар”, “Үшінші фаза”, “Тарихи компромисс”, қызыл бригада, “Таза қол”, “Алға, Италия!”, “Ұлттық альянс”, “Еркіндік полюсі”, “Қара полковниктер”.

Сабақ алдында оқып өткен материалдар тексеріледі.

- 1) Германияның бөліну себептері.
- 2) ГФР-дің саяси партияларына сипаттама беріңдер.
- 3) Баспасөз материалдары бойынша ГФР-дің саясат жолындағы күрестерін әңгімелеңдер.
- 4) Шығыс Германиядағы “барқыт революциясының” мөнін ашыңдар.
- 5) Бірігу себептерін нақтылаңдар.

Үй тапсырмасы тексерілгеннен кейін жаңа сабақты түсіндіру басталады.

#### ***Тақырыпты оқытудың үлгі жоспары***

1. Қарсыласу қозғалысы және республика құру.
2. Италияның экономикалық және саяси өркендеу жолындағы антифашистік-демократиялық соғыстың бағыты.
3. Мемлекеттік-монополистік капитализмнің Италияда өркендеуі. “Италиялық ғажап” терминінің пайда болуы.
4. Италия экономикасындағы үш модель.
5. 1960—1990 жылдардағы Италиядағы партиялық саяси күрес.
6. Қорытынды.

Оқушыларға Италиядағы фашистік диктатураның қалыптасуы мен күйреуінің себептерін үйден қайталап келуге тапсырма берілген соң, мынадай сұрақтар қойылады:

1. Қай одақ ең басты қарсыласу күшіне ие болды?
2. Қарсыласу кезінде ИКП қай саясатты ұстанды?

Оқушылардың жауаптарын дамыту барысында мұғалім 1943—1945 жылдардың арасын сарапқа салады. Италияның тарихын оқытуда мұғалім оның саяси жағдайын Францияның саяси жағдайымен салыстырып қарастырады. (Қарсыласу қозғалысының нәтижесі, солшыл орталық коалицияның құрылуы, саяси-партиялардың эволюциясы, компартиялардың жаңа және алдағы демократия үшін бағдарлама жасауы.)

Сабақта оқушыларға логикалық тапсырма беріледі.

1. 1960 жылғы Италия мен 1958 жылғы Францияны салыстырыңдар.
2. Франциядағы революция неге Төртінші Республиканың құрылуына әкелді, ал Италияда бұл революция неге жеңіске жете алмай қалды?

1960 жылғы оқиғалар туралы әңгімесінде мұғалім И.П.Комалеваның “Новейшая история Италии” (М., 1970. С. 276—280) және Ю.В.Борисовтың “Новейшая история Франции, 1917—1965” (М., 1966, С. 224—227.) кітаптарын пайдалануына болады.

Оқушылар 1960 жылы Италиядағы төңкерістің құлауының негізгі себебі антифашистік күштердің бірігуінде екендігін түсінуі керек.

Соғыстан кейінгі Италия әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарымен ерекшеленді.

Италияның жедел дамуының, “экономикалық ғажап” жетістіктерінің ерекшеліктері “үш басты модельден” байқалатындығын ашып беру (1-кесте).

1970 жылдарға дейінгі ХДП-ның іс-әрекеттерін, дағдарыстың пісіп-жетілуін түсіндіру, себептерін ашу.

Дағдарысты шешуге “Қызыл бригада” деп аталған топтың араласуы себеп болғандығы және ИКП, ИСП және ХДП-ның рөлі парламент сайлауында төмендегенін дәлелдеу.

4-тақырыпша бойынша 1980 жылдар мен ХХІ ғасырдың басындағы Италияның саясатына, Италиядағы соғыстан кейінгі онжылдықтағы көппартиялық саяси жүйеге сипаттама беріледі.

1-кесте

**Италиядағы әлеуметтік-экономикалық даму**

<p>Солтүстік-Батыс (Милан, Генуя, Турин қалалары төңірегінде)</p>	<p>1) Аса ірі өнеркәсіптік Италия алдыңғы қатарлы технологиямен шоғырландырылды. 2) Ұсақ фирмалар ірі өнеркәсіпті толықтырды. 3) Арнайы құрал-жабдықтар, қосалқы бөлшектер әкелді. 4) Қаржы саласына, технология саласына әртүрлі қызмет көрсетті.</p>
<p>Солтүстік-Шығыс және Орталық Италия (Тоскана, Эмилия-Романья, Венеция)  Оңтүстік Италия (Неапольдан Сицилияға дейін)</p>	<p>1) Ұсақ және орта фирмалар ежелгі италиялық өндіріс түрлерін (керамикалық тақталар, киім, аяқкиім) дамытып, ұсақ қалалардың төңірегіне шоғырланды.  Артта қалған аймақ саналды. Оның тұрғындарының көпшілігі эмигранттар қатарында болды.</p>

1992 жылдарда Италиядағы “Таза қол” кампаниясының өкіметтің жоғары сатысындағы және басты саяси партиялар басшыларының арасындағы өзара сыбайластық фактілерін ашуы, қарсыласу қозғалысын күйретуге соқтырғаны, 1999 жылғы наурызда парламент сайлауында партиялық жүйенің таралып кетуі туралы әңгімеленеді.

Сынып оқушыларын үш топқа бөліп, оқулықтағы және басқа қосымша материалдарды оқып, дайындап келу үшін үйге берілетін сұрақтардың үлгілерін ұсынады.

**Үйге тапсырма.** Сұрақтарды басшылыққа ала отырып, келесі сабаққа саяси хабарлама дайындап келу беріледі.

## § 20-21. ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Кеңес Армиясының неміс фашист әскерлерін осы елдердің аумағында талқандауы Шығыс Еуропа елдерінің ішкі дамуына шешуші әсер еткендігін айту. 1945—1948 жылдардағы демократиялық өзгерістердің іске асуын, коммунистік партияның социалистік құрылыста үлгі болғандығын айту.

**Дамытушылық.** Сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық дамудағы қайшылықтарды, халықтық қозғалыстардың сыртқы елдермен байланыстағы әрекеттерін ашу.

**Тәрбиелік.** Шығыс Еуропа елдеріндегі реформалар бағытының мақсатына сипаттама бере отырып, оқушыларды сол оқиғаларды салыстыруға және баға беруге баулу.

### **Көрнекі құралдар**

“Екінші дүниежүзілік соғыс” картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, “Прага көктемі” (диафильм), сұлбалар, кестелер, қолдан сызылған кескіндемелер: “Қазақстан Шығыс Еуропа елдерімен қарым-қатынаста”, “XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзі елдері”.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

“Шығыс Еуропа”, “қырғиқабақ соғыс”, “халықтық демократия”, экономикалық стратегия, консерваторлық өкімшілік жүйе, тоталитарлық социализм, “Прага көктемі”, экономиканы ырықтандыру, “Тобыр өкіметі”.

Сабақ басталар алдында өткен материалдар тексеріледі.

1. Экономикалық ықпалдастық және жалпы рынокқа сипаттама беріп, айырмашылығын түсіндіріңдер.
2. Еуропалық және қаржылық (валюталық) одақтың құрылу себебі не?

Оқушылардың жауабын толықтыра отырып, мұғалім өткен тақырыптың алғышарттары мен нәтижесін анықтайды. Сабақты бекіткеннен кейін бірден жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.

Мұғалім сабақты картадан Орталық, Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін (Польша, ГДР, Венгрия, Чехословакия, Югославия, Албания) көрсетуден бастайды.

1. Бұл елдер соғыстан кейінгі кезеңдерде неге Шығыс Еуропа деп аталды?
2. Бұл елдер соғыс жылдары қандай жағдайда болды?
3. Шығыс Еуропа елдерінің ішкі дамуына не өсер етті?

Оқушылар 8-сыныпта өтілген материалдарға сүйеніп жауап береді. Мұғалім сұраққа жауапты толық алмаған жағдайда өзі толықтырып отыруы тиіс.

1945—1946 жылдардағы Шығыс Еуропа елдеріндегі демократиялық өзгерістердің белгілерін атай отырып, оның Батыс Еуропа елдерімен ортақ сипатта болғанын нақтылау және оны оқушылардың дәптерлеріне жаздыру.

**Белгілері:**

- 1) Парламент режімдерін қалпына келтіру.
- 2) Көппартиялық жүйе.
- 3) Жалпыға бірдей сайлау құқығы.
- 4) Конституция қабылдау.
- 5) Аграрлы реформаларды іске асыру.
- 6) Өскери қылмыскерлерді жазалау.
- 7) Ұлтшыл қылмыскерлер мен олардың жақтастарын ұлттандыру.

Шығыс Еуропа елдерінде коммунистік партиялардың билікке келуін, өздерінің саяси қарсыластарын ығыстырып, жоя бастағандығын айта келіп, социализм құрылысының принциптері ашып береді.

**Социализм құрылысының принциптері:**

*Бірпартиялы саяси жүйені бекіту.* Билік толығымен үкіметтің атқарушы органдарының қолына шоғырландырылды, ол коммунистік партиялық аппаратпен қосылды. Азаматтардың еркіндігі мен құқығы ресми түрде жарияланып, нақты өмірде сақталмады. “Халық демократиясы” орнына тоталитарлық социализм орнықты.

*Экономика саласында.* Барлық мемлекеттер индустрияландыруға бет бұрды. Чехословакия мен ГДР-ден басқа елдердің бәрі аграрлы ел болды. Өнеркәсіп, қаржы салалары, сауда түрлері мемлекет меншігіне берілді. Шаруашылық

салаларын басқару жүйесі мемлекеттің билігіне шоғырландырылды. Өміршіл-әкімшіл басқару жүйесі салтанат құрды. Жекеменшік, еркін нарықтық қатынастар толық жойылды.

*Өнеркәсіп саласында.* Экономикалық стратегия индустрияландыруға сүйенді. Елдің қаржылық мүмкіндігі ескерілмей, ауыр өнеркәсіпті дамыту, ірі комбинаттар құру, қуатты электрстансыларын тұрғызу көбейді.

*Қиыншылықтары.* 1970—1980 жылдары индустрияландыру моделінің апатты жағдайы біліне бастады. Зор материалдық, энергетикалық және еңбек шығындары, өндірістің экстенсивті түрі өзін-өзі сарқылтты. ҒТР, шағын процессорлар, компьютерлер, басқару жүйелері, есептеу техникалары тез арада өнеркәсіптік материалдық-техникалық аспаптардың жаңа негізін ұсынды.

Шығыс Еуропа елдері консервативті әкімшілік жүйеге бет бұрғандықтан, жаңа ғылыми-революциялық өзгерістерді қабылдай алмайтын халде қалды.

Шығыс Еуропадағы соғыстан кейінгі осындай жағдайлар тоталитарлық социализм жүйесін дағдарысқа әкелді деп, тақырыптағы 1, 2-тақырыпшаларды аша отырып, Шығыс Еуропадағы кейбір қақтығыстар мен олардың КСРО және басқа социалистік елдердің әскерлерімен басып-жанышталғандығын да әңгімелей кеткен орынды. Мысалы, 1953 жылы Польшадағы, ГДР-дегі көтерілістер, 1956 жылы Венгр көтерілісі және 1968 жылғы “Прага көктемі”.

Үшінші тақырыпшада оқушыларға КСРО мен Шығыс Еуропа елдері ҒТР-дің жаңа кезеңіне қосылып кете алмағандығын, күн тәртібінде экономиканы қайта құрудың қажеттігі тұрғанын айту қажет.

Мемлекеттік басқару жаңа партияларға өткендігін, сөйтіп көппартиялық жүйе енгізіліп, әлеуметтік-экономикалық құрылыс пен саяси жүйені өзгертудегі реформа маңызының зор екендігіне тоқталу керек.

Тақтаға реформа мына бағытта жүргізілгендігін жазуға болады.

**Шығыс Еуропа елдеріндегі реформалар.**

- 1) Нарықтың жоспарлы реттеушілік рөлін және бағаны ырықтандыру.
- 2) Толық мағыналы тауарлы ақша қатынастарын орнату.

- 3) Меншік формаларын өзгерту.
- 4) Жекеменшікті мойындау.
- 5) Әкімшіл-өміршіл басқару жүйесін жою, қысқарту.

Осындай кезеңде солшыл саяси күштер мен бұрынғы коммунистік партиялар өз беделін жоғалта бастайды, олардың орнына социалистік партиялар келіп алмастырды. 1996—1997 жылдары Польшада, Болгарияда, Венгрияда, Румынияда және бірқатар басқа елдерде социал-демократиялық топтар қайтадан жеңіліске ұшырап, өкімет басына жаңа саяси күштер келгендігіне көңіл аударту.

Шығыс Еуропадағы экономиканы ырықтандыру, нарықтық қатынасқа өту салдарын 1-кестеде келтірілген факторлардан көруге болады.

1-кесте

Мемлекеттер	Реформалар нәтижелері
1	2
Польшада	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тұрақтылыққа өтуді жеделдетті.</li> <li>2. 1955 жылы құнсыздану бірден төмендеді, мемлекет Еуропалық деңгейге шықты.</li> <li>3. Елде жұмыссыздық көбейді.</li> <li>4. Әлеуметтік шиеленіс болды.</li> <li>5. 1996 жылы президент сайлауында солшыл күштің өкілі жеңіске жетті, ал партия сайлауында 1997 жылы қазанда оңшылдар басым болды.</li> </ol> <p>Польша фермерлері нағыз социализмді қабылдамады.</p>
Болгарияда	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Социалистер басқарған өкімет реформаға бұғау салды.</li> <li>2. Әлеуметтік-экономикалық жағдай ауыр халге түсті.</li> <li>3. Елде ашаршылық болды.</li> <li>4. Қаржылық банкрот етек алды (сыртқы қарыз 10 млрд доллардан асты).</li> <li>5. 1997 жылы президент болып оңшыл оппозицияның өкілі сайланды.</li> <li>6. Кезектен тыс парламент сайлауы өткізілді.</li> </ol>
Албанияда	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Саяси мәдениеттің деңгейі төмен болды.</li> <li>2. Демократиялық дағды болмады.</li> <li>3. 1997 жылы елде саяси дағдарыс туды, “Тобыр өкіметі” мемлекеттік институттарды қиратты, ел астан-кестен болды, азаматтық соғыстың алдында тұрды.</li> </ol>
Польша мен Югославияда	Ауыл шаруашылығын кооперациялау кең етек жайды.

1	2
Чехияда, Словакияда, Венгрияда	Кооперативтің жаңа формалары пайда болды.
Румынияда	Кооперативтер тарап кетті.
Болгарияда	Екіаралық нұсқа өмір сүрді. Жеке кооперативтер сақтала отырып, жекеменшік фермерлік шаруашылық қалыптасты.
Чехословакия 1990 жыл	Революциялық үрдістер ұлттық және этникалық қақтығыстар жағына ауысты.
Югославияда (Сербия мен Черногория қалды) 1991—1992 жылдар 1999—2000 жылдар	Бірнеше мемлекеттерге бөлінді: Егеменді Словакия, Босния, Герцеговина, Македония, Хорватия. Халықтың діни құрамы: католиктер, мұсылмандар, православтар. Аумақтық-этникалық қақтығыстар. Косоводағы албандар тағдыры әлемді дүрліктірді.
2002 жыл	Болгария, Румыния, Словакия, Словения шақырылды.
2003—2004 жылдар	Аталған 4 ел НАТО тобына қабылданды.
2009 жыл	Албания мен Хорватия қабылданды.

Сөйтіп, сабақтың соңғы тақырыпшасын — елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістерді, әлеуметтік, бостандық, тәуелсіздік жолмен даму үшін жүргізген реформалардың мәнін осы кесте арқылы түсіндіруге болады.

**Үйге тапсырма.** 1) Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері. Дүниежүзі тарихы; 9-сынып, §20—21. 2) Кескін картаға Югославия мемлекеттерін және басқа елдерді түсіру. 3) Деректер мен құжаттар оқып келу.

## § 22. КЕҢЕС ОДАҒЫ. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына сипаттама бере отырып, елді басқарудағы әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің халыққа тигізген зардаптарын ашу. 1956 жылғы ҚОКП XV съезіндегі қаралған мәселе — Сталиннің жеке

басына табынушылықтың салдарын, КСРО-ның 1950—1960 жылдардағы ішкі-сыртқы саясатын, Брежнев тұсындағы реформалардың жетістіктері мен кемшіліктерін өңгімелеу.

Екінші сабақта 1984—1991 жылдардағы М.С.Горбачевтың “қайта құру” саясатын және оның ұтымды, ұтымсыз жақтарын талдай отырып, қоғамдағы етек алған кейбір қайшылықтар компартия дағдарысына әкелгендігін, формалды емес ұйымдардың қалыптасуын, ТЖМК төңкерісі мен сәтсіздіктерінің мәнін ашып түсіндіру.

*Дамытушылық.* КСРО-ның ыдырау себептерін нақтылай келе, егеменді мемлекет құруға ұмтылған елдердің Новоогарев келісімін талдаудағы бірлескен жұмысының мақсатын ашу. Бұл келісімді тоқтату барысында ТЖМК әрекетін және оның жүзеге аспау себебін ашып өңгімелеу. 1991 жылғы тамыз оқиғасы КСРО-ның күйреуін шапшаңдатқандығын айта отырып, ТМД-ның құрылу мақсаттарына талдау жасау және оның экономикалық ықпалдастық мақсатында тұрақтану жолына түскендігін ашып көрсету.

*Тәрбиелік.* Оқушыларды жетекші басқарушылардың елді басқарудағы ұстанған жолына өзіндік көзқараспен қарап, іс-әрекеттеріне баға беруге баулу. Басқа елдердегі саяси жүйелерге сипаттама бере отырып, өз еліндегі ынтымақтастықты сақтауға тәрбиелеу.

Оқушыларды тәуелсіздік үшін күрестің мәнін түсінуге, азаттық жолында құрбан болған қайраткерлерге тағзым етуге, олардың ерлігін мақтаныш етіп, тәуелсіздік туын жоғары ұстауға баулу.

*Сабақтың әдісі:* сұрақ-жауап, хабарлама, өңгімелесу.

*Сабақтың түрі:* аралас сабақ.

#### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, кескін карта, сызба, диаграмма, сұлба, кесте.

#### **Тақырыпты оқитудың жоспары**

1. 1945—1953 жылдардағы КСРО-ның аумақтық өзгерісі, экономикалық-әлеуметтік, саяси дамуы.
2. Сталиндік саясаттың халыққа тигізген зардаптары.
3. КСРО-ның сыртқы саясатындағы бейбітшілік пен соғыс мәселелері.
4. Кеңес Одағы 1960—1984 жылдарда.
5. 1956 жылғы қазандағы оқиғалар. Брежнев және оның реформалары.
6. КСРО 1980 жылдар мен 1990 жылдардың басында. М.С. Горбачевтың қайта құру саясаты.
7. Халықтардың, ұлттардың бостандығына жол бермеу.
8. Компартия дағдарысы.

9. ТМД-ның құрылуы және оның қалыптасуындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атқарған рөлі.
10. Орта Азия республикалары және Қазақстан.
11. Экономикалық және әлеуметтік дағдарыс, одан шығудың жолдары.

Мұғалім үй тапсырмасын логикалық сұрақтарды үш-төрт топқа бөліп беру арқылы бекітеді.

Оқушылар жауабынан кейін жана тақырыпты түсіндіру басталады. Мұғалім кіріспе сөзінде соғыстан кейінгі жылдарда халықтың Кеңес Одағынан көп үміт күткендігін тілге тиек етеді. Бірақ КСРО халық үмітін бірден ақтауға ұмтылмағандығын, өздерінің бастапқы күшін шекараларды белгілеуге жұмсағандығын, қосып алған аумақтар мен Шығыс Еуропа мемлекеттері, Сібір мен оңтүстіктегі шекаралық өзгерістер туралы картаны пайдалана отырып әңгімелейді.

Кезекті тақырыпшаны мұғалім оқушыларға сұрақ қоюдан бастайды.

1. Соғыстың елге әкелген дағдарыстарын атаңдар.
2. Соғыстан кейінгі бесжылдықта халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында жүргізілетін шаралар қандай болуы керек?

Оқушылардың жауабы мұғалім әңгімесімен толықтырылады, тіпті дәптерлеріне соғыстан кейінгі бесжылдықтың өзгерістерін ашып жазғызуға да болады. Олар:

- 1) 8 сағаттық жұмыс күні қайта келді.
- 2) Мерзімінен тыс міндет жойылды.
- 3) Жыл сайынғы демалыс қайта берілді.
- 4) Ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, дамыту қорғаныс өндірісіне шоғырландырылды.
- 5) Ядролық-зымырандық саланы күшейтті.
- 6) ГУЛАГ жүйесімен миллиондаған адамдар каналдар, суқоймаларын жасады (Еділ — Дон каналы, Куйбышев СЭС-і, таскөмір мен кен шығару, ағаш кесу, т.б.).
- 7) 1947 жылы карточкалық жүйе жойылып, ақша реформасы енгізілді.
- 8) Өнімнің көптеген түрі ашық аспан астында шығарылды.
- 9) Құрал-саймандар мен станоктар бұзылып жатты.
- 10) Цехтар мен мекемелер жылытылмады.
- 11) Өндіріс өнімдерінің жаңа түрі шығарылмады.
- 12) Жоғарыдан төменге басшылық жасау әдісі баса қолданылды.
- 13) Ауыл шаруашылығы бірнеше дүркін күйзеліске ұшырады.
- 14) 1946 жылы Украинада, Молдовада және Ресейдің оңтүстігінде құрғақшылық болды.
- 15) Азық-түлік бағасы көтерілді.

Сталиндік саясаттың зардаптары тек Кеңес Одағына ғана емес, басқа елдерге де көп зиянын тигізді. Халықтың

бостандығы аяққа тапталды. Халық шаруашылығындағы аграрлы және әскери өндірістің дамуы жөнінде мұғалім хабарлама жасайды.

КСРО-ның сыртқы саясатындағы бейбітшілік пен соғыс мәселелерінде шаруашылық қатынастарын ЭӘК кеңесі реттеп отырғандығы туралы әңгімелесу.

Реформаға сәйкес елде экономикалық өзгерістер жеделдегендігін, адамдардың өмір сүру деңгейі де жақсара бастағандығын мұғалім толықтыра кетуі керек.

Елдің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық мәселелердің шешімдері халықтың ұлттық санасын қалыптастырды деп, мұғалім осы мәселелермен 1-сабақты бекітеді.

2-сабақ КСРО-ның 1980—1990 жылдардың басындағы Л.И.Брежнев басшылығы кезеңіндегі саяси жағдайын, 1979 жылы Ауғанстанға Кеңес әскерлерін енгізу нәтижесінде КСРО-ның әлемдегі беделінен айырылғандығы туралы әңгімелеуден басталады. Оған қоса, Шығыс Еуропа елдеріне орта қашықтықтағы зымырандар орналастырылды. Олар Африка елдерінің ішкі жағдайына да араласа бастады.

1980 жылдардың ортасында Кеңес Одағы экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыста болғанын айта келіп, одан шығу жолдарын қарастырған реформалар енгізіп, қайта құруға бағыт алғандығын нақтылайды.

1987 жылғы қаңтарда “жариялылық” туралы шешім қабылданды. Осының нәтижесінде өзара сын, айтыс күшейді. Дегенмен де құқықтық мемлекеттің, азаматтық қоғамның нормалары орнығып, азаматтарға ерікті одақтарға, қозғалыстарға, партияларға бірігуге рұқсат беріле бастады.

1990 жылғы шілдеде өткен КОКП-ның XVII съезінде Б.Н.Ельцин өзінің партиядан шығатынын мәлімдеп, оны Ленинград, Мәскеу әкімдері Г.Попов пен А.Собчак жалғастырғанын мұғалім оқушыларға әңгімелеп береді. Осы бастаманың салдарынан КОКП қатарынан 4 млн адам шығып, комсомол, пионер ұйымдары да өз іс-әрекеттерін тоқтата бастағандығына оқушылардың назарын аударады.

§22-тың келесі тақырыпшасы М.С.Горбачевтың қайта құру саясатын жолға қойғанымен, әр халықтың мүддесімен санасу, олардың ар-ұжданын құрметтеуге көңіл бөлмегендігін мынадай сұрақтармен байланыстыруға болады.

1. 1986 жылы желтоқсанда қазақ жастары қандай ұлттық тілектермен алаңға шықты?

2. Қазақ жастарының бұл тілектерін үкімет қалай қанағаттандырды?
3. Желтоқсан оқиғасы КСРО-ның беделіне қандай нұқсан келтірді?
4. М.С.Горбачевтың қызметтен кетуін кімдер талап етті?
5. Оның одақтас мемлекеттер арасындағы беделі неге түсті?

Сұраққа жауап алынғаннан кейін, мұғалім Ресей Федерациясы тәуелсіздігін жариялап, Ресей президенті болып Б.Н.Ельциннің билік басына келгендігімен толықтырады (1-кесте).

1991 жылғы 21 желтоқсанда ТМД-ның құрылуы туралы келісім хаттамасына Алматы қаласында Өзірбайжан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Белоруссия, Молдова, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина басшылары қол қойғанынан басталады. Сол күннен бастап жаңа Тәуелсіз елдер достастығы құрылғандығына, бірақ олардың даму жолдары әртүрлі болғандығына дәлелдер келтіруге, оның себептерін ашып айтып беруге болады. Олар, біріншіден, сегіз жыл ішіндегі 1000-нан астам құжаттардың көбісінің іс жүзінде орындалмай қалуы, екіншіден, қаржыландыру мәселесінің өз нәтижесін бермеуі, үшіншіден, экономикалық жағдайдың құлдырауы және т.б. дау-дамайлар. Мысалы, Украина мен Ресей арасындағы Қырым түбегі мен Севастополь қаласының мәселесі, Қара теңіз соғыс флотын бөлудегі айтыс, Абхазия-Грузия тартысы, Тәжікстан еліндегі өзара арпалыс және басқалар.

Мұғалім Орталық Азия мен Қазақстан Республикасының экономикалық дағдарыстан шығу шараларын түсіндіреді.

Қорытындыда Қазақстанның экономикалық ықпалдастық жолындағы даму барысында болашағының зор екендігіне және халықаралық сауда, экономикалық өзара көмек салаларында белсенділік көрсетіп, іс жүзінде алға қойған мақсаттарын орындайтындығына оқушылардың көздерін жеткізу.

**Үйге тапсырма.** 1991 жылғы 19—21 тамыз оқиғалары және олардың зардаптары туралы оқушыларға келесі сабаққа оқулық материалына қосымша материалдарды қосып хабарлама әзірлеп, ТМД елдерінің қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларына шолу жасап келу тапсырылады.

2000 жылдың соңында Б.Ельцин қызметінен кетіп, орнына В.Путин келді. В.Путин тұсындағы өзгерістерді және 2008 жылдан бастап Ресей президенті болып сайланған Д.Медведев саясатын және 2012 жылы оны қайта ауыстырған В. Путин саясаты үйге қосымша тапсырма ретінде беріледі.

Мезгілі	Қай елдер	Нәтижесі
КСРО-ның ыдырауы, ТМД-ның құрылуы		
1991 ж., 8 желтоқсан	Ресей, Украина, Белоруссия (Б.Ельцин, Л.Кравчук, С.Пушкевич)	“Беловеж” келісіміне қол қойып, ТМО құрылғанын мәлімдеді.
1991 ж., 21 желтоқсан	Өзірбайжан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Молдова, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина	Алматыда 11 мемлекет ТМД-ны құруға қол қойды.
ТМД елінің құрылуына байланысты экономикалық ықпалдастықтар құрылымы		
1993 ж., 1994 ж., 8 шілде	Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан	ТМД елдерінің қатарына Грузия қосылды. Біртұтас экономикалық кеңістік құру келісіміне қол қойылды. Н.Ө.Назарбаев ТМД елдерінің ықпалдастық ынтасын талаптандыру үшін “Еуразиялық одақ” идеясын ұсынды.
1996 ж., 29 наурыз	Беларусь, Қырғыз, Қазақстан, Ресей Федерациясы	“Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету” келісімі жарияланды.
1995 ж., қаңтар		Н.Ө.Назарбаев ТМД басшыларына “Біртұтас экономикалық кеңістік” Одағы жөніндегі келісім жобасын ұсынды.
1998 ж., 28 сәуір	Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы	“Қарапайым халықтың мұқтажына тиісті 10 қарапайым қаулы” атты бағдарлама бекітілді. (Азаматтық алуды жеңілдету, кедендік, шекаралық, тұрғындар теңдігі мен еріктігі, шекарадан шетел валютасын кедергісіз өткізу және т.б. жеңілдіктер.)
1999 ж., 29 сәуір		ТМД елдері басшылары мәжілісінде Н.Ө. Назарбаев атқарушы органдарды реформалау пікірін ұсынды.
1998 ж., маусым		Мемлекетаралық экономикалық комитет ұйымының Бас кеңесі Мәскеуден Алматыға ауысты.
1998 ж., 28 сәуір		Ықпалдастық бірлікке Тәжікстан қосылды.

## § 23. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Тәуелсіздік алғаннан кейінгі АҚШ-тың тарихын қайталай отырып, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына сипаттама беру. Капиталистік елдер арасындағы АҚШ-тың таңдаған бағыттары мен реформаларын кезеңдерге бөліп қарастыру.

**Дамытушылық.** Әсіресе демократиялық және республикалық партиялардың басқару кезеңіндегі мәнін ашып көрсету. Қазіргі кезеңдегі ұстанып отырған саясаты мен Қазақстан — АҚШ арасындағы байланысқа тоқталу.

**Тәрбиелік.** Оқушылардың пікірін ортаға салып, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында ізденіске баулу.

**Сабақтың түрі:** ізденіс-саяхат сабағы.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау.

### **Көрнекі құралдар**

Карта, сызба кесте, безендіру.

### **Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың саяси әлеуметтік-экономикалық дамуы.
2. Соғыстан кейінгі мемлекеттік саясаттың бағыты. 1950 жылдардағы АҚШ.
3. Джон Кеннеди тұсындағы Америка (1960 жылдар).
4. Линдон Джонсон. “Кедейшілікпен күрес бағыты”. 1963—1968 жылдар.
5. Ричард Никсон: “Жаңа экономикалық саясат”. 1972—1974 жылдар.
6. АҚШ-тағы Рейганомика.
7. Республикашылдар мен демократиялық партиялар саяси күресте (1988—2004 жж.). (Дж.Буш, Билл Клинтон, кіші Дж.Буш.)
8. Қазақстан мен АҚШ арасындағы байланыс.

### **Сабақтың барысы:**

1. Сызбалар тақтаға ілінеді және аялдамалар арқылы тақырыптың мазмұны ашылады.

*(Бұл тақырыпты мұғалім өзі саяхат жасап немесе оқушыларға алдын ала ізденіс сұрақтарын беру арқылы да өткізуге болады.)*

2. Саяхат сабағы болғандықтан, жоспардағы мәселелер бойынша аялдамалар белгіленеді.

### **Сөре. 1-аялдамада. Білім жолы.**

Білім аялдамасында оқушыларға бүгінгі өтілетін сабақтың түрі мен аялдамалар мақсаты айтылады. Бұл аялдамада өтілген материал пысықталады.

Жаңа сабақты түсіндіргенде, XIX ғасырдағы АҚШ-қа байланысты сұрақтар қойылып, оған берілген жауаптар арқылы оқушылар білімін бекіте түседі. Себебі, бұл әдіс жаңа материалды оқушылардың тереңірек меңгеруіне тиімдірек болмақ.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың экономикалық дағдарысының себебі неде?
2. АҚШ-тың қандай елдермен сыртқы саясатта қайшылықтары шиеленісе түсті?
3. АҚШ пен КСРО арасындағы қатынастар қай жылдан бастап орнай бастады?
4. Рузвельттің “Жаңа бағыт” реформасының мақсаты не?
5. “Бейтараптылық” заңы қашан қабылданды, оны не үшін қабылдады?

Сұрақтарды ауызша немесе географиялық карталарды көрсету арқылы қоюға болады.

**Сөре. 2-аялдамада. Тағы да не білсем екен?**


Алдын ала әзірленген сызбалар бойынша АҚШ-тың 1945—1950 жылдардағы реконверсия және мемлекеттік саясаттың соғыстан кейінгі дамуына саяхат жасалады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың саяси тарихына шолу беріледі. Шолушы немесе мұғалім АҚШ-тың соғыстан кейін туралап қалмаса да, экономикалық дағдарысқа душар болғанына тоқтала кеткені жөн.

Әсіресе 1945—1946 жылдары жұмысшы қозғалысы және оларға қарсы қабылданған 1947 жылғы Тафт-Хартли заңының мазмұнын ашып, Рузвельттен кейінгі Г.Трумэн саясатына да оқушылар назарын аудару қажет.

**Сөре. 3-аялдамада. 1950 жылдардағы АҚШ-қа саяхат.**

Төмендегі кестені пайдаланып, АҚШ-тың соғыстан кейінгі даму бағытын әңгімелеуге болады.



1-сызба бойынша келесі 4-аялдама мазмұны ашылады.



1-сызба



5-аялдамада.

Мемлекет басшылары бағдарламасының бағыттары хабарланады.

I. Джон Кеннеди:




II. 1963—1968 жылдардағы Линдон Джонсон:

1960 жылғы нәсілдік қыспаққа қарсы қозғалыс.

Оның жетекшісі Мартен Лютер Кинг екендігін, бұл жорық күш көрсету емес, жаппай жорық ретінде елдің онтүстігінде жүргізілгендігі жайлы айту қажет.

Келесі аялдамада 1970 жылы Американың өлемдегі елдер секілді, экономикалық, әлеуметтік саясат алмасуын, ГТР-дің қанат жайғандығын, бұлардың құрылымдық дағдарысқа ұшырағандығын ашып айта кеткен жөн.

1972—1974 жылдары Ричард Никсон тұсындағы өзгерістерге тоқталсақ.



**Нәтижесінде:**

1. 5 жыл ішінде зейнетақы мен жәрдемақыны бірнеше рет көбейтті.
2. Кірісі төмен отбасылар мемлекеттен арнайы жәрдемақы алу құқығына ие болды.
3. Азық-түлік көмегін беру жүйесін енгізді.
4. Кәсіподаққа қарсы қатал саясат жүргізді.
5. Вьетнамдағы соғыс аяқталды.
6. Зымырандық қорғаныс жүйесін шектеу саласында уақытша келісімге қол қойылды.

1976 жылы президент болып демократиялық партияның кандидаты Дж.Картер сайланды. Оның тұсында КСРО — Америка қатынасындағы маңызды өзгеріс — 1979 жылы стратегиялық қаруларын (ОСВ-2) шектеу туралы келісім жасалғандығын айту қажет.

Келесі ұсынылатын сызбада мұғалім 1980—1988 жылдардағы Р.Рейган өкімет билігі кезіндегі “Рейганомика” саясатын қарастырады.

Бұл аялдама “Рейганомика” деп аталады.

Өлеуметтік экономика саласында	Сыртқы саясатта
1	2
1. Бюджеттік шығынды қысқартты.	— 1979 жылы Ауғанстанға КСРО әскерлерінің енгізілуі.
2. Қатал монетаристік саясат жүргізді.	— 1981 жылы Польшада әскери жағдай енгізілуіне байланысты.
3. Мемлекеттің экономика саласын бақылау құқығын қысқартты.	— АҚШ Батыс Еуропаға қанатты зымырандар мен орта қашықтықтағы зымырандарын орналастырды.
4. Кәсіпкерлікті дамытып, бағаны еркін жіберді.	— Кеңес — Американың қатынасы бұзылды.
5. Салықтың деңгейі 50%-дан 28%-ға төмендеді.	— 1986 жылы Рейкьявикте (Исландия) КСРО және АҚШ басшыларының кездесуі болды.

1	2
6. Қаржы салымын көтерді. 7. ГТР арқылы 1983 жылдан бастап дағдарыстан шықты. 8. Ереуілді қатал басып, кәсіподақты таратты. 9. Жұмыссыздар саны азайды. 10. Ғылым, білім денсаулық сақтау, қаржы саласы, ақпараттық қызмет жақсарды.	— 1987 жылы Вашингтонда екі ел орта және жақын қашықтықтағы зымырандарды жою туралы келісімге қол қойды. — 1989 жылы “қырғиқабақ соғыс” аяқталды.

Тақырыпшаны шолушы осылай сипаттай келіп, 1988 жылғы президент сайлауында тағы да республикашылдар жеңіске жеткендігіне көңіл аударады. Рейган саясатын бұрынғы әкімшіліктегі вице-президент Дж.Буш жалғастырандығы айтылады.

1992 жылы кезекті сайлау демократиялық партия өкілі кандидат Билл Клинтонның жеңісімен аяқталды. Клинтонның әлеуметтік саясатты белсендірек жүргізгендігіне, әсіресе дәрігерлік сақтандыру саясатында Заң жобасын жасағандығына назар аударту қажет.

2000 жылғы президент сайлауында Республикалық партия өкілі кіші Дж. Буш жеңіске жетіп, 2003 жылғы наурызда Иракқа қарсы соғыс ашып, С.Хусейн тәртібін жойды. Ал 2004 жылғы 4 қазанда кіші Дж. Буштың тағы да президенттік мерзімін ұзартқандығын еске салған орынды. 2008 жылғы сайлауда демократиялық партияның өкілі Барак Обама жеңіске жетті, 2012 жылы Б.Обама екінші мерзімге қайта сайланды.

**Үйге тапсырма:** § 23. АҚШ-тың қазіргі таңдағы халықаралық, саяси экономикасына, саясаттағы орнына өңгіме жазу.

1. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі сыртқы саясатына сипаттама беріңдер.
2. АҚШ-тың Нагасаки мен Хиросимаға атом бомбасын тастауының себептері неде? Пікірлеріңді дәлелдендер.
3. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі “оқшаулану” саясатының мәнін түсіндіріңдер.
4. “Уотергейт жанжалы” дегеніміз не? Мағынасын түсіндіріңдер.
5. “Рейганомика” саясатының мәнін түсіндіріп беріңдер.
6. “Қырғиқабақ соғыс” саясатын КСРО мен АҚШ-тың арасындағы бақталастық деп қарауға бола ма? Пікірлеріңді дәлелдендер.

## IV бөлім. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ — XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

### § 24. ЖАПОНИЯ

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

*Білімдік.* Жапония империалистерінің Тынық мұхит аймағындағы елдерге жүргізген отаршылдық әрекеті және сол елдерге тигізген зардаптары туралы әңгімелеу.

Соғыс салдарынан зор зиян шеккен мемлекетте (1945—1951 жж.) жүргізілген үкімет реформаларының маңызын, Жаңа Конституция қабылдаған Жапонияның 1950—1960 жылдары әлемді таңғалдырған даму қарқынына түскенін айту.

*Дамытушылық.* Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мен бейбітшілікті нығайту жолындағы күресін айта келіп, сыртқы саясаттағы — АҚШ, КСРО және Қытаймен арақатынасын мысалдармен дәлелдеу. Қазақстан Республикасымен саяси-экономикалық қатынастар орнатып, ынтымақтастығын дамытудағы рөлі туралы айтып беру.

*Тәрбиелік.* Оқушыларды дамыған елдердің өзгерістерін, ерекшеліктерін салыстыруға, іскерлік пен ынтымақтастыққа баулу.

***Көрнекі құралдар:*** дүниежүзінің саяси картасы, кесте, сұлба.

***Сабақтың әдісі:*** оқулықпен жұмыс істеу.

Өтілген материалдарды мұғалім сұрақтарға жауап беру арқылы бекітеді. Оқулықпен жұмыс істеудің тиімділігі — оқушылардың сабақ барысында және үйде кітаппен жұмыс істеу қабілетін арттырып, пәнге қызығушылығын, өзінше ізденіп, білімін толықтырып отыруын қамтамасыз етеді. Алдымен сабақ жоспарын тақтаға жазу керек.

1. Жапония империалистерінің Тынық мұхит аймағындағы елдерге жүргізген басқыншылық әрекеті.
2. Үкімет реформаларының маңызы және жаңа Конституция.
3. Жапонияның 1950—1960 жылдардағы даму қарқыны.
4. Сыртқы елдермен қарым-қатынасы.
5. Жапонияның қазіргі кездегі саяси өмірі және халықаралық жағдайы.

Үйге берілген тапсырманы сұрап болғаннан кейін, мұғалім картаны пайдалана отырып жаңа тақырыптағы бірінші тақырыпшаның мазмұнын ашу үшін мынадай сұрақтар қояды:

1. Жапония империалистері Екінші дүниежүзілік соғыста қандай жерлерді басып алды?
2. Ондағы мақсаты не? Жапонияға қарсы қай елдер соғыс ашты?
3. Жапония қашан тізе бүкті?

Сұраққа жауап алынғаннан кейін мұғалім Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыста Қытай халқына, өзінің бейбіт-сүйгіш халықтарына әкелген ауыр зардаптарын соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтірудегі қиыншылықтармен байланыстырады.

Жапон империалистерінің Тынық мұхиттағы басқыншылығына шолу жасауда оқушылар оқулықты пайдалануы керек. Оларға бірінші тақырыпша бойынша төмендегі кесте ұсынылады (1-кесте). Оқушылар оның мазмұнын оқып шығып, кестенің мазмұнын толтырып, жауапты нақты беруге тиісті. Алынған жауапты 1-2 оқушыны тақтаға шығарып тексеруге болады.

Енді келесі тақырыпшаның алдында мұғалім оқушыларға Жапонияның шетел қарулы күштері басып алған

1-кесте

Кезеңі, соғысушы елдер	Соғыс аймағы	Қайда шабуыл жасады	Кімдер қолдады
1941 ж. — Германия	Батыста	КСРО-ға	АҚШ
1941 ж., 7 желтоқсан — Жапония	Шығыста	Қытайға	
1941 ж. 8 желтоқсан — Жапония	Тынық мұхит елдері аймақтары	Пёрл-Харбордағы АҚШ базасына	
АҚШ	Тынық және Үнді мұхит аралығын, Оңтүстік-Шығыс Азия, Филиппин және Аустралия		Ұлыбритания, Канада, Аустралия Одағы, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Одағы, Гоминьдандық Қытай

кездегі дамуында биліктің бірден АҚШ-қа өткенін, бұрынғы саяси партиялар таратылып, соғыс қылмыскерлерін Одақтас Кеңес және Қиыр Шығыс Комиссиясы трибуналмен жазалағанын әңгімелейді.


Мұғалім оқулықтан Жапонияның соғыстан кейінгі дамуындағы жаңа партияларды тауып оқытады және тақтаға кесте түрінде жазып, мәнін ашуға көмектеседі.

Жаңа партиялар	Қандай бағыт ұстанады
Демократиялық	Буржуазиялық
Либералдық	Буржуазиялық
Социалистік	Оппозициялық
Коммунистік	Оппозициялық

Соғыстан кейінгі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына сипаттама бере отырып, үкімет жүргізген (1946—1949 жж.) реформаның маңызын ашады. Жердің иесі болып келген помещиктен артық жер алынып, шаруаларға берілгендігін, фермерлік шаруашылықтың дами түскендігін реформаның бірінші жетістігі деп есептеуге болады. Екіншіден, жұмысшылар мен ұсақ кәсіпорындардың иелері мен ұжымдық келісімге барып жұмыс істеуге, ереуілдерге шығуға құқылы болды, 8 сағаттық жұмыс күнін белгіледі.

Енді оқушыларға Жаңа Конституция қабылдаудың мақсаттары мен міндеттері түсіндіріледі. Мемлекеттің саяси құрылымы тақтаға сызылып көрсетіледі (1-сызба).

1-сызба



Осы мәселелерді талдауда мұғалімнің хрестоматияны пайдаланып, Жапония Конституциясының кейбір баптарына тоқтала кетуіне болады. Мысалы, *I бөлім. I бап.* Император мемлекет пен халық бірлігінің символы болып табылады, ол еркін халықтың жағдайына қарай негізделеді.

*II бөлім. IX бап.* Жапония халқының соғыстан бас тартқаны, халықаралық таластарда қауіп төндіруге, болмаса қарулы күш жұмсауға бармайтыны, олардың ешқашан да құрлықта, суда және әуеде қару-жарақтарын және басқа да соғыс күштерін қолданбайтыны айтылады.

Кеңес-Жапон Декларациясы бойынша 1956 жылғы 19 қазанда КСРО мен Жапония арасындағы соғыс тоқтатылды. КСРО мен Жапония арасындағы келісімнен кейін Кеңес Одағы Жапонияға Хабоман мен Шикотан аралдарын қайтарып беруге келісті.

Бұл тақырыпшаны толық 1 сағатта оқыту мүмкін емес, сондықтан оқушыларға елдің Конституциясы 1947 жылы қабылданып, Жапонияда әлі күнге дейін заңдылығын сақтауда екендігін айтып, үйден өздігінен қосымша материалдар оқып келу тапсырылады. Келесі тақырыпша Жапонияның экономикалық дамуы, 1950—1960 жылдардағы қарқынына тоқталып, сұрақтар қою арқылы басталады.


1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияның өндіріс орындары қандай өзгеріске ұшырады?
2. Жапония экономикасының дамуын кім қолдады?
3. Көп ұзамай ірі жетістіктерге жеткен қандай ірі өндіріс орындарын білесіңдер?
4. 1950—1960 жылдарда Жапония экономикалық дамудың қандай жолын таңдады?

Міне, осы сұрақтарға жауап ала отырып, мұғалімнің экономикалық даму барысындағы ГТР-дің қоғамдағы маңызды рөлін ашып айта кеткені оқушылардың осы тақырып туралы білімін тереңдете түсері даусыз.

Жапонияның алдына қойған мақсатын, әсіресе басқа елдерде қолданыла қоймаған жаңалықтарды іске қосу, өте қажетті өнімдерді шығару, оның сапасына мән беру арқылы даму жолына түскенін айтқан орынды. Жапония біраз жылдың ішінде өзінің ұлттық өнімдерімен әлемді таңғалдыра бастады (1-сурет).

Жапонияда кәсіпшілік жетекші күшке ие болып, оны табыстың көзіне айналдырып, жылдан-жылға молайтуға

### Жапонияның сыртқы сауда айналымы



1-сурет

ұмтылды. Дегенмен де, Жапонияның тау-кен байлығы жоқтығынан соңғы жылдары дағдарысқа ұшырап келе жатқандығын да айта кеткен жөн. Бірақ жапондықтар экономика құрылымын өзгертіп, өндіріс жабдықтарын жаңартып, компьютерлер мен роботтарды, жаңа технологияларды көптеп шығарып, дағдарыстан өтіп, алға ұмтылып келеді.

Келесі тақырыпшаны Жапонияның сыртқы саясатын — 1951 жылы Сан-Франциско қаласында болған басқа елдермен жасаған бейбіт бітімінен бастауға болады. Социалистік елдердің талабы бойынша Кеңес Одағы басып алған аралдан Жапонияның бас тартуы қажет еді. Екі ел келісімге келе алмай, 1956 жылға дейін дауласып келді. Содан кейін де бірнеше келіссөзде арал тағдыры шешілмеді. Картадан әр елге қарасты жерді көрсетіп, олардың тағдырын өңгімелей отырып, Жапония мен Қытай қарым-қатынасына да тоқтала кету керек. Екі ел 1978 жылы бейбіт бітімге қол қойып, 1997 жылы сауда айналымы 60,8 млрд доллар болғаны айтылады немесе оны кестеге жазып, оқулықтан оқушы өз дәптеріне түсіруіне болады.

2-кесте

1997 жылғы сауда айналымы	
Жапония — Қытай	60,8 млрд доллар
Жапония — Ресей	3—4 млрд доллар

Ал АҚШ пен Жапония арасындағы қарым-қатынас Америка әскерлерін, әскери базаларын Жапон аралдарына орналастыруға құқық берілген күннен бастап нығая түсті.

1960 жылғы Жапония — АҚШ “Өзара ынтымақтастық және қауіпсіздік кепілдігі туралы” жаңа шартқа қол қойды. Қазіргі кезеңде екі ел өте тығыз байланыста, сауда айналымы жоғары екені туралы нақтылап, үйден қосымша материалдар арқылы толықтырып келуге тапсырма беруге болады.

5-тақырыпшада Жапонияның қазіргі саяси өмірі мен жағдайына сипаттама беріледі.

Бұл тақырыпша Жапонияның әлем елдері арасындағы орны мен Қазақстан Республикасымен саяси-экономикалық қатынастағы ынтымақтастығы жайлы айтумен бекітіледі.

***Үйге тапсырма.***

1. Оқулықтағы §24-ты қосымша материалдармен толықтырып оқып келу.
2. Қазіргі кездегі Қазақстанмен саяси-экономикалық байланыстарын толығырақ ашу үшін хабарлама даярлап келу.

**§ 25. ТҮРКИЯ**

***Тақырыпты оқитудағы мақсат***

***Білімдік.*** Соғыстан кейінгі Түркияның экономикалық және саяси даму жолында қабылдаған реформаларының мақсатын ашып, демократиялық партия үкіметінің ішкі-сыртқы саясатына сипаттама беру. Әсіресе, 1960—1990 жылдардағы Түркия Республикасының дамуына тереңірек тоқталу.

***Дамытушылық.*** Тұрғыт Озал ұлттық тарихта неге “өзгерістің атасы” деп аталғанын және Түркия президенті Сүлейман Демирел кезіндегі республиканың ішкі-сыртқы саясатын әңгімелеу.

***Тәрбиелік.*** Қазіргі Түркияның Қазақстанмен саяси қатынасы жоғары деңгейде екенін айта отырып, оқушыларды халықтар арасындағы қалыптасқан ынтымақтастықты құрметтей білуге баулу.

***Сабақтың түрі:*** тестілеу.

***Сабақтың әдісі:*** әңгімелеу, кестені сызу арқылы баяндау, оқулықпен жұмыс, сұраққа жауап алу.

**Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, сызба, кестелер, перфокарта, “Дүниежүзі тарихы” хрестоматиясы, “Дүниежүзі елдері. XX ғасыр” — газет материалдары.

Мұғалім сабақты үйге берілген тапсырманы сұраудан бастайды. Өткен тақырып бойынша толық жауап бергеннен кейін, мұғалім сабақты бекітеді.

***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Соғыстан кейінгі Түркияның экономикалық және саяси дамуы.
2. 1960—1990 жылдардағы Түркия Республикасының даму жолдары.
3. Тұрғыт Озалдың “өзгерістің атасы” деп танылуы.
4. Қазіргі Түркия және Қазақстан байланысы.
5. Қорытынды.

Бұл сабақ тест әдісімен беріліп отыр. Тест әдісі оқушының ой-өрісін анықтауға қолайлы өрі жеңіл. Сонымен бірге үйден өздігінен тест құрастырып келудің пайдасы зор. Әсіресе, шағын және даталары көп материалдарды оқытуда тест әдісі өте тиімді. Тақырыптың жоспарымен таныстырғаннан кейін, мұғалім Түркияның соғыстан кейінгі дамуының ерекшеліктерін айтады.

1. Соғыстан кейінгі Түркия жаңаланудың қай түрін жақтады?
2. Түркия қатаң әскери тәртіпті жұмсартып, қандай өзгерістер керек екенін білдірді?
3. Ауылдағы шаруалардың қандай мәселенің шешілмегеніне көңілдері толмады?

Енді жаңа тақырыпты тест әдісімен түсіндіру басталады. Бірінші тақырыпша бойынша сабақты толықтыру үшін тест әдісі ұсынылады.

*Тест жүргізуге арналған сұрақтар*

1. Түркия халық мәжілісі “Жер реформасы” туралы Заңды қашан қабылдады?
2. “Кәсіподақтар туралы” заң қашан қабылданды?
3. Түркия үкіметі көппартиялық саяси тәртіпті жақтайтынын қашан білдірді?
4. Түркияның Демократиялық Республикасы қашан құрылды?
5. Түркияның Демократиялық партиясы жеңіске жеткен парламент сайлауы қашан болды?
6. Джемаль Баяр мен Аднан Мендерес қай жылдары саяси билікте болды?

***Жауаптары:*** 1) 1945 жылы 11 маусым; 2) 1946 жылы; 3) 1950 жылы; 4) 1947 жылы; 5) 1950—1960 жылдар; 6) 1946 жылы қаңтарда.

Екінші тақырыпша бойынша 1960—1990 жылдардағы Түркия Республикасының даму жолдарын түсіндіруде *сәйкестендіру тестін* ұсынуға болады.

1. 1950 жылы жекеменшік өндіріс өнімінің үлесі	42%
2. 1960 жылғы өнімнің үлесі	65%
3. 1950—1960 жылдары АҚШ-тың Түркияға берген экономикалық қарызы	1,6 млрд долл
4. Әскери қарыз ретінде берілгені	1 млрд
5. Түркия 1950 жылы қай жерден соғысқа әскери бригадасының бір бөлігін қатыстырды?	Бағдат блогынан
6. Түркия 1952 жылы қай блокқа мүше болды?	НАТО
7. 1954 жылы қай блокқа мүшелікке тіркелді?	Корея

Осылайша сәйкестендіру арқылы Түркияның шетел салымдарынан тапқан пайдасы мен сыртқы саясат саласындағы жетістігі түсіндіріледі.

Дегенмен де, демократиялық партия үкіметі саясатының халыққа жақпағандығын айта отырып, Анкара, Стамбұл, Измир, Эскишехир қалаларында жас офицерлердің жасырын ұйымдар құрғанын хабарлайды. Келесі тақырыпшаны ашуда *толықтыру тестін* пайдалану керек немесе таңдау мұғалім еркіне беріледі.

1. 1960 жылы мамыр айында Стамбұл, Анкара университетіндегі ереуілдер неден басталды?
2. 1966 жылғы 27 мамырда “Жас офицерлер” ұйымдары қай партияны саяси биліктен тайдырды?
3. 1971—1980 жылдары әскери төңкерістердің нәтижесінде қандай үкіметтің қызметіне жол ашылды?
4. 1970—1980 жылдар Түркия тарихында қиын кезеңдер деп аталуы неліктен?

Жауаптарды оқушылар оқулықты пайдалана отырып, өздігінен тауып қоюларына болады.

Үшінші тақырыпшада Тұрғыт Озал тұсындағы Түркияның экономикалық дамуын *дұрыс жауап таңдау тесті* арқылы беруге болады.

1. Тұрғыт Озал қай жылдары үкімет кенесшісі болып сайланды?	→	1) 1980 жылы
	→	2) 1978 жылы
	→	3) 1979 жылы
	→	4) 1981 жылы

2. 1983 жылы Тұрғыт Озал қандай партия құрды?

- 1) ХРП
- 2) Жұмысшы партиясы
- 3) Демократиялық партия
- 4) “Ана — Отан”

3. Тұрғыт Озал президенттік қызметте қай жылдары болды?

- 1) 1983 — 1987 жылдары
- 2) 1989 — 1993 жылдары
- 3) 1987 — 1989 жылдары
- 4) 1979 — 1983 жылдары

4. Республиканың экономикасын жандандыру шаралары қалай аталды?

- 1) “Түркия моделі”
- 2) “Швеция моделі”
- 3) “Жабық экономика”
- 4) “Ашық экономика”

5. Тұрғыт Озал қандай кәсіпорындарды жекешелендірді?

- 1) ірі өнеркәсіп орындарын
- 2) ұсақ кәсіпорындарды
- 3) кіші орта мемлекет кәсіпорнын
- 4) мұнай кәсіпорнын

6. Түркия бұйымдарының қандай деңгейін арттыруға тырысты?

- 1) импорттық деңгейін
- 2) экспорттық деңгейін
- 3) шикізат деңгейін
- 4) нарықтық деңгейін

7. Түркия экономиканы дамытуда қандай қатынасқа түсті?

- 1) социалистік
- 2) буржуазиялық
- 3) капиталистік
- 4) демократиялық

8. Түркиядағы қандай компания отбасылық негізде топтасты?

- 1) Самсунг
- 2) Түркуаз
- 3) Катев
- 4) Холдинг

9. Тұрғыт Озал ұлттық тарихта қандай атпен қалды?

- 1) “Тарихтың атасы”
- 2) “Өзгерістер атасы”
- 3) “Экономиканың атасы”
- 4) “Түркия моделі атасы”

10. Түркия Республикасы әлемде экономикалық көрсеткіштер бойынша нешінші орында?

- 1) 20 орында
- 2) 12 орында
- 3) 3 орында
- 4) 17 орында

Қазіргі Түркия жағдайына шолу жасалады, Қазақстанмен қатынасы БАҚ материалдарынан іріктеліп алынып, мұғалім тест түрінде береді.

Қосымша баламалы тест сұрақтарын да беруге болады. Бұл әдіске оқушы тек иә немесе жоқ деп жауап береді. Ондай әдіс жарыс сабағын өткізгенде өте пайдалы және уақыт үнемдеуге көмектеседі.

**Үйге тапсырма.** Тест сұрақтарын даярлау. Хрестоматиядан қосымша материалдар оқу.

## § 26. ИРАН. АУҒАНСТАН

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Иран мен Ауғанстанның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуына шолу жасау. Ішкі және сыртқы жағдайлардың шиеленісе түскендігін айта келіп, “Ақ революцияның” себептеріне, барысына, нәтижесіне талдау жасау. 1980—1990 жылдардағы саяси биліктің өзгерістеріне сипаттама беру.

Ауғанстанның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық және саяси даму ерекшеліктерін өңгімелеу.

**Дамытушылық.** 1978 жылы Сәуір төңкерісі мен Азамат соғысы, 1980—1990 жылдардағы елдің ішкі өмірін, оған КСРО-ның араласуын айта келіп, қазіргі жағдайдағы Қазақстанмен байланысына шолу жасау.

**Тәрбиелік.** Оқушыларды әр елдің даму ерекшеліктерін салыстыра отырып, тарихи алғышарттарға сын көзбен қарауға баулу.

### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, сұлба, кесте, оқулық хрестоматиясы және шетелдердің экономикалық географиясы.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Мемлекет меншігіне алу, мұнай консорциумы, “Ақ революция”, “Исламдық экономика”.

*Сабақтың түрі:* аралас сабақ.

**Сабақтың барысы:** мұғалім тақтаға сабақ жоспарын жазады.

**Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. Иранның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуы.
2. Ирандағы 1940—1950 жылдардағы халықтық қозғалыстар және Мосадық үкіметінің билігі.
3. “Ақ революцияның” әрекеті, себептері, барысы, нәтижелері.
4. Шах үкіметінің 1970 жылдардағы саясаты.
5. Иран Ислам Республикасының дамуы.
6. 1980 жылдардың басындағы Иран жанжалы, оған тойтарыс беру.
7. Қазіргі жағдайы.
8. Ауғанстанның 1950—1960 жылдардағы дамуы.
9. Экономикалық өзгерістер және Нәдір әулетінің биліктен кетуі.
10. 1978 жылғы Сәуір төңкерісі.
11. Ауғанстанда азамат соғысының басталуы.
12. Ауғанстанның 1980—1990 жылдардағы жағдайы.

Сабақ үй тапсырмасын бекіту, сұраққа жауап алу арқылы басталады.

1. Оңтүстік Азия елдері қандай жерді алып жатыр? (Саяси картадан елдердің орналасуын көрсетеді.)
2. Онда қандай халықтар тұрады және немен айналысады?
3. Үндістан, Пәкстан, Бангладеш, Мьянма қалай тәуелсіздікке жетті?
4. Ұлт-азаттық күресте кімдер жетекшілік еткен?

Соңғы бекіту сұрағын тақтада кесте түрінде толтырып, жауап беруге болады. Бұл әр елдің дамуындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ашуда маңызды. Кестені үй тапсырмасы ретінде беруге болады.

	Елдер	Дамуы	Бағыты	Жетістіктері
1.	Үндістан			
2.	Бангладеш			
3.	Пәкстан			
4.	Мьянма			
5.	Непал			
6.	Шри-Ланка			

Жаңа тақырыпты мұғалім кіріспеден бастайды. Сұрақтар қою арқылы Иранның, Ауғанстанның Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Екінші дүниежүзілік соғыс аралығындағы жағдайына шолу жасайды. 1925 жылғы төңкерісте Пехлеви

өулетінің билікке келуі туралы хрестоматия материалынан логикалық тапсырма қарастырылады. Төмендегі сұрақтарға жауап алынады.

1. Иран, Ауғанстан қашан тәуелсіздік алды?
2. Екі елде үкімет басына кімдер келді, саясаты қандай?

Бірінші тақырыпшада саяси картаны пайдалана отырып, халықаралық қатынаста, экономикалық-саяси дамудағы Иранның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1940—1950 жылдардағы өзгерістері баяндалады. Өсіресе, АИМҚ жетістіктеріне көңіл бөлінеді.

*Мақсаттары:*

- 1) АИМҚ мүлкін мемлекет меншігіне беру туралы заң.
- 2) М.Мосадықты премьер-министрлікке тағайындау (28/II. 1951 ж.).
- 3) Ағылшын қарсылығын бөсендету үшін М.Мосадыққа 6 айға төтенше билік беру.

2-тақырыпшадағы 1940—1950 жылдардағы халық қозғалыстары мен Мосадык үкіметінің шараларын сұлба түрінде түсіндірсе, оқушылардың есінде жақсы сақталады. Иранның ірі буржуазиясы мен помещиктері Мосадык үкіметіне қарсы төңкерістер жасап, оны 1953 жылғы 19 наурызда биліктен тайдыруын хрестоматия материалдарын пайдалана отырып әнгімелеуге болады. Дегенмен де, 1954 жылы АҚШ, Англия, Франция, Голландия компаниялары халықаралық мұнай консорциумын ұйымдастырып, Иран мұнай байлығынан көп табыс тауып отырғаны оқушылардың есіне салынады.

Үшінші тақырыпшада “Ақ революция” әрекетіне сипаттама беріледі.

*Себептері, мақсаты:*

АҚШ, Иран үкімет басшыларының шиеленісті жұмсарту үшін реформа жүргізуі және жаңартуы.

*Әрекеті:*

- 1) елді индустрияландыру;
- 2) жер мәселесін ретке келтіру;
- 3) ағарту;
- 4) денсаулық сақтау;
- 5) әйелдерге сайлау құқығын беру.

*Барысы:*

- 1) помещиктердің артық жері мемлекетке сатылды;

2) мемлекет помещиктерге алдын ала 70 млрд қаржы төлеп, олар осы ақшаны 15—20 жылдың шеңберінде қайтаратын болды;

3) 3,2 млн шаруа отбасы жер алды;

4) аграрлық реформа ауылдағы дәстүрлі қоғамдық қатынастарды түбегейлі өзгертіп, капиталистік құрылысқа көшірді;

5) ауылдағы тауарлы өнімді беретін ірі помещиктік шаруашылықтар жойылып, ұсақ, орта шаруалардың жұмысы жақсарды.

*Нәтижесі:*

1) азық-түлік мәселесі шешілмеді;

2) астықты шетелден сатып алуға мәжбүр болды;

3) миллиондаған шаруалар ауылдан қалаларға ағылды;

4) жұмыссыздар саны көбейді;

5) шах туыстары мен ірі буржуазия байыды;

6) елде қайшылықтар шиеленісті;

7) діншілдер үкіметке қарсы көтеріліске шықты;

8) 1979 жылы ақырғы революция жеңіп, шах билігі орнады;

9) Иран Ислам Республикасы жарияланды;

10) Елді діни басшы Р.Хомейни басқарды.

Келесі тақырыпша бойынша 1980—1990 жылдардағы Ирандағы “Исламдық экономика” туралы айтылады. Жекеменшік шаруашылықты жақтап, мемлекеттің қамқорлығына сүйенгенін, экономикалық дамуда жекешелендірумен қатар мемлекет бақылау әдістерін іске асырғандығын ашып беру керек. Содан кейін мұғалім 1990 жылдардың басында саяси билікке енген біршама өзгерістерге тоқталады. Мысалы, Хашеми Рафсанджанидің басқару мерзімі аяқталып, 1997 жылғы 5 тамызда президенттік қызметке Мохаммад Хатами келгені туралы әңгімелейді. Бұл туралы қосымша материалды оқулық хрестоматиясынан алуға болады.

Осы басшылардың тұсында исламдық тәртіп жұмсарып, елдің ішкі өмірі демократиялануға бет бұрғанына дәлелдер келтіре кеткен жөн.

Соңғы екі тақырыпшаны — Иран-Ирак соғысы және олардың қазіргі жағдайын мұғалім оқушыларға өздігінен ізденуге үй тапсырмасы ретінде беруіне болады. Қосымша материалдар, хрестоматия материалын пайдаланып, Иран-Ирак соғысының зардаптарын ашады және Иран революциясына сипаттама береді. Қазіргі Қазақстан—Иран

арасындағы қатынастар жөнінде осы елге Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылғы 31 қазандағы ресми сапары туралы хабарлама жасау тапсырылады.

Екінші негізгі тақырып — Ауғанстанның Екінші дүние-жүзілік соғыстан кейінгі экономикалық және саяси даму ерекшеліктерін қарастырады. Онда мынадай мәселелерге басты назар аудару ұсынылады:

1. Ауғанстан экономикасына Батыс Германия мен АҚШ капиталының енуі.
  - 1) Қаракөл терісін өндіру.
  - 2) Суландыру саласында құрылыстар салу.
  - 3) Жерді ауқатты шаруалардың меншігіне шоғырландыру.
  - 4) Ұсақ шаруалар, орташа өндіріс иелерінің оппозициялық топтар шебін құрды. 1947 жылы жастар қозғалысы қалыптасты.
2. 1950 жылғы “Ватан” атты саяси топтың құрылуы.

I топ — ұсақ буржуазия және буржуазиялық зиялы қауым өкілдері.

II топ — “Нидем Хальк”, “Ангар”, Мұхаммед Дауд басқарған “Ұлттық клуб” ұйымы. Нәтижесінде 1952 жылғы парламент сайлауында оппозициялық топтардың жеңілгендігі туралы айтылады.
3. М.Дауд тұсындағы өзгерістер.
  - 1) Батыс елдердің капиталын енгізді.
  - 2) Кеңес үкіметімен қатынасты жақсартты.
  - 3) КСРО-ның қаржы техникалық көмегіне сүйеніп, бесжылдық жоспарларды іске асырды.
  - 4) Елдегі саяси қайшылықтар және М.Дауд үкіметінің қызметтен кетуі.
  - 5) ХДП-ның құрылуы (1965 жылғы 1 қаңтар).

Бас хатшы — Нұр Мұхаммед Тараки, мүшелері — Бабрак Кармаль, С.Кештманд, Х.Амин.
  - 6) 1973 жылғы 17 шілдеде антимонархиялық әрекет жүзеге асып, Нәдір әулеті жоғарылап, Ауғанстан Республикасы жарияланады.
  - 7) 1978 жылғы 27 сәуірде ХДП бастауымен мемлекеттік төңкеріс болып, коммунистік ілімді жақтайтын саяси топтар үкімет басына келеді. Ел АДР болып жарияланады.

10-тақырыпша бойынша жұмысты мұғалім мынадай сұрақтар қоюдан бастайды:

1. 1978 жылы Сәуір төңкерісінің басталуына не себеп болды?
2. Басқарушы партиялар арасындағы алауыздық неден туындауы мүмкін?
3. Ауғанстан соғысы қашан басталды және қашан аяқталды?

Бұл сұраққа жауап беру оқулықпен жұмыс жүргізу арқылы немесе өздік білімдерін тексеру мақсатында жүргізіледі. Толық жауап алынбаған жағдайда мұғалім өзі әңгімелеп беруі тиіс.

Ауғанстанның 1980—1990 жылдардағы жағдайын түсіндіруде карта пайдаланылып, Наджибулла үкіметінің құлау себептері дәлелденеді. 1992 жылғы 28 сәуірде Кабулда құрылған уақытша үкімет және оның көсемі туралы баяндау кезінде хрестоматия материалынан үзінділер келтіру тиімді. Өсіресе, 1992 жылдан бастап Ауғанстандағы азамат соғысы Ұлтаралық соғысқа айналғандығы нақтыланады. “Исламның Ұлттық қозғалысы” саяси ұйымының мақсатын да ашып кеткен жөн. Ахмад-Шах Масуд кезіндегі Солтүстік Пәкстан ықпалында болған жас ауған діншілдері — талибандардың қозғалысы туралы әңгімелеу. Олардың Орта Азия өңіріндегі халықаралық қатынастарды шиеленістіргенін айтып өтеді. 1992 жылы Ташкент қаласында Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің арасында Ұжымдық қауіпсіздік келісімге қол қойылып, өздерінің тәуелсіздігін қорғау шараларын қарастырғандығы жөнінде айтып, қорытындылайды.

**Үйге тапсырма.** § 26-тың соңындағы сұрақтар мен сабақ барысында берілген тапсырмаларды орындау ұсынылады.

Қазақстан мен Иран қатынастары өзара тиімділік пен сенім негізінде дамуда. 2007 ж. қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Иран президенті М. Ахмадинежадпен екі жаққа бірдей тиімді келіссөздер жасалғандығы туралы қосымша тапсырма үйге беріледі.

## § 27. ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ. МОНҒОЛИЯ

### **Тақырыпты оқытудағы мақсат**

**Білімдік.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытайдың аумақтық бөлшектенуі, АҚШ бақылауында болған Гоминьдан партиясының үстемдігіне қарсы халық бұқарасының ұлт-азаттық көтеріліске шығып, Гоминьдан армиясын талқандауы, ҚХР-дың құрылуы туралы әңгімелеу. 1950 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге шолу жасай отырып, Мао Цзэдун басқарған ҚКП-ның құрылысына тоқталу, “зор секіріс” және “мәдени революция” кезе-

ніндегі ҚКП-ның әрекеттерін ашу. Сыртқы саясатта батыс елдерімен және Қазақстанмен ынтымақтастығын айту. Моңғолияның 1950—1990 жылдардағы даму өзгерістеріне шолу жасау.

*Дамытушылық.* Екі елдің даму кезеңдеріне сипаттама беріп, экономика, саясат салаларындағы қадамдарын талдау.

*Тәрбиелік.* Оқушыларды әр елдің даму ерекшеліктерін көре білуге, салыстыруға және өз еліндегі артықшылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* дискуссия сабақ.

### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, кесте, сұлбалар, картиналар.

Тақырыптың жоспары тақтаға жазылады. Бұл сабақта екі тақырып қарастырылатындықтан, алғашқы — Қытай тақырыбына толығырақ шолу жасап, келесі тақырыпқа сұрақтар бойынша үйден әзірленіп, пікірсайысқа мұқият дайындалып келу тапсырылады.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытайдың бөлшектенуі.
  1. Солтүстік-Шығыс Қытайда ҚКП-ның орнығуы.
  2. Қалған аймақтардағы Гоминьдан партиясының үстемдігі.
  3. Қытай ұлт-азаттық армиясының Гоминьдан армиясын талқандауы.
  4. Қытай Халық Республикасының құрылуы, ҚКП-ның үкімет басына келуі.
2. 1950 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер.
  1. ҚКП-ның 1949—1952 жылдардағы ұлттық-демократиялық революцияны аяқтауда алға қойған міндеттері.
  2. 1950—1952 жылдарда жүргізілген реформалары мен социалистік құрылыстың алғышарттары.
  3. Индустрияландыруды іске асыру.
3. Қытай Халық Республикасының саяси құрылысы.
  1. Жаңа Конституцияның қабылданылуы (1954 ж.) және ҚХР-дің саяси құрылымы.
  2. ҚХР “зор секіріс” және “мәдени революция” кезеңінде (1958—1969 жж.).
4. Қазіргі ҚХР-дің ішкі-сыртқы саясаты.
  1. 1988—1989 жылдардағы Пекиндегі халықтық қозғалыстар.
  2. 1990 жылдардың басындағы реформалар.
  3. ҚХР-дың сыртқы елдермен саяси және экономикалық қатынастары.
5. Моңғолияның 1950—1990 жылдардағы даму өзгерістері.
  1. Халық шаруашылығын дамыту.
  2. Индустрияландыру.

3. Ауылды кооперативтендірудің екінші кезеңі.
4. 1980—1990 жылдардағы МХР-дің экономикалық жағдайы және саяси даму жолдары.
5. МХР-дың “Ашық есік” саясаты, Қазақстан мен Моңғолия арасындағы байланыстар.

Мұғалім сабақты өткен тақырыптарды пысықтап, бекітуден бастайды. Оқушыларға сұрақтар қойылады.

Жауаптар мұғалім қорытындысымен бекітіледі де, жаңа сабақ материалына оқушылар назары аударылады.

Бірінші тақырыпша бойынша қартаны пайдалана отырып, Қытай аумағының Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында екі ірі саяси топтың бақылауында болғаны, Гоминьдандық үкімет АҚШ-тың арандатуымен Азамат соғысын бастағаны, халық бұқарасының ұлт-азаттық армиясының 1949 жылы Гоминьдан армиясын талқандағаны туралы баяндалады. 2-тақырыпша бойынша демократиялық жолмен жеңіске жеткен ҚКП мен ҚХР-дың жариялануы мен оның міндеттерін ашу керек. Аграрлы реформаға да назар аударта кеткен жөн. 1938 жылы қабылданған “зор секіріс” бағыты саясатының мәні түсіндіріледі. 1-кестені толтыру кезінде тақтаны пайдалануға болады.

1-кесте

Жылдары	“Зор секіріс” бағытының міндеттері	“Халық коммунасы” саясаты	Қайшылықтар	Мәдени революция әрекеттері
1959—1969				

Қазіргі ҚХР-дің ішкі-сыртқы саясатына шолу жасалады. Әсіресе 1988—1989 жылдардағы Пекинде және басқа қалаларда болған халықтық қозғалыстар, студент жастардың наразылықтары туралы айтылады. Сыртқы саясатта 1979 жылы ҚХР басшыларының Вьетнам елімен соқтығысына, КСРО және Қазақстанмен қарым-қатынасына тоқтала кеткен жөн.

Ал Моңғолия тақырыбы жоспар бойынша мұғалімнің көмегімен жалпылама түсіндіріледі.

**Үйге тапсырма.** Қосымша материалды пайдалана отырып төмендегі тапсырманы орындаңдар.

Жылдар	Мына оқиғалар қай жылы болды, сәйкестендіріңдер
1949 ж.	Қытайдағы азамат соғысы жылдары.
1946—1949 жж.	Қытайдағы Гоминьданмен соғыстың нәтижесі.
1976 ж.	Қытай Халық Республикасы құрылды.
1949 ж.	Мао Цзэдун қайтыс болған жыл.
1978 ж.	Қытайдағы экономикалық реформа болған жыл.
1950 ж.	Моңғолия экономикасы қашан тұрақты бес жылдық жоспарлар дәстүріне көшті?
1994 ж.	Моңғолия ауыл (дәрежесі) шаруашылығы бірлігі дәрежесіне көтерілді.
1948 ж.	Моңғолияда бір партияның басқаруы өзгерісі сақталып, мемлекеттік меншіктің барынша көтерілген жылдары.
1960 ж.	Моңғолияда жаңа конституция қабылданды.

## § 28. ҮНДІСТАН. ПӘКСТАН

### ***Тақырыптарды оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** Оңтүстік Азия елдерінің тәуелсіздікке жетуіне және олардың саяси-экономикалық даму жолдарына сипаттама беру. Үндістандағы саяси партиялар мен олардың бағдарламаларының мазмұнын түсіндіру. Неру бағытының халық үшін маңыздылығын аша отырып, ел ішіндегі қақтығыстар себебін нақтылау. Үндістанның сыртқы саясаты мен елдің қазіргі жағдайы туралы түсінік беру.

**Дамытушылық.** Пәкстанның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін егемендікке жетуін, ішкі және сыртқы саясатын өңгімелеу. 1960 жылдардың екінші жартысындағы Пәкстан-Үндістан соғысының себептерін аша отырып, Бангладеш елінің құрылуы, саяси-экономикалық өмірі туралы баяндау. Пәкстанның 1970—1990 жылдардағы дамуына шолу жасау.

Шри-Ланка, Мьянма, Непал елдерінің ішкі және сыртқы дамуындағы жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталу.

**Тәрбиелік.** Оқушыларға Оңтүстік Азиядағы тәуелсіздік үшін жүргізілген күрес туралы айтып, бостандық құнының соншалықты жоғары екендігіне көздерін жеткізу, азаттықты бағалай білуге тәрбиелеу.

### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, қосымша материалдар.

*Сабақтың түрі:* аралас сабақ.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Сатьяграха әрекеті, “Жасыл революция”, “20 бапты бағдарлама”, “Джаната парти”, “Халистан мемлекеті”, “Неру бағыты”, “қырғиқабақ соғыс”, Бутан-монархиялық елдер, секуляризм орнына “Исламға шексіз берілу” принципі.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Империализмнің отаршылдық жүйесінің құлауы. Азия мен Африкада егеменді мемлекеттердің құрылуы.
2. Үндістанның тәуелсіздікке жетуі және республика болып жариялануы.
3. Отаршылдық зардаптарын жою үшін Үндістан халық бұқарасының ереуілдері.
4. Үндістанның экономикалық дамуы.
5. Жаңа Үндістанның саяси жағдайы. Саяси партиялар, әлеуметтік дағдарыстар (1960—1990 жж.).
6. Үндістанның сыртқы саясаты. Кеңес Одағы мен Үндістан арасындағы қарым-қатынастар.
7. Оңтүстік Азия елдерінің тәуелсіздікке жетуі. Пәкстанның ішкі және сыртқы саясаты.
8. Пәкстан мен Үндістан арасындағы соғыс.
9. 1970—1971 жылдардағы оқиғалар және Бангладештің құрылуы, саяси-экономикалық өмірі.
10. Шри-Ланка, Мьянма, Непал елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Ішкі және сыртқы саясаты.
11. Қорытынды.

Мұғалім үй тапсырмасын кезекті тақырыптың соңындағы сұрақтар бойынша сұрайды немесе “Жеке тақырып сұрақтарына жауапты кім көп береді?” деген ойын сабақ барысында бекітуіне болады.

Ол үшін Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі мемлекеттердің (Үндіқытай, Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Тайвань, Гонконг, Сингапур) саяси-экономикалық тез даму себептері мен өндірістік тәсілдеріне орай сұрақтар дайындалады. Сабақ басталар алдында 7 оқушы тақтаға шақырылады. Дайындалып келген оқушыларды өз еріктерімен немесе іріктеп алуға болады. Сұрақ әр мемлекет “өкілдеріне” беріледі. Ол өз елдері жайлы қысқаша жауап беріп, көп балл жинауы керек. Соңында мұғалім қорытынды шығарып, оқушылардың Оңтүстік Азия елдерінен алған білімдерін саралайды. Бір оқушы есеп жүргізіп, тақтаға дұрыс жауаптарды түсіріп тұрса, жылдам есептеуге ыңғайлы.

Жаңа материалды оқыту тақырыпшен таныстырудан басталады. Бірінші тақырыпшадағы империализмнің отаршылық жүйесінің күйреуі туралы сұрақпен оқушылар география курсынан таныс. Сондықтан да алдымен кіріспеден бастап, сосын Үндістанның тарихына көшу керек. Оқушыларға мынадай сұрақтар беріледі:

1. Азия мен Африканың қай елдері 1940—1960 жылдары тәуелсіздікке ие болды? (Жауап бергенде, тек елдердің аттарын атап қана қоймай, оларды картадан көрсету керек.)
2. Екінші дүниежүзілік соғыс пен КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы жеңісінің ұлт-азаттық қозғалыстардың өркендеуіндегі маңызы қандай?
3. Азияда демократиялық мемлекеттер қалай пайда болды?

Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, тәуелсіз мемлекеттерді дүниежүзілік саяси картадан көрсетеді. Содан кейін мұғалім Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияның азаттық соғысы неліктен ұйымшылдығымен ерекшеленгендігін сұрайды.

Әрі қарай келесі тақырыпшаның барысында ағылшын лейбористерінің Үндістанға тәуелсіздік беруге ұмтылып, әскерлерін алып кету алдында Үндістанды 2 мемлекетке бөлгені, бірі — Үнді Одағы (бір топ провинция және княздықтар), екіншісі Пәкстан туралы тереңірек айтылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндістанға келген зардаптарға да көңіл бөлу керек (орташа жұмыс күшінің азаюы, 1942—1943 жылдардағы миллиондаған адам өмірін өкеткен аштық, шаруалардың кедейленуі). Одан кейін 1945 жылы бостандық үшін жаппай ереуілге шыққан Бенарес, Мадрас, Калькутта, Бомбей жұмысшыларының қақтығысына да оқушылардың назарын аудару керек. Осындай жиілеген халық толқуларынан 1947 жылы Үндістан өз тәуелсіздігіне қол жеткізгені жайлы айтылады. 1947 жылы 15 тамызға қараған түні Үндістанның әйгілі мемлекет қайраткері Дж. Неру Делидің Қызыл фортының үстінде үш түсті Үндістанның тәуелсіздік Туын көтерді. Неру халыққа қарата: “Түнгі уақытта, дүниежүзі халқы ұйықтап жатқанда, Үндістан өмірге бостандықпен оянады. Тарихы өзгеше кезең келе жатыр. Бұл біздің ескіні қалдырып, жаңаға көшуіміз, жаңа дәуіріміздің басталуы. Екі ғасыр бойы құлдық өмір кешкен, дамып шыға алмаған халық, енді сөз бостандығына да ие болады, Үндістандағы ағылшындардың 200 жылдық билігі аяқталды”, — деп жар салды.

Содан кейін оқушылар Үндістанның мемлекеттік құрылысымен танысады. 1950 жылғы Конституцияның қабылдануы мен 1950 жылғы 26 қаңтардағы Үндістан Республикасының құрылуы туралы қосымша материалдарды хрестоматиядан таба аласыңдар. Елде демократиялық билік жүйесі қалыптасып, көптеген саяси партиялар келе бастады (1-кесте).

1-кесте

**ҮҰК билігінде болғандар**

Кезеңі	Басшылар
1959—1964 жылдар	К.М.Ганди, Дж. Неру
1964—1966 жылдар	Л.Б.Шастри
1966—1984 жылдар	Нерудің қызы Индира Ганди
1984—1989 жылдар	Немересі Раджив Ганди
1991—1996 жылдар	Н. Рао

2-кесте

**ҮҰК конгресіне қарсы партиялар**

Кезеңі	Партиялар
1950 жыл	Жұмысшы-шаруа партиясы, Халық Конгресі, Социалистік партия
1957 жыл	Республикалық партия
1959 жыл	Сватантра партиясы
1967 жыл	Үнді революциялық партиясы
1977 жыл	Демократиялық Конгресс партиясы

Бұл партияларды 2-кесте түрінде жазып, сабақ барысында оқушыларға айта кеткен жөн. 1966 жылы қаңтарда Үндістанның премьер-министрі болып Дж. Нерудің қызы Индира Ганди сайланады.

Үнді университетінде, Швейцария мен Англияда білім алған Индира жас кезінен ұлт-азаттық қозғалысқа қатысады. 12 жасында конгреске көмек ретінде жас балалар қоғамын құрды. Оларға медициналық көмек көрсетіп, жалаулар тігіп, өз жәрдемін көрсетті. 1938 жылы ҮҰК-нің мүшесі, ал 1950 жылы Үнді Ұлттық Конгресінің төрайымы болды.

Үндістанның 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың ортасындағы саяси жағдайына шолуда 1970—1971 жылдардағы Пәкстан дағдарысына назар аударту керек.

Пәкстанның тәуелсіздік үшін күресін айта келіп, И.Гандидің “20 бапты бағдарламасының” билікке тиімді жақтарын, 1980 жылы сайлауда И.Гандиді қайта таққа әкелгенін көрсетуге болады. Сол кездегі Үндістанның ішкі қайшылықтары діни, ұлттық жағдайларды шиеленістіреді. Сикхтердің бүлікшілік әрекетін басуға байланысты Алтын шіркеуге әскери күштер енгізгені үшін 1984 жылы И.Ганди атып өлтірілді. Оның орнына Раджив Ганди келіп, “Неру бағытына” жаңалықтар енгізуге тырысты.

3-кесте

“Неру бағыты”. Р.Ганди
<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жекеменшік кәсіпшілікті дамыту.</li> <li>2) Жекешелендіруде ерікті қатынастарға бетбұрыс жасау.</li> <li>3) Шетел капиталына қосымша жеңілдіктер беру.</li> <li>4) Электрондық және экспортқа жарамды өнім шығаратын өндірістерді дамыту.</li> </ol>

4-кесте

Раджив Ганди тұсындағы елдің ішкі қайшылықтары
<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Сикхтер қозғалысы.</li> <li>2) Жамму мен Кашмир қақтығыстары.</li> <li>3) Уттар-Прадеш, Бихарда сияқты касталар арасындағы жанжалдар.</li> </ol>

Қайшылықтар 1991 жылы парламент сайлауын өткізу кезінде Тамил лаңкестері Р.Гандиді минаны жарып өлтіруімен аяқталды. ҰҰК жаңа жетекшісі Нарасимха Рао коалициялық үкімет құруға кірісті. Нарықтық қатынастар орнықты. Өнімсіз мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендірілді. 34 негізгі экономика салалары үшін шетел қаржыларына есік ашылды. Жекеменшік кәсіпкерлерге еркіндік берілді.

Н.Рао тұсындағы саяси жағдайды тұрақтандыруда жіберілген кемшіліктер, 1996—1999 жылдары үш парламент сайлауы өтіп, үш үкімет келіп-кеткені туралы айтылады. Раодан соң үкімет басына Р.Гандидің жесірі Соня Ганди келді. Бірақ ол үкімет билігіне ие бола алмай, жаңа үкімет билігі А.Б.Ваджпайға өткені туралы әңгімеленеді.

6-тақырыпшада әлемдегі бейбітшілікті нығайтуға қатысқан елдердің бірі Үндістан екеніне оқушылардың толық

көздерін жеткізу қажет. Өйткені олар 1950—1970 жылдарда Корея түбегіндегі, Үндіқытай аймағындағы, Таяу Шығыстағы соғыстарды тоқтатуға атсалысқандығын біледі және осы елдерді картадан көрсетіп, Азия, Африка халықтарына рухани көмек бергендігі жайлы әңгімелеуге де болады.

ҚХР-мен біріге отырып, Үндістанның ядролық соғысқа қатысуға ұмтылғандығы, кейіннен КСРО-мен де жақындасқандығы, АҚШ пен Қытайдың 1971 жылы 9 тамызда “Бейбітшілік, достық, ынтымақтастық туралы” шартқа қол қойғандығы ашып айтылады. Шығыс Пәкстан зұлымдығынан Пәкстанды бөлшектеуге күш салысқандығынан хабардар етіледі. 1980—1990 жылдар аралығындағы, әсіресе 1986 жылғы қарашада ядросыз күш жұмсалмайтын бейбітшілік принциптері туралы Дели декларациясын хрестоматиядан үйде оқып келуге беруге болады.

Үйден Қазақстан — Үндістан арасындағы байланыс туралы хабарлама дайындап, Пәкстан мен Оңтүстік Азия елдері туралы мәселелер келесі сабақта қарастырылады.

Оңтүстік Азияда бір топ елдер орналасқанын, олар мәдени-рухани дамыған, тарихы бірдей елдер екендігін бастапқы кіріспе ретінде айта кеткен жөн. Сонымен бірге өртүрлі дінге сенушілер топтасқандығын, дінге сенушілер құрамын 5-кесте түрінде беріп түсіндіруге болады.

5-кесте

**Үндістан халықтарының 1980 жылдардың басындағы діни құрамы**

№	Діни нанымдар	Саны
1.	Үндістер	82,7%
2.	Мұсылмандар	11,2%
3.	Христиандар	2,6%
4.	Сикхтер	1,9%
5.	Буддистер	0,7%
6.	Джайлықтар	0,5%

Пәкстан туралы айтатын болсақ, ол батыс елдерге ерік, тәуелсіздік беруді жақтаушы ретінде 4 рет әскери төңкерісті басынан өткізген. 1971 жылы Бангладеш Пәкстаннан бөлініп, жеке ел болып шықты. Әсіресе Үндістан мен Пәкстан арасындағы үш қырғын соғысқа, соның ішінде, Кашмир,

Жамму мәселесіне кеңірек тоқтала кету керек. Одан кейінгі тақырыпшада Пәкстанның тәуелсіздігі (1947 жылы 14 тамызда), оның екіге бөліну себептері ашып көрсетіледі.

Пәкстан мемлекетінің саяси қалыптасуы мен экономикалық-әлеуметтік дағдарысының себептерін үй тапсырмасы ретінде өздігінен анықтап жазып келу 1-2 оқушыға тапсырылады. Бұл мәселелер тақырыпты бекіту кезінде қосымша толықтырылады. Екі елдің 1965 жылдың жаз айында болған соғысына баяндама әзірлеуге тапсырма беруге болады.

Оқушыларды 4 топқа бөліп, жетекшілерін тағайындау керек. Әр топ Оңтүстік Азия елдеріндегі мемлекеттердің 1970—1990 жылдардағы дамуы, ішкі-сыртқы саясаты және қазіргі әлемдік мәселелердегі қарым-қатынасын анықтап, талдап келеді. Дайындық барысында тақырыптың соңындағы сұрақтарды басшылыққа алған жөн. Қосымша кесте, сұлбалар, тарихи құжаттар, хрестоматия материалдарын пайдалануға кеңес беріледі.

## § 29. АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азиядағы араб елдерінің жағдайы және ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде Сирия мен Ливанның тәуелсіздікке жетуі туралы әңгімелеу. Ирак пен Иордания елінің ішкі-сыртқы саясатындағы қайшылықтар мен Палестина мәселесінің мазмұнын ашуда соғыс кезінде арабтардың жеңілу себептерін нақтылау.

***Дамытушылық.*** Араб елдерінің 1960—1990 жылдардағы дамуында С.Хусейн саясатына мән бере отырып, Араб түбегіндегі елдердің тәуелсіздікке жетуі мен бірігуін ашып көрсету. 1970—1990 жылдардағы Араб елдерінің жағдайына тоқтала отырып, 1990 жылдардағы Палестина мәселесін реттеу үшін күрес пен Израиль мен Араб елдерінің арасындағы күрес салдарын түсіндіру.

***Тәрбиелік.*** Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдарды басшылыққа ала отырып, бағалаушылық қабілетті ұштау.

***Сабақтың түрі:*** аралас сабақ.

***Сабақтың әдісі:*** әңгімелеу, пікір-алысу, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс.

### **Көрнекі құралдар**

XX ғасырдағы дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, хрестоматия, кесте, сызба-кестелер, газет материалдары, иллюстрациялар.

### ***Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдар***

Бағдад пактісі, ағылшын-трансиордания шарты, мәлік-тік, “Ерікті офицерлер” жасырын ұйымы, “Эйзенхауэр доктринасы”, “социалистік бағдардағы даму жолы”, “қырғи-қабақ соғыс”, Кэмп-Дэвид процесі, қандыбалақ оқиға, “Жасыл кітап”, “Шынайы революциялық ислам мен араб”, “Халық бұқарасының қоғамы”, “дәстүрлі социализм”, Исламдық конференция ұйымы, қосылмаушылық қозғалысы, Араб Мағрибінің Одағы.

### ***Тақырыпты оқытудың жоспары***

1. Азиядағы Араб елдерінің соғыстан кейінгі жағдайлары (Ливан, Ирак, Сауд-Арабиясы).
2. Палестина мәселесі және арабтардың жеңіліске ұшырауы.
3. Азиядағы Араб елдерінің 1950—1960 жылдардағы дамуы. Ирак пен Иорданиядағы саяси тартыстар, 1958 жылғы революция.
4. Араб түбегіндегі елдердің отаршылық тәуелсіздікке жетуі, бірігуі.
5. Палестина мәселесін реттеу жолындағы күрес, Израиль саясаты.
6. Египеттегі революция және Азиядағы Араб елдерінің 1970—1980 жылдардағы саяси жағдайлары.
7. Египет — Израиль келісімдері. Х.Мұбарак кезіндегі Египет.
8. Азиядағы Араб елдерінің сыртқы саясаты және қазіргі жағдайы.

Жаңа тақырыпқа кіріспені картадан Азиядағы, Африкадағы Араб елдерін көрсете отырып бастайды. Бірінші тақырыпша Азиядағы Араб елдерінің соғыстан кейінгі жағдайларына сипаттама беру үшін сұрақ қоюдан басталады.

1. Соғысқа дейін Араб елінің шығысында кімдер билік жүргізіп келген?
2. Соғыс кезінде кімдер билік жүргізді? Себебі не деп ойлайсындар?

Ирактағы жағдайды баяндауда 1947 жылғы парламент сайлауы өтіп, монархияны жақтаушы партиялар басым орын алғандығы айтылады. Ағылшын — Ирак шартына қол қойылса да, ел ішіндегі жағдайдың шиеленіскендігі, ұлтшылдар мен демократтардың жазаланып, парламенттің таратылуын Нұр Саидтың 1950 жылдардағы әрекеті деп қарастыру керек. Соның салдарынан Фейсал әулеті мен оңшыл күштер жанындағы елдерді ұйымдастырып, Бағдад пактінің құруға қатысқандығын да айта кету орынды. Ал Сауд Арабиясын-

дағы жағдай түсіндірілгенде, оның бай мұнай сатушы елге айналуын нақтылайды және түбектегі тәуелді елдерді картадан көрсетеді (Оман, Аден, Кувейт, Бахрейн, Катар, Әмірліктер).

Иордания 1946 жылы ағылшын-трансирдания шарты бойынша тәуелсіздік алғаны әңгімеленеді. Иордан Хашимит мәліктігі Абдулла тақта отырса да Англияның ықпалында болғанын, әскери жағын ағылшын офицері Глабб пашаға беріп қойғандығын да оқушыларға түсіндіріп, естеріне салған орынды.

Тек 1947 жылғы Конституциядан кейін ғана ағылшын қарулы күштерін елден шығарады, Лондон тек керек кезде ғана әскерлерін енгізе алатын болды. Бұл жағдайға Египет халықтары қарсы тұрғанын, ереуілдер мен толқулар болған жерлердің мезгілдерін айтып, мұғалім картадан көрсетеді (Суэц каналы, Дельта аудандары). Одан кейін 1952 жылғы 23 шілдедегі төңкеріс туралы айтып, жетекшілерімен таныстырады.

Екінші тақырыпшада Палестина мәселесі және арабтардың жеңіліске ұшырау себептері қарастырылады. 1947 жылғы қарашада БҰҰ Палестинаны екіге бөледі. Бір бөлігі еврейлердің (Израиль), екіншісі арабтардың (Палестина) мемлекеті. Арабтар мойындамағанмен 1948 жылғы 15 мамырда Израиль ресми түрде жарияланып, енді Араб-Израиль соғысы басталғаны әңгімеленеді.

Бұл тақырыпшада Египеттегі 1952 жылғы революция үшін соғыс (1956, Израиль, Англия, Франция), 1958 жылғы Таяу Шығыстағы жағдайлар туралы әңгімеленеді. Әсіресе, оқушылардың назарын 1967 жылғы Израиль мен Палестина арасындағы соғыс және Израиль саясатына аудару керек. Палестина мәселесі 1990 жылға дейін шешілмей келді. Ұзаққа созылған дағдарыстар мен соғыстарға КСРО және АҚШ басшыларының араласуы Палестина мәселесінің біржақты реттелуіне жағдай жасағандығын айту керек. Қосымша материалдарды хрестоматиядан келтіруге болады. Х. Мұбарак кезіндегі Египет жағдайына оқушыларға үйден хабарлама жасап дайындалып келу тапсырылады. Иран мен Ирак арасындағы 8 жылдық соғысты оқытуда С. Хусейн саясатына тоқтала кеткен орынды.

Ливанда 1975 жылы азаматтық соғыс басталғаны, қақтығыстар жөнінде айтып, 1981—1982 жылдары тіптен өршіп кету себептерін де ашып көрсету артық емес.

Араб елдерінің 1990 жылдардағы жағдайы туралы сөз еткенде, Ирак әскерлерінің Кувейтті басып алу жолындағы соғыстары жайлы айтылады. АҚШ-тың араласуымен Ирак қарулы күштері талқандалып шегінгендігін айтып, оның қазіргі жағдайына да шолу жасап өткен оқушылар түсінігін молайта түседі.

**Үйге тапсырма.** Африкадағы Араб елдерінің 1945—1990 жылдардағы әлеуметтік-саяси өзгерістері, Ливия, Тунис, Алжир мемлекеттерінің тәуелсіздік күрестері мен дамуы туралы мәліметтерді жинақтау үйге тапсырма ретінде беріледі.

### § 30. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ — ХХІ ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

**Білімдік.** 1980 жылдардағы халықаралық шиеленістердің себептерін аша отырып, сол кездегі халықаралық жанжалдарға шолу жасау.

Соғысқа қатысқан елдердің бейбіт бітімдерін реттеудің маңызын аша келіп, әлі де озбырлық әрекеттерін жүргізу үшін құрылған әскери, саяси топтар мен қарулану жарысы туралы баяндау.

**Дамытушылық.** Ұлт-азаттық қозғалыс және оны КСРО-ның қолдауын нақтылай отырып, 1950—1960 жылдары “қырғиқабақ соғыс” кезіндегі қолданған ядролық қаруды қысқарту және қарусыздандыру мәселесіне тоқталу.

**Тәрбиелік.** Қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттай отырып, оқушыларды дүниежүзі халықтарының ұлттық әлеуметтік, бостандық, тәуелсіздік үшін жүргізген күрестеріне баға бере білуге, ынтымақтастыққа, ел тыныштығын сақтауға үлес қосуға баулу.

#### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, “Қазіргі дүниежүзі тарихына” арналған атлас карта, суреттер, кесте, кескіндемелер.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, хабарлама.

### **Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі беделі және халықаралық мәселелерді реттеу жұмыстары.
2. КСРО халқының бейбітшілік жүйеге көшуі және социалистік елдермен ынтымақтастығының арта түсуі.
3. Империалистік державалардың жаппай жаңа қаруды пайдалануға ұмтылуы.
4. Ұлт-азаттық қозғалыс және оны Кеңес Одағының қолдауы.
5. Империалистік елдердің сыртқы саясаттағы басқыншылық бағыттары.
6. “Қырғиқабақ соғыс” және 1950 жылдардағы жанжалдар.
7. Еуропадағы шиеленістердің бәсеңдеуі.
8. 1970—1990 жылдары халықаралық қатынастардың дамуы және аймақтық жанжалдардың өршуі.
9. Қазақстанның халықаралық қатынастардағы қазіргі жағдайы.

Тақырып мазмұнын нақтылап түсіндіруде алдымен Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы (1945—1949) халықаралық қатынастар мен 1950 жылдардағы қатынастар оқытылады.

Мұғалім сабақ кіріспесінде Екінші дүниежүзілік соғысқа шолу жасайды. Соғыс қорытындысына баға беру үшін оқушыларға мынадай сұрақтар қояды.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде күштердің қатынастары қалайша өзгереді?
2. Неге КСРО-ның сыртқы саясатта халықаралық маңызы өсті?

Өтілген материалды пысықтай отырып, мұғалім дүниежүзілік саясатты екі бағытта ашады.

1) Соғыс аяқталғаннан кейін КСРО-ның ықпалымен Румыния, Венгрия мен Болгарияның Социалистік даму жолына түсуі.

2) Осы мемлекеттердегі революциялық өзгертулер және Кеңес Одағымен ынтымақтастықтың орнауы.

1. 1945—1949 жылдары КСРО мен социалистік елдер арасындағы қарым-қатынастар қалай қалыптасты?
2. Экономикалық өзара көмек Одағының құрылуына не себеп болды?

Сондай-ақ мұғалім 1948 жылы достық, ынтымақтастық және өзара көмек келісімі Кеңес Одағымен, Румыния, Болгария, Венгрия, т.б. социалистік елдермен болғанын айта кетуі керек.

Дүниежүзіндегі бірінші конгресс және бейбітшілікті қолдаушылар туралы айта отырып, осы конгресте қабылданған манифестен үзінді келтіруге болады.

Соғысқа қатысқан елдер арасындағы бітімдерді реттеуде Германия мен Жапония мәселелеріне тоқтала кеткен орынды. Әсіресе Германияның 2-ге бөлу себептерін аша отырып, оның екі дербес мемлекет болып құрылғандығына тоқталу қажет.

Әскери саяси топтар құру және АҚШ пен КСРО арасындағы қарулану жарысына тоқтала кету керек. Жапонияға қарсы жұмсалған атом бомбалары жаппай қырып-жоятын жаңа қарудың пайда болғанын дәлелдеді. Империалистік ірі елдер бір-бірінен асып түсіп, қарудың жаңа түрлерін игеруге кіріскені туралы айту. Тақтаға қару жасаған елдерді жазып көрсету.

Қашан, қандай қару	Қай жерлерде
1949 ж., атом	КСРО, АҚШ
1952 ж., атом	Англия
1960 ж., атом	Франция
1964 ж., атом	Қытай
1974 ж., 1986 ж.,	Үндістан
1998 ж.	Пәкстан

Келесі тақырыпшада Кеңес Одағының және басқа социалистік елдердің арасындағы қатынастар қарастырылып, оқушыларға Варшава келісімін түсіндіріп, оның маңызын айтқаннан кейін, Солтүстік Атлант пактісі мен Варшава шартының айырмашылығы туралы айтылады.

Халықаралық қатынастар тақырыбын оқыту “қырғи-қабақ соғыс” пен 1950—1960 жылдардағы жанжалдар мәселесіне байланысты логикалық сұрақтар қоюмен жалғасады.

1. Империализмнің халықаралық шиеленістерді өз мүмкіндіктерімен шеше алмауын дәлелдендер.
2. 1950 жылдардағы оқиғалар қазіргі кезеңдегі соғыстардың болмауына қандай ықпалын тигізді?

Қорытындыда мұғалім ХХ ғасырдағы халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттың негізгі кезеңдерін көрсетуге, олардың халықаралық мөні мен маңызын ашып, жанжалдардың себептері мен салдарын, соғыстардың зардаптарын ашып көрсетуге міндетті.

#### ***Үйге тапсырма.***

1. КОКП-ның XV съезінде қарастырылған халықаралық даму мен КСРО-ның сыртқы саясатына қорытынды жасаңдар.

2. Осы қорытындылардың маңызы неде? Оқулықтағы тақырыптың соңындағы сұрақтарға жауап әзірлеу.

### § 31. XX ҒАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ, ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ

#### ***Тақырыпты оқытудағы мақсат***

***Білімдік.*** XX ғасырдың басындағы мәдениет дағдарыстарына тоқтала келіп, бұл дағдарыстың белгілері екі ағымның модернизм мен социалистік реализм түрінде өмір сүргендігін ашып көрсету.

***Дамытушылық.*** Ғылымның жаңа даму кезеңдерінің қоғамдық сана мен бұқаралық мәдениет қалыптастырудағы рөліне баға беру.

***Тәрбиелік.*** Әдеби шығармалар мен өнер туындыларының, ғылым саласындағы жаңалықтардың мәні.

***Сабақтың түрі:*** деңгейлік.

***Сабақтың әдісі:*** әңгімелеу.

#### **Көрнекі құралдар**

Дүниежүзінің саяси картасы, кесте, деңгейлік сұрақтар, карточкалар.

#### **Сабақтың барысы.**

I. Ұйымдастыру. Сыныпты сабаққа дайындау. Оқушылар көңілін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру. 5-6 оқушыға 1945—2013 жылдардағы халықаралық қатынастарға байланысты карточкалар таратып беру.

#### **Деңгейлі сұрақтар**

***I деңгей.***

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1940—1960 жылдардағы халықаралық жағдайға сипаттама бере отырып, антифашистік топтар ыдырап, өзара жауласуының себептерін анықтандар.
2. БҰҰ қашан, не үшін құрылды? Тарихтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы оның рөлі қандай?
3. Өскери-саяси топтар құру мен қару-жарақ жарысының ұлғаю себептері неде?

***II деңгей.***

1. “Қырғиқабақ соғыстың” басталу себептері неде?
2. Қай жылдардан бастап әлемдік шиеленіс бәсеңдей бастады?
3. 1960—1980 жылдардағы дау-жанжалдардың шиеленісу себептері неде?

***III деңгей.***

1. 1970—1990 жылдардағы халықаралық қатынастардың дамуы мен аймақтық жанжалдар не үшін болды?

2. Қандай оқиға халықаралық қатынастарды одан әрі өршітті?
3. Ядролық қаруды қысқарту және қарусыздану мәселесінде қандай келісімдер жасалды?

*IV деңгей.*

1. “Қырғиқабақ соғыс” қашан аяқталды? Қандай себептер көмектесті?
2. ХХІ ғасырдағы ең қауіпті жағдай және кең өріс алып отырған халықаралық лаңкестік әрекеттер қай елдерде жүзеге асырылуда?
3. Қазіргі заманда аймақтық және дүниежүзілік ықпалдастық үрдісі қалай дамуда?

**Тақырыпты оқытудың жоспары**

1. ХХ ғасыр басындағы қоғамдық сана мен бұқаралық мәдениет.
2. ХХ ғасырдағы ғылым мен техниканың дамуы.
3. ХХ ғасырдағы мәдениет пен ғылымның шарықтау кезеңі.

Сабақты түсіндіру барысында тақтаға сызба, кестелерді іліп қою қажет. Мұғалім кіріспесінде ХХ ғасыр басындағы дүниежүзіндегі саяси-әлеуметтік даму кезеңдеріне көңіл аудартады.



1914—1945 жылдар. Индустриялық қоғамның саяси-өлеуметтік дағдарысының басталуы.

1946—1975 жылдар. Индустриялық қоғамның саяси-өлеуметтік дағдарысының өрістеуі және терендеуі.

1975 жылдан кейін постиндустриялық қоғам құрылысына бетбұрыс жасалды.

Қазіргі кезең жалпы әлемдік өркениетті мәдениеттің шарықтаған кезеңі.

Тақырыптық жоспардың келесі тақырыпшасына тоқталсақ, XX ғасырда мәдениеттің жаппай қажеттілікке айналғанын айта келіп, төмендегі сызба бойынша ғылым мен техниканың дамуы қоғамдық дамуға қалай әсер еткенін әңгімелей кеткен орынды.


XIX ғасырда модерийстер мен социалистік реалистер қатар өмір сүргендігін айта келіп, мұғалім XX ғасырдағы бұқаралық мәдениетке өтудің маңызды кезеңі болғандығын сызба арқылы ашып көрсетеді.

Сөйтіп, ғылым қоғам дамуының күшті факторына айналды және үкіметтің қоғамдағы ең ұтымды құралдарының бірі болды.

Келесі тақырыпшада XX ғасырдың 70-жылдарындағы ғылым дамуының жаңа кезеңі басталады.

Ғылым әлемдік өркениет өзгеруінің үш жақты тірегіне айналғандығына назар аударар отырып, сабақты қорытындылайды.

XX ғасырдың соңында социалистік жүйенің тірегі болған КСРО ыдырады, тоталитарлық жүйе келмеске кетті. Әлемнің барлық бөлігінде нарықтық капиталистік экономика орнықты. Сөйтіп, жалпы әлемдік біржақты өркениеттік негіздің жобасы қаланды. Мұндай өркениет барлық елдердің теңдігін жақтап, халықаралық құқықтың беріктігін мықтап ұстауға көмектесетін болады.



## ГЛОССАРИЙ

**Аннексия** (лат. *annexio* — қосып алу) — соғыста жеңген елдердің жеңілген елдің жерінің бір бөлігін өзіне қосып алуы, әділеттілікті қалпына келтіруі үшін соғыстың шығынын өтеу керек деп саналған.

**Антанта** (франц. *entente* — келісім) — 1904 жылы құрылған ағылшын-француз одағы. Кейін 1907—1917 жылдары Англия, Франция, Ресей бірігіп әскери-саяси одақ құрды. Бірінші дүниежүзілік соғыста 23 мемлекет Антанта елдерімен бірігіп, Германиямен оның одақтастарына қарсы соғысты.

**Ақ гвардияшылар** — Қазан төңкерісінен кейін большевиктерге қарсы құрылған әскери күш.

**Бас көтеру, ереуіл** — жұмысшы табының экономикалық және саяси құқықтары үшін жүргізетін күрес әдісі. Өз талаптарын орындатқанша жұмысты тоқтатып, кәсіпорын иелерін келісімге келуге мәжбүрлеу.

**Буржуазия** (франц. *bourgeoisie* — мешан, қала тұрғыны) — пайда табу үшін кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың бір тобы, белгілі бір тап иесі. Еуропа елдерінде: Англияда XVII ғасырда, Францияда XVIII ғасырда қалыптасты.

**Волюнтаризм** (лат. *voluntas* — ерік) — философиядағы бір бағыт. Объективті жағдайларды ескермей жүргізген жеке адамның іс-әрекеті.

**Гегемония** (грек. *hegemonia* — үстемдік) — саясат пен халықаралық қатынаста басшылық рөлін атқарушы. Большевиктер бұл сөзді революциядағы жұмысшы табының үстемдігі деп түсіндірді.

**Генералиссимус** — ең жоғары әскери шен. Бұл шен 1945 жылы 26 маусымда Кеңес өкіметі кезінде енгізілді. 1945 жылы 27 маусымда бұл шен И.В.Сталинге берілді.

**Декларация** (лат. *declaratio* — мәлімдеме) — мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатының бағытын ресми түрде мәлімдеу.

**Декрет** (лат. *decretum* — қаулы) — мемлекеттің жоғарғы органының шығарған Заң актілері. (Мысалы, “Жер туралы” Декрет, “Бітім туралы” Декрет — 1917 жылы 27 қазанда Кеңестердің II съезінде қабылданған.)

**Диссидент** (лат. *dissidens* — қарсылық) — басқаша ойлау, біздің елімізде 70-жылдарда кең етек алды. Диссиденттік бағыттың өкілдері қудаланып, көпшілігі шетелдерге кетуге мәжбүр болды.

**Индустрияландыру** — 1) ірі, техникалық жағынан дамыған өнеркәсіп құру; 2) ірі машиналы өндіріске негізделген экономиканы құру үрдісі.

**Картель** (франц. *cartel* — құжат) — кәсіпорындардың бірігуі, монополияның бір түрі. Кәсіпорынның өз дербестігін сақтай отырып, өнімді өткізу мен өнімнің мөлшерін белгілеу, жұмысшы жалдау үшін құрылған бірлестік.

**Кеңестер** — 1905—1917 жылдары пайда болған сайлауға негізделген саяси ұйым. Мысалы, Шаруа депутаттарының кеңесі, Солдат депутаттарының кеңесі.

**Коррупция** (лат. *corruptio* — сатып алу) — жеке басының баюы үшін заңды бұза отырып, қызметін пайдалануы.

**Кулак** — сату, сатып алумен айналысатын, шаруашылықты іскер жүргізетін шаруалардың бір тобы.

**Ленд-лиз** — 1941 жылы 1 қазанда АҚШ, Англия, КСРО арасында болған келісім. Келісім бойынша қару-жарақ, оқ-дәрі, шикізат, азық-түлік пайдалануға қарыз берілді.

**Либерализм** (лат. *liberalis* — ерікті) — саяси-идеялық ағым. Қоғам мен мемлекеттік құрылысты бейбіт жолмен қайта құру жолдарын қарастырады.

**Құрылтай жиналысы** — Ресейде Ақпан революциясынан кейін парламент қызметін атқарған. 1918 жылы 5(18) қаңтарда Петроградтағы Таврия сарайында мәжілісін ашқан. 1918 жылы 20 қаңтарда БОАК-тың декретімен таратылды.

**Модерн** (лат. *moderne* — жаңа, қазіргі) — XIX—XX ғасырларда пайда болған өнердегі бағыт. Бұл бағыттың өкілдері сәулетшілер мен суретшілер, өмірде ынғайлы әрі әдемі нәрселерді жасау үшін оны табиғатпен тығыз байланыстыра қарастырған.

**Оккупация** — қарулы күштердің көмегімен қарсыластардың аумағын уақытша басып алу.

**Орта шаруа** — шаруа, бай-кулактар мен кедей шаруалардың ортасындағы топ. Жалдамалы еңбекті пайдаланбай өзін-өзі қамтамасыз ететін әлеуметтік топ.

**Өзара Көмек Кеңесі** (ӨКК) — 1949—1991 жылдар аралығында өмір сүрген социалистік елдердің экономикалық одағы. ӨКК-нің мүшелігінде Албания 1961 жылға дейін, Болгария, Венгрия, Вьетнам, ГДР 1990 жылға дейін, Куба, Моңғолия, Польша, Румыния, КСРО, Чехословакия 1991 жылға дейін болды. Хатшылығы Мәскеуде орналасты.

**Ратификация** (лат. *ratus* — бекіткен) жоғарғы үкімет органының халықаралық келісімді бекітуі.

**Реквизициялау** (лат. *requisitio* — талап ету) — дүние-мүлікті күштеп уақытша мемлекеттің меншігіне алу.

**Репрессия** (лат. *repressio* — басып-жаныштау) — қатыгездікке негізделген, мемлекет тарапынан басқаша ойлаушыларға қарсы бағытталған жазалау әрекеті.

**Салғырт** (азық-түлік салғырты) — ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау үшін “әскери коммунизм” саясаты кезінде (1918—1920 жж.) құрылған жүйе. Салғыртың мәні — шаруалардың нақты бағамен артық өнімді мемлекетке өткізу міндеттілігі.

**Салық** (азық-түлік салығы) — 1921 жылы салғыртың орнына енгізілді. Жаңа экономикалық саясаттың көрінісі. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда азырақ болды, артық өнімді сатуға рұқсат берілді.

**Сепараттық келісім** — басқа одақтастарымен келіспей қарсылас елдердің бірімен жасалған бітім.

**Синдикат** (лат. *syndicatus* — өкілетті) — Ресейде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған монополияның бір түрі. Шығарған өнімнің саны мен өткізу бағасын белгілеп, сату жағдайларын келісу үшін құрылған еркіндігі бар өндірістік бірлестік.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
----------------	---

### I бөлім. Еуропа және Америка елдері (1914—1939 жж.)

§ 1. Бірінші дүниежүзілік соғыс .....	4
§ 2. Версаль-Вашингтон жүйесі .....	12
§ 3. Ұлыбритания .....	14
§ 4. Франция .....	19
§ 5. Германия .....	25
§ 6. Италия .....	30
§ 7. Кеңес Одағы .....	32
§ 8. Америка Құрама Штаттары .....	38

### II бөлім. 1918 — 1945 жылдардағы Азия және Африка елдері

§ 9. Жапония .....	44
§ 10. Түркия .....	48
§ 11. Қытай. Моңғолия .....	52
§ 12. Иран. Ауғанстан .....	58
§ 13. Үндістан .....	61
§ 14. Азия мен Африкадағы Араб елдері .....	66
§ 15. Екінші дүниежүзілік соғыс .....	69

### III бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа және Америка елдері

§ 16. Ұлыбритания .....	72
§ 17. Франция .....	79
§ 18. Германия Федеративтік Республикасы .....	82
§ 19. Италия .....	90
§ 20-21. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері .....	93
§ 22. Кеңес Одағы. Ресей Федерациясы .....	97
§ 23. Америка Құрама Штаттары .....	103

### IV бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы — XXI ғасырдың басындағы Азия және Африка елдері

§ 24. Жапония .....	109
§ 25. Түркия .....	114
§ 26. Иран. Ауғанстан .....	118
§ 27. Қытай Халық республикасы. Моңғолия .....	123
§ 28. Үндістан. Пәкстан .....	126
§ 29. Азиядағы Араб елдері .....	132
§ 30. XX ғасырдың екінші жартысы — XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық қатынастар .....	135
§ 31. XX ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің дамуы .....	138

Глоссарий .....	141
-----------------	-----

*Учебно-методическое издание*

**Нугманова Нагима Сахановна  
Кулипбаева Канымхан Токеновна  
Бекиш Раухан Мухамедьяровна**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

**Методическое руководство**

Пособие для учителей

9 классов общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Третье издание, переработанное, дополненное

Редакторы *А. Тажидаева*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Булатов*  
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*  
Корректоры *А. Тұрлыбекова*  
Компьютерде беттеген *Е. Өзенбаев*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 3500

Басуға 24.16.13 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 7,56.  
Шартты бояулы беттаңбасы 7,66. Есептік баспа табағы 7,80.

Таралымы 4000 дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz